Сүннеттің діндегі орны

Суюти



ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

СҮННЕТТІҢ ДІНДЕГІ ОРНЫ

Алматы 2010

УДК 28
ББК 86.38
С 89

Бас редактор: Батыржан МАНСҰРОВ
Сарапшы редактор: Саясат КӨКЕНАЙ
Қазақ тіліне тәржімалаған: Файзулла ТАЙТЕЛИЕВ
Компьютерлік теру: Нұрбол ШАЙҚЫҰЛЫ
Көркемдеуші: Жандар РАШИТҰЛЫ

Сүннеттің діндегі орны, Суюти.
- Алматы: «Хикмет» баспа үйі, 2010. 112 б.

ISBN 978-601-7094-46-1

Хазірет Пайғамбар (с.а.у.) дүние салғаннан кейін өте қысқа мерзім ішінде, сүннеттің сапасы, рөлі мен маңызына байланысты талас-тартыстар туындап, қазіргі күнімізге дейін жалғасын тауып келеді. Тартысып келе жатқан ағымдарға жеке-жеке тоқталмай, жалпылама топ ретінде қарайтын болсақ, тартыстың бір жағына сүннетті дәлел ретінде қабылдайтындарды, екінші жағына қабылдамайтындарды қоюға болады.

Хадисті дәлел ретінде қабылдамайтындарға қарсы жүргізілген жазба түріндегі еңбектердің ішіндегі маңыздыларының бірі ретінде X/XYI ғасырдағы Ислам ғалымдарының бірі Суютидің (ө. 911/1505) **«Мифтахул-жәннә фил-ихтижаж бис-сүннә»** деген еңбегін айтуға болады. Бұл еңбектің осы тақырыптарға байланысты қалам тартылған кітаптардан ерекшелігі, алғашқы ғасырлардан бастап Ислами еңбектерде орын алған сүннеттің дәлел болуына байланысты келтірілген хадистер мен көзқарастарды жинақтағандығында жатыр. Осы тұрғыдан қарағанда дара әрі көлемді еңбек болғандығы үшін, алғашқылардың қатарына жатады. Сондай-ақ, Суютиден кейін ғалымдар мен ізденушілердің диссертациялық жұмыстарына арқау болуы еңбектің құндылығын көрсетуде.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7094-46-1

СУЮТИ

Толық аты-жөні, Абдуррахман ибн Кәмал ибн Әбу Бәкір. «Жәлаледдин әс-Суюти» деген атпен танымал. 1445 (һ. 849) жылы Каһирада дүниеге келген.

Өз дәуірінің Шам, Хижаз, Йемен, Үндістан мен Мағриб сияқты білім орталықтарын аралап, әсіресе тәпсір, хадис, фиқһ пен араб тілі білімдерін жетік меңгерген. Өмірі бойынша оқып, оқытып, артында көптеген еңбектер қалдырған. Қартайған шағында, ғибадатқа беріліп әрі жинақтау тасниф жұмыстарымен айналысты. Өзінің жетік білетін салалары бойынша үлкенді-кішілі көптеген еңбектер жарыққа шығарды. «Жәләләйін Тәпсірі» деп танылған еңбектің екі жазушысының біреуі. «әд-Дүррул-мәнсур», «әл-Иткан» және «Тарихул-хуләфа» атақты еңбектерінің бірнешеуі ғана. Мұсылман ғалымына жарасымды көркем мінез бен салмақтылық сияқты асыл қасиеттерді бойына жинаған Суюти, 1505 (Һ. 911) жылы Қаһирада дүние салды.

АУДАРМАШЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Хазірет Пайғамбар дүние салғаннан кейін өте қысқа мерзім ішінде, сүннеттің сапасы, рөлі мен маңызына байланысты талас-тартыстар туындап, қазіргі күнімізге дейін жалғасын тауып келеді. Тартысып келе жатқан ағымдарға жеке-жеке тоқталмай, жалпылама топ ретінде қарайтын болсақ, тартыстың бір жағына сүннетті дәлел ретінде қабылдайтындар, екінші жағына қабылдамайтындарды қоюға болады.

Жалпы айтқанда сүннетті діннің Құраннан кейінгі екінші қайнар көзі ретінде қабылдаған Ислам ғалымдары, сүннетті түп тамырымен жоққа шығарып яки хадистің сапасы толық сақталмаған деген сияқты сөздерге қарсы күресіп, сөз жүзінде кейде жазулы түрде де тойтарыс беріп отырған. Көбінесе жазулы түрде қарсылық берілген еңбектер, Исламның жазба тарихының ішінде ертеректе «Китабус-сүннә», «Китабул-иғтисам», «Китабул-иман» деген сияқты аттармен кейбір негізгі хадис кітаптарында бір бөлім түрінде орын алған немесе жеке еңбек ретінде жазылған. Мәселенің теориялық тартысы, хадис, фиқһ әрі кәлам ғылымдарына байланысты жазылған әдістемелік кітаптарының шеңберінде өрбіген.

Міне хадистің сапасы, рөлі мен дәлел ретінде қолданылатындығы яки толығымен (хадисті дәлел ретінде) қабылдамайтындарға қарсы жүргізілген жазба түріндегі еңбектердің ішіндегі маңыздыларының бірі ретінде X/XYI ғасырдағы Ислам ғалымдарының бірі Суютидің (ө. 911/1505) «Мифтахул-жәннә фил-ихтижаж бис-сүннә» деген еңбегін айтуға болады. Ауқымды түрде жазылған бұл еңбектің осы тақырыптарға байланысты қалам тартылған кітаптардан маңызды ерекшелігі, алғашқы ғасырлардан бастап Ислами еңбектерде орын алған сүннеттің дәлел болуына байланысты келтірілген аят пен хадистермен бірге хадис, фиқһ, кәлам және сопылық сияқты әр түрлі білім шеңберінде кең тараған көзқарастарды жинақтандығында жатыр. Осы

тұрғыдан қарағанда дара әрі көлемді еңбек болғандығы үшін, алғашқылардың қатарына жатады. Араб және түрік тілдерінде оншақты рет басылып, оқырманның көкейінен шыққан бұл еңбек, Суютиден кейін ғылымға құштар ғалымдар мен ізденушілер үшін диссертациялық жұмыстарға да арқау болуы еңбектің құндылығын көрсетуде.

Дегенмен Суюти аталмыш еңбегінде өзінен бұрынғы жазылған еңбектерде орын алған риуаяттарды жинақтағанымен, сол риуаяттардың дұрыстығы жағына мән бермеген. Бірақ осы тақырыптағы сахих хадистермен қатар өкінішке орай кейбір сүннеттің дәлелділігін көрсете алмайтын сахих емес риуаяттарды да алған. Осылай бола тұра еңбекте келтірілген аяттар мен сахих хадистер, сүннеттің сапасы мен рөлін және маңыздылығын көрсету жағынан жеткілікті дәрежеде деуге болады.

Біздің зерттеу жұмыстарымызға қарағанда бұл еңбек, араб тілінде жеті рет жарық көрген. Алғаш рет 1343/1924 жылында Мысырда «Мәжмуатур-рәсаилил-Мүнирия» ішінде басылған. 1347/1928 және 1353/1933 жылдары Мысырда Мүнирия басылымын негізге ала отырып екі рет басылған. 1402/1982 жылы Мадинада тағы да, 1347/1928 жылғы нұсқасынан офсет басылымы жасалған. Доктор әс-Сәйд әл-Жәмилидің кішігірім өңдеуінен кейін 1980 жылы Мысырда басылған. Мұстафа Абдулқадыр Атаның көз жүгіртіп, тексеруімен 1407/1987 жылы Бәйрутта; Абдуррахман Фаһуридің тексеріп, өңдеп, анализ жасап, алғы сөз жазуымен 1410/1990 жылы; Бәдір ибн Абдуллаһ әл-Бәдридің өңдеп шығып, қысқаша кіріспе сөзімен «Мифтахул-Жәннә фил-Иғтисам бис-Сүннә» деген атпен – 1414/1993 жылы Бәйрутта жарық көрген.

Осы кітаптың екі рет түрік тіліне аударылып, үш рет басылғандығынан хабардар болдық. Біріншісі, Юксел Кылышасланның аударғаны «Ақидада Сүннеттің орны» деген атпен 1987 жылы Стамбулда басылған. Екіншісі Әнбия

Йылдырымның аударғаны «Сүннеттің Исламдағы орны» деген атпен 1992 және 1996 жылдары тағы да Стамбулда басылып шыққан.

Хадис пен сүннет мәселесінің талас тудырып тұрған мына қарбалас заманда, Суютидің аталмыш кітабы, ең алдымен түсінікті тілде оқырман қауымға хадис пен сүннет жайлы дұрыс ұғым қалыптастыруға көмектеседі. Осы мақсатта қолға алынған кітаптың тексеруден өтіп, дұрыс деп танылған бір нұсқаның 1347/1928 жылы басылған түрі мен әрі 1401/1982 жылы Мадинада қағазға басылып шыққан нұсқасын негізге алдық. Бір айта кетерлігі, осы нұсқада көрсетілген аят, хадис, еңбектер мен сөздердің қайдан алынғандығына сілтеме жасалмаған екен. Біз осы олқылықтың орнын толтырып, қайдан алынғандығын көрсетуге тырыстық. Таба алмағандарымызды да белгілеп бердік. Аяттардың нөмерін, аты мен сүрелердің реттік сандарын да көрсеттік. Аты қойылмаған кейбір тақарыпшаларды мазмұнына қарап, тақырыбын қойдық. Араб тілінде жарық көрген аталмыш нұсқада баспа тарапынан кеткен қателіктерге түзету жұмыстарын жүргіздік. Түзеткен жерлерімізге аудармашының сілтемесі деп көрсеттік. Кейбір жерлерде адамның аты мен жердің есімдеріне толықтырулар мен түсініктемелер бердік. Кітапта кейбір атақты тұлғалардың дүние салған жылдарын тапқандарымызды һижри/милади түрінде көрсетуге тырыстық.

Аудармамыздың басында қысқаша түрде Суютидің өмірбаянын, кітаптың соңында аталмыш кітапты өңдеу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімін беруді жөн санадық.

Еңбегіміздің пайдалы болуынан үміт етіп, осындай еңбектердің бұдан кейін де жалғасын таба беруін Жаратушы Аллаһтан тілеймін!

Доцент. док. **Емин Ашыккутлу**

Қараша 2003 ж.

КІРІСПЕ

Бисмилләһир-рахманир-рахим.

Нақ сүйенерім Аллаһқа хамд, елеулі құлдарына сәлем болсын!

Аллаһ сіздерге мейірім берсін; мына жайтты ұмытпаған жөн, дауасы мол білім бар; әжетхана сияқты пікір бар; олар тек қана қажетті кезде ойға келеді. Міне осындай пікір, қазіргі таңда қайта өзекті мәселеге айналып отыр. Кейбір шеттен шығушылар пайғамбар сүннетін дінде дәлел ретінде келтіруге болмайды, бір ғана бұлақ көзі Құраннан басқа дәлел жоқ деп жүр. Олар осы ойларын дәлелдеу үшін «Менен сендерге жеткен хадистерді Құранға салып көріңдер. Құранда негізі бар жайттарды қабылдап, өзгесін тәрк етіңдер»[1] деген ойдан шығарылған хадисті алға тартады. Мен бұл ойды өзгелер сияқты олардан өз құлағыммен естідім. Өкінішке орай кейбіреулер мұның сырын біліп тұрса да білмегендей көз жұма қараса, кейбіреулер мұның негізінде қандай арам пиғыл жатқанын білмейді. Міне осы пікірдің негізін айқындау, бұрыстығын дәлелдеу, мұның қауіпті тұстарын көрсетіп беру үшін қолға қалам алып отырмын.

Аллаһ Тағала сіздерге мейірімін төксін; мейлі сөз жүзіндегі, мейлі амал жағынан болсын, әдістемелік кітаптарда айтылған шарттарға сай келетін хадистердің дәлел екендігін мойындамайтындар, күпірлікке жол беріп, Ислам шеңберінен шығатынын ұмытпаңыз. Олар Яхуди, Христиан яки қарсылықпен ғұмырын өткізген кәпірлер тобырымен бірге қайта тіріледі.

Бір күні Имам Шафи бір хадис риуаят етіп, ол хадистің сахих екенін айтады. Сол кезде бір адам Шафиден «Ей,

---

1. Осыған ұқсас риуаяттар үшін қараңыз. Шафи, әр-Рисала, 224 б; Дарәқутни, Сүнән IY, 209 б; Ажулини, Кәшфул-Хафа I, 89 б.

Әбу Абдуллаһ! Сенің бұған көзқарасың қалай?» деп сұрағанда, Шафидің түрі бұзылып, ашулы кейіппен әлгі адамға «Сен мені Христиан деп ойлап тұрмысың? Әлде сен менің шіркеуден шыққанымды яки беліме зұннар[2] тағып жүргенімді көрдің бе? Расулуллаһтың хадисі тұрғанда, менің көзқарасымның қандай маңызы бар» деп қарсылық білдіреді.

Діннен безгендер мен кейбір шектен шығушылардың алға тартып жүрген негізсіз ойлары қысқаша айтқанда төмендегідей:

Дінде сүннетті дәлел ретінде қолдануға болмайды; бір ғана дәлел бар ол – Құран.

Осы көзқарасты ұстанатындардың бір бөлігі негізінде хазірет Алиге (р.а.) берілуге тиісті пайғамбарлықтың, уахи әкелетін Жәбірейіл періште қателесіп хазірет Мұхаммедке берілгендігін айтса, енді біреулері пайғамбарлық Мұхаммедке (с.а.у.) берілгендігін мойындағанымен, ол дүниеден өткеннен кейін алғашқы халифалық хазірет Алиге берілу керек еді, сахабалар хазірет Әбу Бәкірді халифа етіп тағайындап үлкен ағаттыққа жол берген, деп осы істері үшін сахабаларды кәпір деп кінәлайды. Тіпті сол малғұн нәсіпсіздер, одан сайын шектен шығып, ақысын біреуге беріп өз орнын ала алмағандықтан хазірет Алиді де кәпір деген. Міне осындай себептерге байланысты «кәпір» деп есептейтін топтың яғни сахабалардың риуаят еткен хадистерін алмайды.

Шынтуайтына келгенде мұсылмандардың ғасырлар бойы бәлесі жұғады деп жақындамай жүрген осындай пікірлерді қайтадан қозғауды жөн санамаймын. Алайда олардың қолмен түртсе құлайтын дуал сияқты ойларын дәлелдеулері мені осындай іске баруыма итермеледі.

2. Христиандардың белдеріне байлап алатын символдық белбеу (аудармашыдан).

Атақты төрт мәзхабтың имамдарының дәуірінде және солардан кейінгі замандарда да сүннетті мойындамай тек қана Құран дәлел бола алады дегендер көптеп шыққанымен, мәзхаб имамдары дәрістерінде, талдау жұмыстары мен еңбектерінде, мұндай адамдардың пікірлеріне үзілді-кесілді қарсы болған. Аллаһ қаласа сол пікірлердің бір қатарына тоқталып өтетін боламын. Жетістік бір Аллаһтан.

ИМАМ ШАФИДІҢ СҮННЕТ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСЫ

Имам Шафи (ө. 204/819) «әр-Рисала» атты еңбегінде былай деген:

«Аллаһ дінін жеткізуші етіп елшісін жіберіп, оған мойынсұнуды парыз, қарсы шығуды харам еткен. Бір жағынан, **«Аллаһқа және елшісіне иман келтіріңдер»**[3] және **«Мүміндер тек қана Аллаһқа және Елшісіне иман келтіреді»**[4] деп, өзіне иман келтіруден кейін Елшісіне иман келтіруді айтып, өз алдындағы оның мәртебесін білдірген. Осылайша діннің негізі болып есептелетін иманның әу бастағы кемелдігін, алдымен Аллаһқа, артынан елшісіне итағат ету керек деген шартпен бекіткен».[5]

Шафи дәл осы еңбегінің басқа бір жерінде Аллаһтың уахиі болып есептелетін Құранға, елшісінің қойған сүннетіне мойынсұнудың парыз екендігін білдіріп, мына аяттарды дәлел ретінде келтірген:

«Расында Аллаһ Тағала мүміндерге қамқорлық етіп, олардың ішіне өздерінен, оларға Аллаһтың аятын оқитын, оларды тазартатын және оларға Кітап, хикмет үйрететін Елші жіберді. Өйткені, олар бұрын ашық адасуда еді».[6]

Осы аяттағы «хикмет» сөзінің, атақты Құран ғұламаларының «Расулуллаһтың сүннеті» деп жорамалдағандығын айтқан Шафи, мына аятты еске түсіреді: **«Ей, мүміндер! Аллаһқа мойынсұнып, Пайғамбарға және өздеріңнен болған әмір иелеріне бойсұныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа, Пайғамбарына ұсыныңдар. Егер сендер Аллаһқа, ақырет күніне иман**

3. Ағраф сүресі, 158-аят; Тәғабунсүресі, 7-аят.
4. Нұр сүресі, 62-аят.
5. Шафи, а.а.ә. (аты аталған әдебиет) 73-75 б.
6. Әли-Имран сүресі, 164-аят.

келтірген болсаңдар. Міне осы қайырлы да нәтижеде жақсы».[7] Ол мұнда тағы да ғалымдардың сөздеріне жүгіне отырып аяттағы «өздеріңнен болған әмір иелеріне» деген сөзін «хазірет Пайғамбар тарапынан жіберілген кішігірім әскери топтың басшысы» деп жорамалдайды.[8] Осыған орай Имам Шафи, жоғарыдағы аяттың қалған бөлігін «(жауынгерлер) сендер, егер (әміршілеріңмен) бір мәселеде келісе алмай қалсаңдар, оны Аллаһқа және Елшісіне ұсыныңдар» деп тәпсірлейді.

Аллаһ Тағала Елшісіне мойынсұну, әсілінде Өзіне мойынсұну деген мағынаға келетінін құлдарының есіне салып былай деген:

«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені төреші қылып, сонсоң берген билігіңнен көңілдері жай таппай толық бой ұсынбайынша мүмін бола алмайды».[9]

«Пайғамбардың шақыруын өзара бір-біріңді шақыруға ұқсатпаңдар! Рас Аллаһ, сендерден ептеп, далдаланып шығып кететіндерді біледі. Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын».[10]

«Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да не нәрседен тыйса, одан тыйылыңдар».[11]

Жоғарыда айтылған аяттардан басқа, Расулуллаһтың әмірін орындау және оған мойынсұнудың қажет екенін білдіретін аяттар да бар. Сондықтан Расулуллаһқа мойынсұну Аллаһ Тағала тарапынан парыз етілгенін ешкім де жоққа шығара алмайды.

---

7. Ниса сүресі, 159-аят.
8. Шафи, а.а.ә. 78 б.
9. Ниса сүресі, 65-аят.
10. Нұр сүресі, 63-аят.
11. Хашыр сүресі, 7-аят.

БӘЙХАҚИДІҢ КӨЗҚАРАСЫ БОЙЫНША СҮННЕТТІҢ ДӘЛЕЛ БОЛУЫ

Бәйхақидің (ө. 458/1066) көзқарасы бойынша, егер сүннет дінде дәлел болмағанда, Расулуллаһ (с.а.у.) бір хұтпасында сахабаларына кейбір мәліметтерді бергеннен соң, «Дәл қазір мұнда тұрғандар, бұл жерге келмегендерге жеткізсін. Өйткені ол адамдар, мұнда айтылғандарды бұл жердегілерден әлдеқайда жетік түсунуілері мүмкін» деп айтпаған болар еді. Бәйхақи осы жайтқа байланысты мутауатыр дәрежесіне жеткен мына бір хадисті айтып өтеді: «Сөзімді есітіп, жақсылап сақтап алып сол қалпында өзгелерге жеткізген адамның Аллаһ жүзіне жарқын нұр нәсіп етсін. Бәлкім ол адам, жеткізген адамнан да алғыр әрі зерек болар».[12]

Шафи былай дейді:

«Расулуллаһ адамдарды, хадистерін тыңдауға, жаттауға әрі өзгелерге жеткізуге ынталандыруы, адал және арам амалдарды, кінәлілерге қолданылатын жазалар, саудасаттық айналымында жүрген заттар, діннің өмірлік мәніне байланысты айтылған хадистердің, адамның салауатты өмір сүруіне ықпалын тигізетін бірден-бір дәлел екенін көрсетеді».[13]

БІЗГЕ ҚҰРАН ҒАНА ЖЕТКІЛІКТІ ДЕУ НАДАНДЫҚ

Бәйхақи осы мәселелерге байланысты мына төмендегі хадистерді келтіреді:

Убайдуллаһ ибн Әби Рафи, әкесінің Расулулаһтан (с.а.у.)

12. Бәйхақи, Дәлаил I, 23.
13. Шафи, а.а.ә. 402-403.

алған мына хадисті риуаят етеді:

«Сендерден қандайда біреуің, орындығына (креслосына) шалқайып отырып алып, оған менің бір әмірім немесе тыйымым білдірілгенде «Анау-мынауды білмеймін; біз тек қана Аллаһтың кітабындағы үкімдерге құлақ саламыз» деп айтуын естімейтін болайын»![14]

Миқдам ибн Мағдикәриб (ө. 68/687), Хайбар соғысы кезінде араларында есектің етін жеп жатқандарға кейбір нәрселерді хазірет Пайғамбардың тыйым салып былай дегенін риуаят етеді:

«Алдағы уақытта мынандай адамдар ортаға шығады; олардың араларыннан диванына емін-еркін отырып алған біреуіне менің бір хадисім жайлы айтылғанда, «Арамызда Аллаһтың кітабы бар. Ол жерде адал деп айтылғандар біз үшін адал, арам деп айтылғандар арам» деп айтады. Алайда мына жайтты ұмытпаңдар; Расулуллаһтың арам деп айтқаны, Аллаһтың арам еткені сияқты».[15]

Бәйхақиосыхадисте,алдағыуақыттардабидғатшылардың хадистерді қалайша тәрк етілетіндігін, алайда кейіннен мұның шындыққа айналатындығын білдірген.[16]

Шәбиб ибн Әби Фадала мына бір оқиғаны айтып береді:

Имран ибн Хұсайын, бір мәжілісте шапағат жайлы баяндап өтті. Сол жерде отырған тыңдармандардың бірі, Имранға «Ей, Әбу Нүжәйд! Бізге біраз хадис айттың; алайда біз, Құранда сенің айтқандарыңның ешбірін кездестіре алмаймыз» деп қарсылық білдіргенде, шамданған Имранмен араларында мынадай әңгіме өрбіді:

– Сен өзі Құран оқыдың ба?

– Иә.

14. Әбу Дәуіт, Сүннә 6; Бәйхақи, Сүнән YI, 76; Дәлаил I, 24; Хаким, әл-Мүстәдрәк I, 108-109..
15. Бәйхақи, Сүнән X, 331; Дәлаил I, 24; Хаким, а.а.ә. I, 109..
16. Бәйхақи, Дәлаил I, 25.

– Жарайды, сен Құранда құптан намазының төрт, шам намазының үш, таң намазының екі, бесін мен екінді намаздарының төрт рәкағат екендігін көрдің бе?

– Жоқ.

– Олай болса сен бұларды кімнен үйрендің? Біздің Расулуллаһтан (с.а.у.) үйренген мәселелерімізді, сендер бізден үйренбедіңдер ме? Тағы бір айта кетерлік мәселе, сендер Құранда «Әр 40 қойдың біреуін, түйеден қаншасы зекет ретінде беріледі. Мұнша ақшаның зекеті мынандай болады» деп жазылып қойғанын көрдің бе?

– Жоқ, көрмедім.

– Жарайды, біздің Расулуллаһтан (с.а.у.) үйренген осы мәселелерді сендер де бізден үйренбедіңдер ме? Құранда **«Бәйтул-атыки/Қағбаны тауаф етіңдер»**[17] деп бұйрық беріледі. Бірақ «Қағбаны жеті рет тауаф етіп Мақамы Махмудтың арасында екі рәкағат намаз оқыңдар» деген әмірді көрдің бе? Әлде зекет жинайтын қызметкер, зекеті берілетін малдарды алдына алып келмейтіні сияқты малдың иесінің де малдарын зекет жинайтын қызметкерден алып қаша алмайтыны; сонымен қатар Исламда айырбас арқылы мәһір бермей үйленуге болмайтынын Құранда жазылғанын көрдің бе? Аллаһтың Құранда **«Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да не нәрседен тыйса, одан тыйылыңдар»**,[18] деп бұйырғанын естімедің бе?

Оған келіспейтінін айтқан адамға осылай тойтарыс берген Имран, «Әне көрдің бе, біздің Расулуллаһтан үйренген кейбір нәрселерден сендердің хабарларың жоқ» деп сөзін тамамдады.[19]

«Хадисті Құранға салып көру» мәселесіне байланысты

17. Хаж сүресі, 29-аят
18. Хашыр сүресі, 7-аят.
19. Бәйхақи, Дәлаил I, 25-26; Осыған ұқсас риуаят үшін қараңыз: Хаким, а.а.ә. I, 109-110 б.

риуаят етілген хабардың сахих еместігін, өйткені бұған байланысты ешқандай белгінің Құранда кездеспейтіндігін айтқан[20] Бәйхақи, «Дәлаилун-нубууә» атты еңбегінің алғы сөзі болып есептелетін «әл-Мәдхалус-сағир»-інде, сүннеттің маңыздылығына байланысты сөздерін осылай түйіндеген. Ал танымал еңбегі «әс-Сүнән»-нің алғы сөзі боп есептелетін «әл-Мәдхалул-кәбир»-інде, осы мәселеге «Расулуллаһтың (с.а.у.) сүннетін үйрету және Оған еру» деген тақырыпта дәлелді әрі өте ауқымды етіп түсіндірме беріп өткен.

Енді мәселенің егжей-тегжейіне көз салайық.

КІТАП ПЕН СҮННЕТТІ ҮЙРЕТУ ДЕГЕН НЕ?

Бәйхақи осы тақырыпта **«Расында Аллаһ Тағала мүміндерге қамқорлық етіп, олардың ішіне өздерінен, оларға Аллаһтың аятын оқитын, оларды тазартатын және оларға Кітап, хикмет үйрететін Елші жіберді. Өйткені, олар бұрын ашық адасуда еді»**,[21] деген аятты келтіріп Шафидің былай дегенін айтып өтеді:

«Сенімді Құран ғалымдары, «хикмет» сөзінің «Расулуллаһтың (с.а.у.) сүннеті» деген мағынаға келетіндігін айтқан».[22]

Сонымен қатар Хасанул-Басри (ө. 110/778), Қатада (ө. 117/735) және Яһия ибн Әби Кәсирдің де (ө. 129/746-747) «хикмет» сөзінің «сүннет» деген мағынаға келеді деп айтқанын риуаят еткен Шафи, Исламда Құран-сүннеттің етпен тырнақтай ажырамас бөлік екенін әрі Құранмен бірге сүннеттің де нақты үкімдер қоя алатынын білдіретін мына хадистермен дәлелдеген:

Миқдам ибн Мағдикәриб Расулуллаһтың (с.а.у.) былай

20. Бәйхақи, Дәлаил I, 27.
21. Әли-Имран сүресі, 164-аят.
22. Шафи, а.а.ә. 78 б.

дегенін риуаят еткен:

«Маған Құран және онымен бірге бір ұқсасы берілгенін біліп алыңдар. Сақ болыңдар! Жақын дәуірде мынандай адамдар шығады, қарны тоқ күйде орындығына (креслосына) шалқайып отырып «Сендерге мына Құранға ерулеріңді өсиет етемін; ондағы адал деп айтылғандарды адал, арам деп айтылғандарды арам деп қабылдаңдар» деп айтады. Мына жайтты біліп қойыңдар! Есек пен иттің тісіндей жыртқыш хайуандардың етін, сондай-ақ келісім жасасқан мұсылман еместердің мал-мүлкін жеулерің адал емес».[23]

Басқа бір риуаятқа қарағанда, Миқдам ибн Мағдикәриб (р.а.), Расулуллаһтың (с.а.у.) Хайбар күнінде, қолдағы есек пен осындай хайуандардың еттерінің желінуі сияқты кейбір нәрселерге тыйым салғанын және де «Жуық арада араларыңнан кейбір адамдар шығады, олар менің хадисім жайлы сөз болғанда, шалқайып отырған орындығынан, «Арамызда Аллаһтың кітабы бар; ондағы адалдарды адал, арамдарды арам деп қабылдаймыз» деп айтады. Күмәндарың болмасын Расулуллаһтың арам еткен нәрсесі, Аллаһтың арам еткені сияқты» деп бұйырғанын келтіреді.[24]

РАСУЛУЛЛАҺТЫҢ БІЗГЕ ҚАЛДЫРҒАН ЕКІ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ:

Құран және Сүннет

Әбу Һұрайра (р.а.) Расулуллаһтың (с.а.у.) былай дегенін риуаят еткен:

«Мен сендерге екі нәрсе қалдырдым. Осы екі нәрседен берік ұстансаңдар, ешқашан тура жолдан адаспайсыңдар: Аллаһтың кітабы мен менің сүннетім. Олар жұмақтағы

23. Шафи, а.а.ә. 403-404.
24. Шафи, а.а.ә. 403-404; Бәйхақи, Дәлаил I, 24; Ибн Абдилбәрр, Жамиғ, 561 б.

хауызға келгенге дейін бір-бірінен еш ажырамайды».[25]

Ибн Аббастан (р.а.) риуаят етілгеніне қарағанда, Расулуллаһ (с.а.у.) «Қоштасу» қажылығындағы хұтбасында былай деген:

«Сендерге одан мықтап ұстансаңдар ешқашан адаспайтын екі нәрсе қалдырдым: Аллаһтың кітабы мен менің сүннетім».[26]

Осыған ұқсас бір хадис Уруәдан (ө. 94/713) риуаят етілген:

«Сендерге егер одан бекем ұстасаңдар ешқашан адаспайтын нәрсе қалдырдым: Аллаһтың кітабы мен нәбилеріңнің сүннеті... Сендер айтқандарымды жақсылап тыңдаңдар да, сол бойынша өмір сүріңдер».[27]

Ибн Уәһб (ө. 197/812) Мәлік ибн Әнәстің (ө. 179/795) былай деп айтқандығын риуаят етеді:

«Расулуллаһтың «Қоштасу» қажылығында айтқан мына сөзді есіңнен шығарушы болма:

«Сендерге қалдырған мына екі нәрсеге бекем болсаңдар, ешқашан тура жолдан адаспайсыңдар: Аллаһтың кітабы мен елшісінің сүннеті...»[28]

Бұл тақырыптағы Ирбад ибн Сарияның (р.а.) риуаяты былайша: «Расулуллаһ (с.а.у.) бір күні бізге намаз оқытқаннан кейін, өте әсерлі бір уағыз айтты. Әсер еткені соншалық жүрегімізді қорқыныш билеп, жыладық. Жамағаттың арасынан біреу «Ей, Аллаһтың Елшісі! Қоштасып тұрғандай уағыз айтып тұрсыз ғой; соңғы рет бізге қандай өсиет айтасыз?» деп сұрағанда Расулуллаһ: *«Сендерге Аллаһтан қорқуды әрі басшыларың қара жүзімнің*

25. Бәйхақи, Сүнән X, 114; Хаким, а.а.ә. I, 93.
26. Бәйхақи, а.а.ә. X, 114; Хаким, а.а.ә. I, 93.
27. Осы сөздермен және осы жолмен хадистің негізі табылмады. (аудармашы).
28. Осы мағынадағы риуаят үшін қараңыз. Мәлік IY, 246.

дәніндей Хабаштық бір құл болса да, айтқанын тыңдап оған мойынсұнуларыңды өсиет етіп қалдырамын. Өйткені менен кейін өмір сүретіндер көптеген келіспеушілікке куә болады. Мұндай жағдайда менің әрі тура жолдағы халифаларымның сүннетіне бекем болыңдар. Бидағаттардан сақтаныңдар. Кейіннен пайда болған әрі діннің негізінен сияқты етіп көрсетілген барша нәрсе бидағатқа жатады; ал әрбір бидғат адасушылық»[29] - деді».

Бибі Айшадан (р.а.) риуаят етілгеніне қарағанда, Расулуллаһ (с.а.у.) былай бұйырған:

«Аллаһ Тағала әрі Оның алдында дұғалары қабыл болатын әр пайғамбардың лағнеттеген алты адам бар:

1- Аллаһтың кітабына бір нәрсе қосқан

2- Тағдырды өтірікке шығарған

3- Аллаһтың құрметті қылғанын масқаралаған, масқаралағанын құрметті қылғысы келген залым

4- Аллаһтың арам қылғанын адал қылған

5- Аллаһтың әһлі бәйтім жайында арам қылғанын адал деп санаған

6- Сүннетімді тәрк еткен»[30]

СҮННЕТКЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

Бұл тақырып жайлы ибн Амрдан мынадай хадис риуаят етілген:

«Әрбір іске деген сүйіспеншілік әрі ынтық болудың күшейе түсетін, әрбір сүйіспеншілік пен ынтық болудың азаю әрі тұрақтау уақыты бар. Осындай уақытта менің сүннетіме

29. Әбу Дәуіт, Сүннә 6; ибн Мәжә, Мұқаддимә 6; Бәйхақи, Сүнән X, 114; әл-Мәдхал, 115 б; Хаким, а.а.ә. I, 95-96; Тирмизи, Илм 16; Ахмет ибн Ханбал IY, 126; Хатиб, әл-Факиһ; Ибн Абдилбәрр, Жамиғ 548 б.
30. Табарани, әл-Кәбир XYII, 43; Хаким, а.а.ә. I, 36; II, 252; Фәсәуи, әл-Марғифә III, 506-507.

көңіл аударғандар тура жол тапқан болады, ал басқа нәрселерге бел байлағандар адасады».[31]

Әнәс ибн Мәлік (р.а.) Расулуллаһтың былай дегенін жеткізеді: *«Менің сүннетіммен жүріп әрі жүргізген адам, мені жақсы көреді деген сөз; ал мені жақсы көретін адам жұмақта менімен бірге болады».*[32]

Әбу Һұрайрадан риуаят етілген хадисте хазірет Пайғамбар былай айтқан:

«Үмбетімнің бұзылып адасуға бет бұрған бір заманда сүннетімді аяқтандырған (қолға алған) адамға жүз шейіттің сауабы бар».[33]

ИМАМ ШАФИДІҢ КӨЗҚАРАСЫ БОЙЫНША СҮННЕТТІҢ ҮШ ФУНКЦИЯСЫ (ҚЫЗМЕТІ)

Имам Шафи сүннеттің үш функциясы бар екенін айтады:

1- Аят арқылы жеткізілген мәселелерде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистері де болады.

2- Құранда жалпылай айтылған мәселелерде, Аллаһтың талап еткенін хадис айқындай түседі. Сондай-ақ аяттардағы парыздардың жалпы мен жалқы жағынан кімге айтылып тұрғанын нақтылап, оны қалай амалға асыратылатындығы түсіндіріледі.

3- Кейде бір мәсәле жайлы нас/аят келмесе сол мәсәлені сүннет айқындап береді. Дегенмен сүннеттің бұл түрі талас тудырады. Кейбіреулер аят келмеген мәселелерді түсіндіру мүмкіндігі Елшіге берген дегенді алға тартады.

31. Тирмизи, Сифатул-қиямә 21; Ахмет ибн Ханбал II, 188; ибн Хиббан, әс-Сахих I, 107; Әбу Нуғайым, Һилятул-әулия I, 286.
32. Тирмизи, Илм 16; Муттақи, Кәнзүл-уммал I, 183; Укайли, әд-Дуафа II, 3, II, 350..
33. Һәйсами, Мәжмауз-зәуайд I, 172; Муттақи, а.а.ә. I, 175, 184.

Ал енді біреулер Аллаһ Елшісі Құранда негізі айтылмаған мәсәлелерде ешқандай сүннет қоймаған деген. Негізі бар мәселелерде яғни намаздың рәкағаттарының саны, оқылу үлгісі мен сауда-саттыққа байланысты жайттарда сүннетпен түсініктеме берілген. Мәселен, Аллаһ Тағала **«Ей, иман келтіргендер! Өзара малдарыңды бұзықтықпен жемеңдер. Бірақ өз ризалықтарыңмен саудаласу басқа»**[34] және **«Негізінде Аллаһ сауданы адал, өсімді арам еткен»**[35] деген, намаздағы сияқты осы аяттарда негізі бар адал мен арамның не нәрсені меңзеп тұрғанын Расулуллаһ (с.а.у.) түсіндіріп өткен. Кейбіреулердің айтуынша Расулуллаһ, Аллаһтың Елшісі. Сондықтан елші болған Расулуллаһтың қойған сүннеті, елшісі болған Аллаһтың өзіне жүктеген міндеттің нәтижесі болады. Бұл мәселедегі тағы бір көзқарас, хазірет пайғамбардың белгілеп берген әрбір үкім, шын мәнінде оның жүрегіне енгізілген хикмет болып саналады.[36]

РАСУЛУЛЛАҺТЫҢ ҮКІМ ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

Хазірет Омар (р.а.) бір хүтбасында мүміндерге былай дейді:

«Ей, иман келтіргендер! Бір мәселе жайында бір ғана Расулуллаһтың көзқарасы дөп түседі. Өйткені оның көзқарасын дөп түсіруші Аллаһ Тағала. Біздің көзқарасымыз жәй жорамал ғана».[37]

Шағби (ө.104/722) Расулуллаһ (с.а.у.) бір үкім бергеннен кейін осы үкімге қайшы келетін бір аят түскенінде, аяттың үкімін қабыл етіп, өзінің аяттан бұрын берген үкімін

34. Ниса сүресі, 29-аят.
35. Бақара сүресі, 275-аят.
36. Шафи, әр-Рисалә, 91-93 б.
37. Бәйхақи, Сүнән X, 117; әл-Мәдхал 189 б; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 476 б..

бұзбайтындығын[38] риуаят етеді.[39]

Расулуллаһтың бір уахи келмей тұрып яки «былай істе, былай істе» деп Аллаһтан хабар алмай ешқандай сүннет қоймағандығын жақтайтындар, бір зина оқиғасымен байланысты мына екі хадисті дәлел ретінде көрсетеді:

Бірінші хадиске қарағанда хазірет Расулуллаһ зина жасаған ер мен әйелге, *«Күмәнсіз араларыңа Аллаһтың кітабы бойынша үкім беремін»*[40] деп айтқанымен, оларға дүре соғу және жер аудару жазасын қолданған. Бірақ Құранда зинаға жер аудару жазасы айтылмаған.

Яғла ибн Үмәядан (ө. 37/657) риуаят етілген екінші хадисте Расулуллаһ (с.а.у.) «Жиғрана»[41] деген жерде жүрген кезінде, үстіне иіс суы мүмкіп тұрған шапан киіп алып ұмраға баруға ниеттеніп шыққан бір кісі келіп, «Ей, Расулуллаһ! Иіс су себілген шапанмен ұмраға бармақ болған адам жайлы не дейсің?» - деді. Расулуллаһ әлгі адамға қарады да біраз үнсіз тұрғаннан кейін мына аят түсті: **«Қажылық пен ұмраны Аллаһ үшін толық орындаңдар»**.[42] Расулуллаһ уахи келіп болғаннан соң, «Жаңа менен ұмра жайлы сұрақ сұраған адам қайда? Жаққан иіс суыңды үш рет жу, шапаныңды шеш, сосын қажылықта істегендеріңді ұмрада да істе»[43] деді.

Бәйхақидың риуаятына қарағанда, Таус (ө.106/724)

---

38. Үкім алдынғыны қамтымағандықтан, яғни заңдылықтар өткенді қамтымағандықтан. Бұл деген пайғамбарымыздың үкім қою мүмкіндігін көрсетеді. Яғни мұндай жағдайда да аяттың үкімі орындалып, пайғамбардың үкімі жай қала береді, мүлде жоғалып кетпейді. (Аудармашы)
39. Амиди, әл-ИхкамI, 399; Һәйсами, әл-Хайратул-хисан19 б.
40. Бұхари, Ахкам 39; Мүслим, Хұдуд 25; Нәсай, Абдул-құдат33; Әбу Дәуіт, Хұдуд 25; Тирмизи, Хұдуд 8; ибн Мәжә, Хұдуд 6; Дарими, Хұдуд 12; Бәйхақи, Сүнән YIII, 212, 213; Табарани, әл-Кәбир Y, 267..
41. Мекке мен Тайфтың арасында, Меккеге жақын бір жер. (Аудармашы)
42. Бақара сүресі, 196-аят.
43. Бұхари, Хаж 17; Мүслим, Хаж 6-9; Әбу Дәуіт, Хаж 31; Ахмет ибн Ханбал IY, 222, 224; Дарәқутни, а.а.ә. II, 231; Бәйхақи, а.а.ә. Y, 56; ибн Хұзиме, Сахих IY, 192; Хұмәйди, әл-Мүснад II, 347-348.

қолында уахиға негізделген кейбір құн (диет) төлеу үкімдерін қамтитын бір кітап бар екендігін, Расулуллаһтың зекет пен құн төлеу мәселелерінде парыз болған үкімдердің уахи арқылы белгіленгендігін айтқан.[44]

Хассан ибн Атия (ө. 120/738) да «Жәбірейіл (а.с.) Расулуллаһқа Құранды әкеліп үйреткені сияқты сүннетті де әкеліп үйрететін-ді»[45] деген.

Қасым ибн Муһаймира (ө. 111/729) Талха ибн Фудайланың былай дегенін риуаят еткен:

Ашаршылық келген жылы Расулуллаһтан шарықтап тұрған бағаны тұрақтандыруы жайлы сұраныс болғанда «Аллаһтың бұйрық бермеген мәселесінде сендерге бір сүннет шығарғаным үшін Аллаһ мені жауапқа тартпайды; бірақ сендер Аллаһтан жәрдем тілеңдер» деді».[46]

Мутталиб ибн Хантаб Расулуллаһтың (с.а.у.) мына хадисін жеткізген:

«Аллаһ сендерге не әмір етсе мен де әмір еттім, неден тыйса мен де тыйдым. Рухул-әмин (Жәбірейіл) жүрегіме тірілердің ризығы таусылмай өлмейтінін білдірді. Олай болса Аллаһтан қорқыңдар әрі қалаған нәрселеріңді ең тамаша түрде қолға түсіруге тырысыңдар».[47]

Имам Шафи, ғалымдардың арасында жоғарыда айтып өткендей кейбір келіспеушіліктер болса да сүннеттің, өзі көрсетіп кеткен үш функциясынан басқаға орын жоқ екендігін қадап айтып, Аллаһтың бізді соған мойынсұнуға міндеттейтінін, сүннетпен жүру деген Расулуллаһқа итағат, ал бет бұрудың оған қарсы келу екенін білдірген. Сонымен

44. Шафи, әл-Умм YII, 271; Абдурраззақ, әл-Мүсаннәф IX, 279; Бәйхақи, Мағрифәтус-сүнән I, 102; Хатиб, әл-Фақих I, 266.
45. Дарими, Мұқаддима 48; ибн Абдилбәрр, Жамиғ, 563 б; Хатиб, әл-Кифая 12 б; әл-Фақих I, 267.
46. Бәйхақи, Сүнән YI, 29; Һәйсами, а.а.ә. IY, 100.
47. Ибн Мәжә, Тижарә I; Бәйхақи, а.а.ә. YII, 76; Шафи, әл-Умм YII, 299; әр-Рисалә 87 б, 93; Хатиб, әл-Фақих I, 270-271.

қатар сүннеттен бас тартудың негізсіз екенін баяндап өткен.[48]

РАСУЛУЛЛАҺҚА МОЙЫНСҰНУ АЛЛАҺҚА МОЙЫНСҰНУ ДЕГЕН СӨЗ

Аллаһ Тағала былай бұйырған:

«(Мұхаммед с.а.у.) **саған бият қылғандар (қол бергендер), әрине Аллаһқа қол берген болады. Аллаһтың құдірет қолы олардың қолдарының үстінде. Сондықтан кім сертін бұзса, сонда өз зиянына ғана. Ал және кім Аллаһқа берген сертін орындаса, оған зор сыйлық береді»**.[49]

«Кім Пайғамбарға бағынса, расында Аллаһқа бағынған болады».[50]

«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонсоң берген билігіңнен көңілдері жай тауып толық бой ұсынбағанша мүмін бола алмайды».[51]

Шафи бұл аяттың, Зубайыр (ө. 36/656) деген сахабамен бір кісінің жерге байланысты келісе алмағанда, хазірет Пайғамбар жердің пайдасын Зубайырға шешіп бергенде оның үкіміне келіспеген адам жайлы түскендігін айтып, осы дауға байланысты берілген үкімнің, Құранда айтылмаған тақырыптарда Расулуллаһтың қойған сүннеті екендігін айтқан.[52]

Бұхари мен Мүслім, осы оқиғаны, дауласқандардың бірі болған Зубайырдың ұлы Абдуллаһтан (ө. 73/692) былайша риуаят еткен:

Ансарлықтардың біреуімен Зубайыр, мадиналықтар-

48. Шафи, әр-Рисалә 88-89 б..
49. Фатх сүресі, 10-аят.
50. Ниса сүресі, 80-аят.
51. Ниса сүресі, 65-аят.
52 Шафи, а.а.ә. 83 б.

дың құрма бақшаларын суғаратын «Ширажул-Харрә» деп аталатын су арнасынан су алу мәселесінде келісе алмай қалады. Ансарлық сахаба өзінің құрма бақшасын суғару үшін бірінші болып суды алмақ болады. Зубайыр оған қарсы болады. Екеуінің арасындағы дауды шешіп беру үшін екеуі Расулуллаһтың алдына келеді. Расулуллаһ (с.а.у.) Зубайырға бақшаңды суғарып болғаннан кейін көршіңнің жеріне қарай суды бұрып бер дегенде, Ансарлық сахаба, Расулуллаһқа «Зубайыр әпкеңнің ұлы болғандықтан алдымен сол қолдансын деп үкім шығарып тұрсың ба?» деп айтқанда Расулуллаһтың түрі бұзылып «Ей, Зубайыр! Сен бақшаңды суғарып ал да су тасығанша суды бөгей бер» деді. Зубайыр «Аллаһтың атымен ант етемін, **«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонсоң берген билігіңнен көңілдерін жай тауып толық бой ұсынбағанша мүмін бола алмайды»**[53] деген аят осы адамға байланысты түскен деп ойлаймын!» деді.[54]

Бұхари мен Мүслимнің риуаят еткен тағы бір хадисте, хазірет Пайғамбар, «Маған мойынсұнған, Аллаһқа мойынсұнған болады; маған қарсы келген, Аллаһқа қарсы келген болады», деген.[55]

Бұхари, Жабир ибн Абдуллаһтан (ө. 78/697) мына бір хадисті риуаят еткен:

Бір топ періште, ұйықтап жатқан хазірет Пайғамбардың жанына барады. Кейбіреулері «Ол ұйықтап жатыр», кейбірі, «Көзі ұйықтағанмен жүрегі ояу» деді. Сосын періштелер бір-бірлеріне «Осы достарыңның жағдайына сәйкес

53. Ниса сүресі, 65-аят.
54. Бұхари, Тәфсир 12; Мүслим, Фәдайл 129; Әбу Дәуіт, Ақдия 27; Тирмизи, Ахкам 26, Тәпсир 5; Нәсай, Адабул-қудат 19; ибн Мәжә, Муқаддимә 2; Хаким, а.а.ә. III, 364; Бәйхақи, а.а.ә. YI, 153, X, 106.
55. Бұхари, Ахкам I; Мүслим, Имаре 33; Нәсай, Биат 37; ибн Мәжә, Муқаддимә I, Жихад 39; Ахмет ибн Ханбал II, 252, 253; Бәйхақи, а.а.ә. YII, 155.

келетін бір мысал бар, соны айтып беріңдерші қане», деді. Алайда бағзылары тағы да «Ол ұйықтап жатыр», кейбірі «жоқ. Оның көзі ұйқыда, бірақ жүрегі ояу» деді. Сосын періштелер, «Бұл адам, жаңадан салған үйінің құрметі үшін адамдарға арнайы дастарқан жайғызып адамдарды тамаққа шақыртушы жіберген адам сияқты. Мұның шақырғанына келгендер, сол үйге кіреді де дастарқаннан дәм татады. Ал шақырғанына келмегендер болса, үйге де кіре алмайды, дәмге ауыз тигізбейді» деді. Кейіннен періштелер, хазірет Пайғамбардан осы мысалдың түсіндірмесін алғылары келді. Бірақ тағы да кейбіреулері, «Ол ұйықтап жатыр» кейбірі, «Көзі ұйқыда, бірақ жүрегі ояу» деді. Ақыры періштелер, өз араларында сол мысалдарын былай деп түсіндірді:

«Мұндағы үй, жұмақ. Шақырушы, хазірет Мұхаммед (с.а.у.). Кімде-кім хазірет Мұхаммедке мойынсұнса, Аллаһқа мойынсұнған болады; ал кімде-кім оған қарсы келсе, Аллаһқа қарсы келген болады. Осылайша хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) мойынсұну мен қарсы келу мәселесі өте маңызды жайтқа жатады».[56]

Бұхаридың Әбу Һұрайрадан риуаят еткен басқа бір хадисте Расулуллаһ (с.а.у.) «Тоң мойындықпен қасарысқандардан басқа, үмбетімнің барлығы жұмаққа кіреді» дегенде сахабалар, «Қасарысатындар кімдер?» деп сұрады. Сонда хазірет Пайғамбар; «Маған мойынсұнғандар жұмаққа кіреді; маған қарсы келгендер жұмаққа кірмеу үшін қарсылық білдіріп тұрып алғандай болады» деді.[57]

Шафи Расулуллаһқа мойынсұнып, құрмет көрсету қажеттігі тұрғысында мына быр аятты еске салады:

«Пайғамбардың шақыруын өзара бір-біріңді шақыруға ұқсатпаңдар! Рас Аллаһ, сендерден ептеп, далдаланып шығып кететіндерді біледі. Сондықтан оның әміріне

56. Бұхари, Иғтисам 2; Тирмизи, Әмсал 1; Бәйхақи, Дәлаил I, 370-371.
57. Бұхари, Иғтисам 2; Ахмет ибн Ханбал II, 361; Хаким, а.а.ә. I, 55.

қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын».[58]

Бәйхақи (ө.458/1066) Суфян әс-Сәуриден осы аятта айтылған «бәла» сөзі, Расулуллаһтың әміріне мойынсұнбағандардың жүректерінің мөрленетіндігін білдіреді дегенін риуаят еткен.[59] Шафи да Аллаһ Тағаланың Құранда **«Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да не нәрседен тыйса, одан тыйылыңдар»**[60] деп бұйырып, Мұсылмандарға Расулуллаһтың әміріне мойынсұнып, оның қойған тыйымдардан сақтану керектігін білдірген.

Бұхари мен Мүслимнің риуаятына қарағанда ибн Мәсғуд (р.а.) былай деп айтқан:

«Наколка салушы мен салдырғанға, қасын жұлдырғанға, тістерінің арасын егеулеткенге және сұлу көріну үшін Аллаһтың жаратқан пішімін өзгерткенге Аллаһ лағнет етсін!».

Осы сөзді естіген Үммү Яқуб атты әйел, ибн Мәсғудқа келіп, «Естуімше сен, былай-былай деп айтыпсың дегенде ибн Мәсғуд, «Расулуллаһтың лағнеттеген адамын не үшін мен де лағнеттемейін? Оның үстіне бұл мәселе Құранда да бар» деді.

Әлгі әйел Құран Кәрімді бастан аяқ оқып шығып ондай мәселеге тап болмағанын айтқанда ибн Мәсғуд, «Егер мұқият оқығаныңда міндетті түрде кездестірген болар едің. **«Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да не нәрседен тыйса, одан тыйылыңдар»**[61] деген аятты оқымадың ба?» дегенде әйел, «Иә» деп жауап берді.

Сонда Ибн Мәсғуд «Міне осылайша Аллаһ Тағала осы

58. Нұр сүресі, 63-аят.
59. Һәрәуи, Зәммул-кәлам II, 260.
60. Хашыр сүресі, 7-аят.
61. Хашыр сүресі, 7-аят.

хадисте айтылған нәрселерге тыйым салған болды» деді.[62]

Имам Шафи хазірет Пайғамбардың адамдарды тура жол-ға шақыратындығына нақты дәлел ретінде **«**(Мұхаммед (с.а.у.) **саған осылайша әміріміздең бір «рух»** (Құран) **уахи еттік. Сен, Кітап не? Иман не? Білмейтін едің. Бірақ Құранды нұр қылып, онымен құлдарымыздан кімді қаласақ, тура жолға саламыз. Расында сен тура жолға бастайсың»**[63] деген аятты келтіріп, Аллаһ Тағаланың, Расулуллаһтың кезіндегі әрі қияметке дейінгі барша адам баласын Расулуллаһқа мойынсұнуға міндеттеп қойғандығын айтқан.[64]

Бәйхақи **«Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа, Пайғамбарына ұсыныңдар»**[65] деген аяттың тәпсірінде, Мәймун ибн Миһраннан (ө. 117/735) мына бір риуаятты жеткізеді:

«Аллаһқа ұсыну деген Құранына, Елшісіне ұсыну деген оның сүннетіне дегенге келеді».[66]

Тағы да Бәйхақи, Әбу Дәуіттің Әбу Рафиден риуаят еткен Расулуллаһтың (с.а.у.) мына сөзін жеткізеді:

«Сендерден біреуің, орындығына шалқайып отырып, оған менің бір әмірім немесе тыйымым білдірілгенде «Анау-мынауды білмеймін; біз тек қана Аллаһтың кітабындағы үкімдерге құлақ саламыз» деп айтуын естімейтін болайын»![67]

Шафи осы хадистің, Расулуллаһтың сүннетінің нақты екеніне әрі Құранда аят жоқ мәселелерде өте тиімді жол

62. Бұхари, Тәпсир (Сүре 59), 4; Мүслим, Либас 120; Әбу Дәуіт, Тәражжүл, 5; Тирмизи, Әдеп 33; Нәсай, Зина 24, 26; ибн Мәжә, Никаһ 52; Дарими, Изтизан 19; Ахмет ибн Ханбал I, 415, 417, 434, 443; Бәйхақи, а.а.ә. YII, 312; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 558-559 б.
63. Шура сүресі, 52-аят.
64. Бәйхақи, Дәлаил I, 22.
65. Ниса сүресі, 159-аят.
66. Ибн Жәрир, Жамиғул-баян Y, 151; ибн Абдилбәрр, Жамиғ, 557, 561; Хатиб, әл-Фақих I, 375.
67. Әбу Дәуіт, Сүннә 6; Тирмизи, Илим 10; ибн Мәжә, Мұқаддимә 13.

екендігіне ишара болатынын айтқан.[68] Осы мәселеге байланысты Ирбад ибн Сария (ө. 75/694) мына оқиғаны айтып береді:

«Расулуллаһпен бірге Хайбарда түнедік. Қасында сахабалар да бар еді. Қанішер жауыз Хайбардың билеушісі Елшіге (с.а.у.) келіп; «Уа, Мұхаммед! Есектерімізді союға, жемістерімізді жеуге, әйелдерімізді ұруға ақымыз бар ма!?» дегенде, Расулуллаһ қатты ашуланды да (Абдуррахман) ибн Ауфты (ө. 32/652) шақырып «Атыңа мін де мұсылмандарды намазға шақырып кел» деді. Жиналған мұсылмандарға намаз оқытқаннан кейін орнынан тұрды да «Араларыңда орындығына шалқайып отырып алып, Аллаһтың мына Құрандағыдан басқа ешнәрсеге тыйым салмағанын айтатындар бар ма?» Уаллаһи, мен де кейбір нәрселерді әмір еттім, тыйым салдым яки ұсыныс жасадым. Олар да Құрандағы әмір, тыйым мен ұсыныстар сияқты маңызды екенін біліп қойыңдар. Расында Аллаһ Тағала әһлі кітаптың үйлеріне рұқсатсыз кірулеріңді, әйелдеріңді ұруды және қарыздарын өтеген жағдайда жемістерін жеуді сендерге арам қылған» деді.[69]

СҮННЕТТІҢ ҚҰРАНҒА СӘЙКЕСТІГІ

Сүннеттің қойған үкімдерін Құранға салып көріп оған сәйкес келетіндігін зерттеу мәселесінде кейбір әлсіз рауилерден жеткен хадистердің ешқандай дәлелі жоқ. Шафи хадистерді тәрк ететіндердің мына риуаятты алға тартатындықтарын айтады:

«Менен сендерге жеткен сөздерді Құранмен салыстырыңдар. Құранға сәйкес келетіндерін мен айтқанмын,

68. Шафи, а.а.ә. 404 б.
69. Әбу Дәуіт, Имара 32; Бәйхақи, Сүнән IX, 204; Хатиб, әл-Кифае 9-10.

сәйкеспейтіндер менің сөзім емес».[70]

Шафи хазірет Пайғамбардан риуаят етілген деп айтылатын осы сөздің, кез келген тақырыпта хадисіне сенім артатын рауи тарапынан риуаят етілмегендігін, оның үстіне сәнадында белгісіз бір рауи бар мұндай мұнқатиғ (сәнады толық емес) бір риуаяттың ешқандай тақырыпта дәлел болмайтынын айтқан.[71] Бәйхақидің айтуынша Шафи осы сөзімен, Халид ибн Әби Кәримәнің Әбу Жағфардан, оның да Расулуллаһтан риуаят еткен мына хабарына ишара жасаған:

Расулуллаһ (с.а.у.) Яһудилерді шақырып алып, олардан кейбір нәрселерді сұрады. Олар хазірет Иса жайлы алып-қашты негізсіз кейбір нәрселерді айтып берді. Сосын Расулуллаһ мінбеге шықты да *«Мен айтты деген хадистер көбейіп кеңге жайылатын болады. Олардың ішінде Құранға сәйкес келетіндері менің сөзім, оған қайшы келетіндер болса, менікі емес»*,[72] депті.

Бәйхақи осы риуаяттың сәнадын (жету жолын) тексеріп бір жағынан Халидтің белгісіз бір рауи екенін, енді бір жағынан рауи Әбу Жағфардың сахаба еместігін, сондықтан да риуаяттың мұнқатиғ екендігін білдірген.[73]

Шафи хадистің Құранға қайшы келмейтінін, алайда хадистердің ғұмум-хусус пен насих-мәнсух жөнінен Құранға түсініктеме беретінін білдіріп, хадистерді мойындауды Аллаһтың парыз қылғанын, сондықтан да Расулуллаһтың сүннетін орындаудың Аллаһтың бұйрығына мойынсұну мағынасына келетінін айтқан.[74]

Бәйхақи сүннеттің қабыл етілуі үшін алдымен Құранға

70. Шафи, а.а.ә. 224 б.
71. Шафи, а.а.ә. 225 б.
72. Һәйсами, Мәжмауз-зәуайд I, 170.
73. Бәйхақи, Марифәтус-Сүнән I, 118, XIII, 153.
74. Бәйхақи, а.а.ә. I, 118.

салыстырып көру керек деген мәселеге байланысты риуаят етілген хадистің бірнеше түрі әр түрлі сәнадтармен келгендігін, десе де бұл сәнадтардың әлсіз екендігін айтқаннан кейін ибн Уәһбтің (ө. 197/812) Амр ибн әл-Харистен (ө. 150/767 ден бұрын) оның да Асбағ ибн Мұхаммед ибн Әби Мансурдан риуаят еткен мына бір мүнқатиғ хадисті келтіреді:

«Мен айтты деген хадистер үшке бөлінеді:

1- Құранның көмегі арқылы танитын хадистер. Бұларды қабылдаңдар.

2- Құранда мәселесі айтылмаған хадистер. Бұларды қабылдамаңдар.

3- Төбе шаштарыңды тік тұрғызып сендерді әсерлендірген хадистер. Бұларды да қабылдамаңдар».[75]

Бәйхақи, Зирр ибн Хубайыш>Асым ибн Әбин-Нәжуд арқылы Али ибн Әби Талибтен риуаят етілген «Менен кейін хадистерімді риуаят ететін көптеген рауилер пайда болады. Олардың риуаят еткен хадистерден Құранға сәйкес келетіндерін алыңдар, сәйкеспейтіндерін алмаңдар» деген хадисін айтқаннан кейін осы риуаятқа байланысты Дарәқутнидің (ө. 385/995) мына көзқарасын келтіреді:

«Осы хадистің Асым ибн Әибн-Нәжуд>Зирр ибн Хубайыш>Али ибн Әби Талиб сәнадымен келген риуаят қате. Дұрысы Асым>Зәйд ибн Али сәнадымен келген риуаят».[76]

Сүннеттің Құранға сәйкес келуі мәселесінде Бишр ибн Нүмейір арқылы хазірет Алиден келген риуаятқа қарағанда, Расулуллаһ (с.а.у.) былай бұйырған:

«Алдағы уақытта менен сендерге хадис жеткізетін көптеген адамдар ортаға шығады. Құранға сәйкес түрде жеткізілгендері менің сөзім. Құранға сәйкеспейтіндері болса,

75. Негізі табылмады.
76. Дарәқутни, Акдия 20.

менікі емес».[77]

Осы риуаяттың сәнатындағы Хұсайын ибн Абдуллаһ ибн Дамира және Бишр Нүмейір, ибн Мағин сияқты рауи сыншыларының сынынан өте алмағандықтан дәлел ретінде келтіруге жарамайды деген тұжырымға келген.

Бәйхақи осы мағынадағы басқа да риуаяттарды да былайша тізбектеп берген:

Салих ибн Мұса арқылы Әбу Һұрайрадан Расулуллаһтың (с.а.у.) былай дегенін риуаят еткен:

«Мен айтқан деген түрлі хадистер сендерге жететін болады. Олардың ішінен Аллаһ Тағаланың кітабы мен менің сүннетіме сай келетіндер менікі, сай келмейтіндері менікі емес».[78]

Осы хадистің риуаятында әлсіз рауилердің қатарына жататын Салих ибн Мұса әт-Талхидің жалғыз өзі қалғандықтан дәлел ретінде келтіруге болмайды. Ал хадистегі «Аллаһтың кітабы мен менің сүннетім» деген сөздің келуіне байланысты бұл риуаят, сүннетті қабылдайтындарға қарсы емес. Керісінше олар үшін дәлел болады.

Тағы да Әбу Һұрайрадан Яхя ибн Адем>ибн Әбиз-Зиб>Садид әл-Макбури арқылы келген риуаятқа қарағанда, Расулуллаһ былай деген екен:

«Менен сендерге ұнамды әрі жатсынбайтын бір хадис жететін болса, оны мен айтсам да айтпасам да құптаңдар. Өйткені мен сендерге ұнамды жақсы нәрселер айтамын; ұнатпайтын нәрселер айтпаймын. Дегенмен менен сендерге ұнамайтын оғаш сөздер жететін болса, оны қолдамаңдар. Өйткені мен, ұнамсыз оғаш сөздерді айтпаймын».[79]

Ибн Һұзаймә (ө.311/923) осы хадистің сәнадын тексере келе былай деп сынға алады «Дүниенің ешқандай жерінде

---

77. Дарәқутни, Акдия 20.
78. Дарәқутни, Акдия 20.
79. Ибн Ади, әл-Камил I, 12; Дарәкутни, Акдия 20..

Яхя ибн Адемнің риуаятынан басқа ибн Әбиз-Зибидің жеткізген хабарын білетін әрі осы хадисді Әбу Һұрайрадан алған хадисшіні кездестірмедім».[80] Сондай-ақ Бәйхақи хадисті һәм рауиі Яхя ибн Адем, һәм мәтіні жағынан да негізсіз хадистердің қатарына жатқызып өте өрескел қайшылықтар бар екендігін білдіре отырып, кейбір рауилердің сәнадында Әбу Һұрайраны көрсетпей де хадисті мүрсәл (сәнадында бір сахаба көрсетілмеген хадис) деп риуаят еткендігін айтқан. Сондай-ақ, Бұхаридің де Әбу Һұрайраны сәнадта көрсетпеуді қателікке жатқызғандығын,[81] сонымен қатар хадистің кейбір риуаяттарында «Менен бір хадис риуаят еткендеріңде, оны Аллаһтың кітабымен салыстырыңдар» деген мағынаның орын алғанын білдірген.[82]

Харис ибн Нәбхан>Мұхаммед ибн Абдуллаһ әл-Арзәми>Абдуллаһ ибн Сайд ибн Әби Сайд арқылы Әбу Һұрайрадан келген риуаят былайша:

«Сендерге жеткен, алайда оны шын мәнісінде мен айтпаған жақсы сөзді мен айтқан болып саналамын».[83]

Бұл хадис сахих емес, ойдан шығарылған. Өйткені сәнадындағы Харис пен Арзәми атты рауилер, сөзі қабылданбайтын рауилердің қатарына жатады. Абдуллаһ ибн Сайд болса, Әбу Һұрайрадан алған риуаяттарда (Әбу Һұрайраны аттап өтіп) көптеген олқылықтар жіберген. Ал Әбу Һұрайрадан келген басқа бір риуаят, осы риуаяттың бір бөлігіне қайшы келеді.

Әбу Машер әс-Синди>Сайд әл-Макбури арқылы келген әрі Әбу Һұрайрадан алынған деген бір хадиске қарағанда Расулуллаһ былай депті:

«Сендерден біреу орындығына шалқайып отырып алып,

80. Зәһәби, Сияру ағлам IX, 524.
81. Бұхари, әт-Тарих III, 474.
82. Ажлуни, Кәшфул-хафа I, 89.
83. Ибн Хазым, әл-Ихкам II, 199.

оған айтылған сөздерге «Маған Құран жетеді» деп қарсылық білдіргенін естімейтін болайын! Сендерге жеткен жақсы сөз, шын мәнінде менікі болса да болмаса да оны мен айтқан боламын. Бірақ сендерге менен жаман сөз жеткізетін болса, оны қабылдамаңдар. Өйткені мен жаман сөз айтпаймын».[84]

Бәйхақи осы хадистің бас жағы сахих хадиске сай келетінін, ал мәтініндегі «менікі болса да болмаса да» деген бөлігінің хазірет Пайғамбар айтты дегенге келмейтінін әрі қабылдауға тұрарлық сөз еместігін айтқан.

Абдуррахман ибн Сәлман>Әбул-Хубәйрис>Мұхаммед ибн Жүбәйір ибн Мутим сәнадымен келген риуаятқа қарағанда, Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген екен:

«Менен сендерге жеткізілген жақсы сөздерді құптаңдар; ұнатпаған сөздеріңді қолдамаңдар. Өйткені мен, сендерге ұнамайтын сөз айтпаймын. Ондайлар менің сөзім емес».[85]

Бәйхақи жоғарыдағы хадистің сәнады толық еместігін айтып, осы тақырыпқа байланысты риуаяттардың ішінде сәнады ең дұрысы ретінде, Рабия>Абдулмәлік Әбу Усайк ибн Сайд ибн Сүбәйд>Әбу Хамид (немесе Әбу Усәйд) арқылы келген мына хадисті келтіреді:

«Менен сендерге жеткен бір сөз, көңілдеріңе қонымды, сезімге әсерлі болып, оны өздеріңе жақын сезінсеңдер ол сөзді айтуға ең лайықты мен боламын. Бірақ менікі деп келген сөз, көңілге қонымсыз, жиркеніш тудырып, сендерге жат болып келсе, ондай сөзден аулақ болатын да менмін».[86]

Бүкәйр>Абдулмәлік ибн Сайд>Аббас ибн Сәһл арқылы келген бір риуаятқа қарағанда Убәй былай деген:

«Расулуллаһтан сендерге, жақсы әрі көңілге қонымды бір сөз жеткізілсе, Елшінің аузынан қайырлы сөзден басқа

84. Ахмет ибн Ханбал II, 367; Һәйсами, а.а.ә. I, 154.
85. Хатиб, әл-Кифая 430 б.
86. Ахмет ибн Ханбал Y, 420; ибн Сағд, әт-Табақат I, 387-388; Бұхари, әт-Тарих Y, 415-416; ибн Хиббан, а.а.ә. I, 141; Һәйсәми, а.а.ә. I, 149.

сөз шықпайтынын біліп қойыңдар».

Бұхари осы риуаят жайлы былай дейді:

«Бұл хабар Әбу Хамид (немесе Әбу Усәйдтен) келген риуаяттан әлдеқайда дұрыс».[87]

Ибн Ләһия дәл осы мағынаға келетін басқа бір хабарды, Бүкәйр ибн әл-Әшәж>Абдулмәлік ибн Сайд>Қасым ибн Сүһәйл арқылы Убәй ибн Қағбтан алған.[88]

Қалай болғанда да Расулуллаһтың айтқаны нақты болған хадистер, ақылға қонымды әрі діннің негізіне сай келеді. Расулуллаһтың діндегі алатын орны мен оған мойынсұну керектігін білетін әрі оның сөздерінің шын екендігіне сенетін, үкімдерін орындайтын әрбір ойы орамды, көкірек көзі ашық адам одан қашпайды. Оның хадистері шариғи жағынан жақсы әрі ұнамды болғаны сияқты, ойлы адамдар үшін ахлақ тұрғысынан да жақсы әрі ұнамды болып келеді. Жоғарыда айтылған әрі дұрыс деп мақұлданған хабарлардан осындай тоқтамға келуге болады.

Бәйхақи ибн Аббастың мына сөзін жеткізген:

«Сендерге Расулуллаһтың бір хадисін айтқанымда, егер оның дұрыстығы Аллаһтың кітабында құпталмай әрі ахлақ жағынан ұнамсыз болса, мен ол сөзді жалған айтқанымды біліп қойыңдар».[89]

Хазірет Алиден мына сөз риуаят етілген:

«Сендерге Расулуллаһтан бір нәрсе жеткізілетін болса, оның ең жақсы басшы, ең жақсы сүйіншілеуші әрі ең жақсы ескертуші екенін ұмытпаңдар».[90]

Бұл хадис Шафидің «Расулуллаһтыкі делінген сахих сүннет, Құранға қайшы келмейді. Керісінше сөзбе сөз

87. Бұхари, әт-Тарих Y, 416.
88. Қайдан алынғаны табылмады.
89. Қайдан алынғаны табылмады.
90. Ибн Мәжә, Муқаддимә 2; Дарими 49, Ахмет ибн Ханбал I, 126, 145; Әбу Яла, әл-Мүснад I, 144.

сәйкес келмесе де Құранның аятын қуаттайды» деген сөзіне демеу беріп тұрғандай. Өйткені Расулуллаһ кейде Құраннан ешкімнің шығара алмайтын мағынаны шығара алады. Бұл сөзімізге дәлел, одан есектерден берілетін зекеттің мөлшері сұралғанда, «Бұл жайында Аллаһ Тағала жалпылама мағынаға келетін мына аяттан басқа бір нәрсе түсірмеген»: **«Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал және кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді»**[91] деп жауап берді.[92]

Міне қараңыз; Расулуллаһ (с.а.у.) есектердің зекетіне байланысты үкімді қандай аяттан шығарған!

Ибн Әби Хатимнің риуаятына қарағанда, ибн Мәсғуд былай деген:

«Құранда айтылмаған ешқандай нәрсе қалмаған. Алайда біздің танымымыз оны түсінуге жете бермейді. Сондықтан да Аллаһ Тағала **«Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірдік»**[93] деген.[94] Міне бұл алғаш мұсылмандардың қатарындағы атақты сахаба ибн Мәсғудтың сөзі...

СҮННЕТ – ҚҰРАННЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ

Кейбір ғалымдар сүннетті Құранның түсіндірмесі деп айтқан. Ибн Бәррәжан да (ө. 536/1141)[95] сүннеттің Құранды қуаттайтындығына байланысты еңбек жазған. Шафи мен

91. Зілзала сүресі, 7-8 аяттар.
92. Бұхари, Тәфсир (Зілзала), 1-2; Мүслим, Зекет 6; Нәсай, Хайл 2; Ахмет ибн Ханбал II, 262, 383; Ибн Хұзәймә, Сахих IY, 10, 32; Бәйхақи, Сүнән I, 15-16.
93. Нахыл сүресі, 44-аят.
94. Қайдан алынғаны табылмады.
95. Аты, Абдуссәлам ибн Абдуррахман. Батыстық. 536/1141 де дүниеден өткен. (Қараңыз Зәһәби, Сияру ағлам XX, 72-73.).

Бәйхақи, Таустан Расулуллаһтың (с.а.у.) мына сөзін риуаят еткен:

«Аллаһтың кітабында адал қылынғаннан басқаны адал, арам қылынғаннан басқаны арам қылмаймын».[96]

Шафи осы хадисті мұнқатиғ екенін айтқаннан кейін былай дейді:

«Расулуллаһтың осылай істеуін және де өзіне келген уахиге мойынсұнуы әмір етілген. Ол солай істеді. Уахи келмеген мәселелерде хазірет Пайғамбардың сүннетімен жүрудің парыз екендігіне куәлік береміз. Оның сүннетін қабыл етуді мына аяттан үйренеміз;[97] **«Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да не нәрседен тыйса, одан тыйылыңдар»**.[98]

Бәйхақи жоғарыда Табустан алынған риуаятты сахих деп қабылдағанымен, ол жерде айтылған «кітап» сөзімен хазірет Пайғамбарға түсірілген уахиді меңзеп тұрғанын айтады. Ал бұл уахидың «оқылатын уахи және оқылмайтын уахи» деп екі түрге бөлінетіндігін білдірген. Шафидің сүннетпен жүруге байланысты жоғарыда дәлел ретінде келтірген аятты, ибн Мәсғуд «наколка жасаған әрі жасатқан әйелдерге Аллаһтың лағнет айтатыны» жайлы бір оқиғада дәлел ретінде келтірген.

ТӨРТ ХАЛИФА МЕН САХАБАЛАРДЫҢ СҮННЕТКЕ КӨРСЕТКЕН ІЛТИПАТЫ

Бәйхақи «төрт Халифа мен өзге сахабалардың хазірет Пайғамбардың хадистерінен пайдаланғандығы жөнінде» деген тақырыпта мына бір риуаяттарды жеткізген:

Қабиса ибн Зүәйбден (ө. 80/699) риуаят етілгеніне

96. Бәйхақи, а.а.ә. ҮІІ, 75; Шафи, әл-Умм ҮІІ, 288; Һәйсәми, а.а.ә. І, 171.
97. Шафи, Жимаул-илим 82-84 б.
98. Хашыр сүресі, 7-аят.

қарағанда бір кемпір, өзіне берілетін мирастың мөлшерін білу үшін хазірет Әбу Бәкірге келді. Хазірет Әбу Бәкір «Құранда сенің мәселеңе байланысты бір аят жоқ; Расулуллаһтың сүннетінде бар деп ойламаймын. Сен қазірше бара тұр, мен сахабалардан мұны сұрап білейін» деп әлгі кемпірді кері қайтарды. Содан кейін хазірет Әбу Бәкір сахабалардың ортасына осы мәселені тапсырғанда Мұғира ибн Шуғбә, Расулуллаһтың мұндай әйелге алтыдан бір мирас бергеніне куә болғанын айтты. Бұл сөздің ақиқатына көз жеткізбек болған хазірет Әбу Бәкір, Мұғираға осыған куә болатын адам бар ма деп сұрады. Ол жерде отырғандардың бірі Мұхаммед ибн Мәсләмә әл-Ансари (ө. 40/660 дан кейін) деген сахаба орнынан тұрып Мұғираның сөзін растағанда хазірет Әбу Бәкір Мұғираның риуаятына қарай әлгі кемпірге мирас алуына үкім берді.[99]

Ибнул-Мүсайябтан (ө. 93/712) риуаят етілгеніне қарағанда хазірет Омар малдың әке жағынан туысқандарына берілетінін, осыған байланысты жұбайы, күйеуінің малына мирасқор болмайтынын айтты. Алайда Даххақ ибн Суфян, Расулуллаһтың өзіне жазған хатында Үшәйм ибн Даббаб әйеліне күйеуінің малынан мирастан үлес бөлуін жазғанын айтқанда хазірет Омар, алдынғы көзқарасынан бас тартып Расулуллаһтан көргенін істеген.[100]

Таус мына риуаятты жеткізген:

Хазірет Омар сахабалардан тастанды бала жайында Расулуллаһтан бір нәрсе естіп-етімегендігі жайлы сұрады. Хамәл ибн Малик ибн ән-Набиға орнынан тұрып мына

99. Әбу Дәуіт, Фәрайз 5; Тирмизи, Фәрайз 10; ибн Мәжә, Фәрайз 4; Малик III, 111; Дарими, Фәрайз 18; Ахмет ибн Ханбал IY, 225; Абдурраззақ, әл-Мүсаннәл X, 274; Бәйхақи, а.а.ә. YI, 234.

100. Шафи, әр-Рисалә, 426; әл-Умм YI, 88; Әбу Дәуіт, Фәрайыз 18; Тирмизи, Дият 19; ибн Мәжә, Дият 12; Дарими, Дият 20; Малик IY, 194-195; Ахмет ибн Ханбал III, 453; Дарәқутни а.а.ә. Y, 77; Абдурраззақ, а.а.ә. IX, 397-398; Бәйхақи, а.а.ә. YIII, 57-58.

оқиғаны айтып берді:

Екі күңім бар болатын. Оның біреуі жүкті күңді таяқпен ұрып баласын тастауына себепші болды. Расулуллаһ (с.а.у.) осы оқиғада, дені сау адамға төленетін құнның жиырмадан біреуі берілсін деп үкім берді.

Хазірет Омар осыны көргеннен кейін «Егер бұл хадистен хабарымыз болмағанда, өзімнің көзқарасым бойынша басқа үкім беретін едік!», деді. [101]

Бәйхақи осыған орай айтылған Шафидің мына сөзін жеткізеді:

«Хазірет Омар, Даххақтың жеткізген хадисін қолдана отырып, өзінің көзқарасы бойынша берген үкімнен бастартқан. Тастанды балаға байланысты хадисті естімегенде өзінің ойына салып басқа бір үкім берген болар еді».[102]

Бұхари мен Мүслим, ибн Шиһаб әз-Зүһри арқылы Абдуллаһ ибн Амр ибн Рабиғадан (ө. 80/699 шамасы) жеткен мына оқиғаны риуаят еткен:

Хазірет Омар Шам қаласына бармақ болып жолға шығады. Шамға баратын жолдың бойындағы Тәбук деген аймақта орналасқан «Сәрғ» атты ауылға барғанда, Шам қаласында оба ауру шыққандығы жайлы хабар алады. Мұны естіген Абдуррахман ибн Ауф, хазірет Омарға Расулуллаһтың (с.а.у.) мына бір сөзін айтып есіне түсіреді:

«Бір жерде оба ауруы шыққанын естісеңдер, ол жерге бармаңдар. Ал егер тұрғылықты жерлеріңнен оба ауруы тарайтын болса, ол жерден қашып шықпаңдар».

Осы хадисті естіген хазірет Омар, сапардан бас тартып

101. Шафи, а.а.ә. 426 б; әл-Умм YI, 107; Ахмет ибн Ханбал IY, 79-80; Әбу Дәуіт, Дият 19; Нәсай, Иқамә 12; ибн Мәжә, Дият 11; Дарими, Дият 20; ибн Хиббан, әс-Сахих YII, 605; Абдурраззақ, а.а.ә. X, 58-59; Дарәқутни, а.а.ә. III, 116-117; Хаким, әл-Мүстадрәк III, 575; Бәйхақи, а.а.ә. YIII, 43; әл-Мәдхал, 93 б.

102. Шафи, а.а.ә. 427 б.

Сәрғтен кері оралады.

Ибн Шиһаб, Салим ибн Абдуллаһ ибн Омардың «хазірет Омар Абдуррахман ибн Ауфтың жеткізген хадиспен амал етіп қасындағылармен бірге кері қайтты» дегенін айтқан.[103]

Бұхаридің Бәжаләден[104] риуаят етілгеніне қарағанда хазірет Омар, Расулуллаһтың (с.а.у.) Нәжәр Мәжусилерінен жизия алғандығына Абдуррахман ибн Ауфтың куәлік бергеніне дейін олардан жизия алмаған.[105]

Зейнеп ибн Қаб ибн Ужра, Әбу Сайд әл-Хұдридің қарындасы Фурая ибнт Малик ибн Синаннан мына хабарды жеткізеді:

«Фурая Расулуллаһқа келіп, қашқан құлдарды іздеуге шыққан күйеуінің Тарафул-Қадум[106] деген жерде әлгі құлдар тарапынан өлтірілгендігін, күйеуінің артында тұратын үй қалмағандығын, сондықтан Бәни Худрада тұратын жанұясымен бірге тұрғысы келетінін айтып, осыған бір шешім беруін өтінді. Расулуллаһ «Ғиддет мерзімің біткенге дейін үйіңде отыр» дегенде, күйеуінің үйінде төрт ай он күн ғиддет күткендігін айтқан Фурая, «хазірет Осман халифа болғанында осы мәселені сұрап білу үшін маған адам жіберді. Мен оған осы оқиғаны айтып бердім. Ол сол бойынша үкім берді» деген».[107]

---

103. Бұхари, Тыб 30; Мүслим, Сәлам 92; Әбу Дәуіт, Жәнайз 6; Ахмет ибн Ханбал I, 182, 193; Бәйхақи, а.а.ә. III, 376.
104. Аудармада негізге алынған баспадағы нұсқада бұл риуаят Айшадан жеткен болса да, іздестіру нәтижесінде Бәжалә (ибн Абдә) атты бір табиғиннен риуаят етілгендігі мәлім болды. (Аудармашы)
105. Бұхари, Жизия; Әбу Дәуіт, Хараж 31; Тирмизи, Сияр 31; Дарими, Сияр 58; Әбу Убәйд Қасым ибн Сәллам, әл-Әмуал 77 б; Дарәқутни II, 154-155; Шафи, әр-Рисалә 430-431; Абдурраззақ, а.а.ә. YI, 68; Бәйхақи, а.а.ә. YIII, 247-248.
106. Мадина қаласына жақын жердегі таудың аты. (Қараңыз. Хамәуи, Мужәмул-булдан IY, 312.). (аудармашы)
107. Әбу Дәуіт, Талақ 42; Тирмизи, Талақ 23; Нәсай, Талақ 60; ибн Мәжә, Талақ 8; Дарими, Талақ 13; Малики III, 223; Ахмет ибн Ханбал YI, 370; Шабий, әр-Рисалә 438-439; әл-Умм Y, 227; Хаким, әл-Мүстәдрәк II, 208; Бәйхақи,

Али ибн Әби Талиб былай деп айтқан:

«Расулулаһтың өзінен бір хадис естігенімде, Аллаһ Тағаланың нәсіп еткенінше одан пайдаланатынмын. Алайда сахабалардың біреуі маған бір хадис жеткізсе одан ант етуін қалайтынмын. Хазірет Әбу Бәкір маған Расулуллаһтың «Жақсылап дәрет алғаннан кейін екі рәкағат намаз оқып соңынан Аллаһтан кешірім тілеген күнәһар мүмінді Аллаһ кешіреді»,[108] деп айтқанын риуаят еткен.

Бұхари мен Мүслимнің риуаят еткеніне қарағанда Зәйд ибн Сәбит ибн Аббасқа етеккірі келген әйелдің қажылықта қоштасу тауафын орындамай Қағбадан кетуіне пәтуа бере аласың ба деп сұрады. Ибн Аббас «Иә, беремін. Сенбесең Аңсарлық пәленше әйелден сұра; Расулуллаһ оған осылай әмір етпеген бе еді?» дегенде, Зәйд ибн Сәбит әйелден мәселенің анық-қанығын сұрады; ол күлімсіреп кері қайтты да ибн Аббасқа «Дұрыс айтасың» деді.[109]

Шафи осы мәселеге байланысты былай дейді:

«Ибн Аббаспен келіспеген Зәйд ибн Сәбит, алдымен осы пәтуаға қарсы шықты. Бірақ Аңсарлық әйелдің Расулуллаһтан алған хадисін естігеннен кейін өзінің көзқарасынан бас тартты».[110]

Бұхари мен Мүслим, Сайд ибн Жүбәйірден мына хабарды риуаят еткен:

«Ибн Аббасқа, Нәуф әл-Бәққала «Қызырдың (а.с.) жолдасы болған Мұса, Исрайыл ұлдарының пайғамбары болған хазірет Мұса емес деп айтты», дедім. Сонда ибн Аббас «Өтірік айтады Аллаһтың дұшпаны! Убәй ибн Қаб маған Расулуллаһ бір хұтпасында өздеріне осы тақырып

а.а.ә. ҮІІ, 434.

108. Әбу Дәуіт, Салат 361; Ахмет ибн Ханбал І, 10; Хумәйди, а.а.ә. І, 4.

109. Бұхари, Хаж 144; Мүслим, Хаж 381; Әбу Дәуіт, Мәнасик 84; Бәйхақи, а.а.ә. Ү, 161; Шафи, әр-Рисалә 440-441; әл-Умм, ІІ, 180-181.

110. Шафи, әр-Рисалә 441-442 б.

жайлы түсіндіріп бергенін айтты» деді де, Мұса мен Қызыр жайлы хадисті айтып берді.[111]

Шафи, фиқһ білімін терең меңгерген әрі тақуа бола тұра ибн Аббастың, Расулуллаһтың хадисіне қайшы келетін риуаят келтіргені үшін мұсылманға «Аллаһтың дұшпаны» деп оны өтірікшілердің қатарына қосқанын айтқан.[112]

Бәйхақи мен Хакимнің Хишам ибн Хужәйірден[113] риуаят еткеніне қарағанда Таус, екінті намазынан кейін екі рәкағат намаз оқиды екен. Ибн Аббас одан осы екі рәкағат намазды оқымауын талап етті. Бірақ Таус әдеттегідей намазын жалғастыра бергендіктен ибн Аббас «Аллаһтың Елшісі екінті намазынан кейін намаз оқуға тыйым салды. Сен осы оқыған намазың үшін азапқа душар боласың ба, әлде сауапқа кенелесің бе мұны білмеймін. Өйткені Аллаһ Тағала: **«Аллаһ және Елшісі қашан бір іске үкім берсе, мүмін ер және мүмін әйел үшін олардың істерінде ерікті болуларына болмайды»**,[114] деп бұйырған» деді.[115]

Шафи, ибн Аббастың Елшіден алған хадисіне сүйене отырып, Таустың әрекетінің дұрыс еместігін анықтап бергенін, сондай-ақ жоғарыдағы аятты дәлел ретінде келтіріп Аллаһ пен Елшісінің үкімі бар жерде ерікті қолдануға болмайтынын айтқан.[116]

---

111. Бұхари, Әнбия 27; Мүслим, Фәдайл 170; Тирмизи, Тәпсир 18; Ахмет ибн Ханбал Ү, 117-118; Шафи, а.а.ә. 442; Хұмәйди, а.а.ә. I, 182; Бәйхақи, Марифәтус-Сүнән I, 36; әл-Әсма, 116-117; Хатиб, әр-Риһлә 97-98; Ибн Абдилбәрр, Жамиғ 400.
112. Шафи, а.а.ә. 442-443.
113. Аударылып отырған кітаптағы нұсқада Хишам ибн Жүбәйір деп жазылғанымен хадис кітабында Хишам ибн Хужәйір деп риуаят етілген. (Аудармашы).
114. Ахзап сүресі, 36-аят.
115. Шафи, әр-Рисалә, 443 б; Дарими, Муқаддимә 39; Хаким, а.а.ә. I, 110; Бәйхақи, Сүнән II, 453; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 559 б; Хатиб, әл-Фақиһ I, 380.
116. Шафи, а.а.ә. 444 б.

Мүслимнің риуаят еткеніне қарағанда ибн Омар былай деген: «Біз егіндіктерді белгілі бір бөлігін алатын болып жалға беретінбіз. Мұны дұрыс деп ойлайтынбыз. Бірақ Рафи, Расулуллаһтың (с.а.у.) бұл нәрсеге тыйым салғанын айтқанда бастарттық».[117]

Шафи ибн Омардың осы хадисті естімей тұрып, белгілі бір бөлігін алатын болып жерді жалға беруді дұрыс деп ойлап, кейіннен сенімді бір адамнан Расулуллаһтың мұндай іске тыйым салғанын білгенде одан бастартқанын білдірген.[118]

Ата ибн Ясардан риуаят етілгеніне қарағанда, Муғауия ибн Әби Суфян алтын немесе күмістен жасалған су құйятын ыдысын, салмағынан артық ақшаға сатқанда Әбу Дәрда, Муғауияға өз салмағынан артық сатуға Расулуллаһ тыйым салғанын есіне салды. Муғауия онда тұрған не бар деп айтқанда Әбу Дәрда: «Мен оған Расулулаһтың хадисін айтып тұрмын, ол болса өзінің көзқарасын айтып жатыр! Бұдан былай сенімен бір жерде отырмаймын!» деді.[119]

Шафи осы оқиғаға байланысты былай деп тұжырым жасайды:

«Әбу Дәрда Муғауияға дәлел ретінде хадис айтып тұрса да Муғауияның сенімді сахабаның сөзіне мән бермеуін үлкен ағаттық деп қабылдағандықтан оның отырған жерінде отырмаймын деп шешім қабылдаған».[120]

Шафи осы тақырыпқа байланысты мына бір ұқсас оқиғаны келтіреді:

«Әбу Сайд әл-Худри бір адаммен кездесіп, оған Расулуллаһтың (с.а.у.) бір хадисін айтып берді. Әлгі адам

117. Мүслим, Бую 99; Әбу Дәуіт, Бую 31; Нәсай, Музара 2; ибн Мәжә, Руһун, 7; Дарими, Бүю, 72; Ахмет ибн Ханбал, I, 234; II, 11; III, 312; IY, 142; Табарани, а.а.е, IY, 285-286; Бәйхақи, Сүнән, YI, 128; Хүмәйди, а.а.ә. I, 198; Шафи, әр-Рисалә, 445 б.
118. Шафи, а.а.ә. 445 б.
119. Бәйхақи, Сүнән, Y, 280; Ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 570 б; Шаифй, а.а.ә. 446 б.
120. Шафи, а.а.ә. 446-447 б.

хадиспен келіспейтінін білдіргенде Әбу Сайд: «Уаллаһи, сенімен бір шатырдың астында бола алмаймыз!» деді».

Шафи Расулуллаһтан алған хадистің қабылдамағанына Әбу Сайдтың ызасы келгенін білдірген.[121]

Бұхари мен Мүслимнің риуаятына қарағанда хазірет Омар, хазірет Пайғамбардың: «Әйелдердің түнде мешітке баруына бөгет болмаңдар» деп бұйырғанын айтты. Сонда ибн Омардың ұлдарының біреуі, «Егер оларға бөгет болмасақ мешітті бүліктің ұясына айналдырады» деп қарсылық білдіргенде ибн Омар көкірегін қағып «мен саған Расулуллаһтың сөзін айтып тұрмын; сен маған әлі де өзіңнің білетініңді оқып тұрсың!» деп оны кінәлады.[122]

Тағы да Бұхари мен Мүслимнің Абдуллаһ ибн Бүрейдеден риуаят еткен басқа бір хадисінде:

Абдуллаһ ибн Муғаффәл тас лақтырып жатқан бір адамды көрді де Расулуллаһтың бұған тыйым салғанын, сондай-ақ мұның не аң аулауға не дұшпанды жаралауға жарамайтынын, тек қана тіс сындырып көз шығаратынын айтып тас лақтыруына бөгет болды. Алайда сол адамның тағы да тас лақтырып жүргенін көргенде, «Мен саған Расулуллаһтың хадисін айттым, сен болсаң әлі де тас лақтырып жүрсің! Уаллаһи, бұдан былай сенімен сөйлеспеймін!» деді.[123]

Бұхари мен Мүслимнің Сахих кітаптарында Имран ибн Хұсайынның мына хадисі риуаят етіледі:

Расулуллаһ (с.а.у.) *«Ұят, толығымен қайырлы»* деген.

Бүшәйр ибн Қағб, «Біз кітапта үнсіздік, салмақтылық

---

121. Шафи, а.а.е. 447 б.
122. Бұхари, Жұма 13; Мүслим, Салат 138; Әбу Дәуіт, Салат 52; Тирмизи, Салат 400; ибн Мәжә, Мұқаддимә 2; Дарими, Мұқаддимә 40; Ахмет ибн Ханбал II, 140; ибн Хузәйме, Сахих III, 93; Хаким, Марифе 182 б; Бәйхақи, Сүнән III, 132.
123. Бұхари, Зәбайһ 5; Мүслим, Сайд 45; Нәсай, Қасамә 40; ибн Мәжә, Мұқаддимә 2; Дарими, Мұқаддимә 40; Ахмет ибн Ханбал Ү, 6, 56, 57; Бәйхақи, а.а.ә. IX, 248.

пен ынжықтықтың да ұялшақтықтан туындайтынын оқыған едік», дегенде Имран ашу шақырып, «Мен саған Расулуллаһтың сөзін айтып тұрмын, сен болсаң оқыған кітабыңнан бір нәрселер түсіндіріп қарсылық білдіріп тұрсың» деді.[124]

Бәйхақи мен Хаким Хасанул-Басриден мына бір хадисті жеткізеді:

Имран ибн Хұсайын, Елшінің (с.а.у.) сүннеті жайлы айтып жатыр еді. Бір адам, «Ей, Әбу Нүжәйд! Сен бізге Құран жайлы айтсаңшы...» дегенде Имран, «Сен және жолдастарың Құран оқисыңдар. Маған намаз және намаздың шарттарын; алтын, түйе, сиыр мен басқа да малдардың түрінен берілетін зекеттің мөлшерін айтып бере аласың ба?» деп сұрағаннан кейін Расулуллаһтың зекет беруге байланысты парыздарды түсіндіріп бергенде әлгі адам, «Сен менің көзімді аштың, Аллаһ Тағала да сенің көзіңді ашсын» деді.

Хасанул-Басри сол адамның кейіннен фиқһ білімін терең меңгеріп жоғары мәртебеге жетіп дүниеден өткенін айтқан.[125]

РАСУЛУЛЛАҺТАН КЕЛГЕН ХАБАРЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ САХАБАЛАРДЫҢ ИЖМАСЫ

Шафи бұл жайында «Расулуллаһтан келген хабарларды қабылдамайтын сахаба мен табиғин болмайтын», дегеннен кейін, Салим ибн Абдуллаһтан мына хадисті риуаят еткен:

«Хазірет Омар зиярат тауафынан бұрын, шайтанға тас лақтырудан кейін иіс су себуге тыйым салды. Ал негізі бибі Айша Расулуллаһ ихрамға кіргенде әрі ихрамнан шыққанда

124. Бұхари, Әдеп 77; Мүслим, Иман 61; Әбу Дәуіт, Әдеп 6; Ахмет ибн Ханбал IY, 426, 427, 440, 442, 445, 446.

125. Бәйхақи, а.а.ә. X, 272; Хаким, а.а.ә. I, 109-110; Хатиб, әл-Кифая 15 б; әл-Фақиһ I, 237-238.

оған өз қолымен иіс су жаққандығын айтқан. Расулуллаһтың сүннеті орындауға ең лайықты».[126]

Шафи осы риуаятқа байланысты Салимнің, халифа болған атасы хазірет Омардың сөзін, халифа болып тұрған кездің өзінде бір жаққа ысырып қойып хазірет Айшаның хабар берген Расулуллаһтың сүннетімен амал еткендігін, сахаба мен табиғуннан із болып қалған осындай мұқияттылықты, өзінің дәуіріне дейін сақтағандығын, сүннетпен жүргендердің мақтан тұтылып, жүрмегендерді масқара күйге түскендігін білдіріп, бұл жолдан шыққандарды әрі сахабалар мен одан кейін келгендердің ізінен адасқан надандар екендігін айтқан.[127]

Осы жерге дейін айтылған сөз бен хадистерге сүйенген дәлелдер және кейбір пайдалы мәліметтер Бәйхақидің әл-Мәдхал атты еңбегінде айтылса да негізінде Имам Шафиден алынған. Шафи өзінің өмір сүрген ғасырында хадистерді қабылдамайтын рафизи және діннен шыққандармен тартысуға мәжбүр қалғанда, осы тақырыпқа байланысты ауқымды да кең мәліметтер берген.

Бәйхақидің кітабының әр түрлі жерлерінде айтып өткен басқа да риуаяттар бар. Мұнда оларды айтып өткеннен кейін Бәйхақи мен Шафидің еңбектерінде болмаған риуаяттарды келтіремін.

ӘЮБ ӘС-САХТИЯНИДІҢ СҮННЕТ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСЫ

Әюб әс-Сахтияни (ө. 131/748) былай деген:

«Бір адамға сүннет жайлы айтқанда, «сүннетті қоя тұр, бізге Құран жайлы айт» десе, ол адамның адасқандығын

126. Нәсай, Хаж 41; Хүмәйди, а.а.ә. I, 105; ибн Һүзәймә, а.а.ә. IY, 303; Бәйхақи, а.а.ә. Y, 135-136; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 571-572; Хатиб, әл-Фақиһ I, 276; Шафи, әл-Умм II, 151.
127. Шафи, а.а.ә. YII, 215-216.

біліп қой!»[128]

Әузағи, мұның себебін былай түсіндіріп берген:

«Өйткені сүннет, Құранға үкім етуші болып келген, алайда Құран сүннетке үкім етпейді».[129]

Әюб әс-Сахтияни мына оқиғаны айтып береді:

«Бір адам Мұғтарриф ибн Абдуллаһтың (ө. 95/713-714) жанында «Бізге Құранда жоқ нәрселерді айтпаңдар» дегенде Мұғтарриф, «Уаллаһи, біз Құранға қосымша бір нәрсе қосып жатқан жоқпыз; тек қана Құранды бізден жақсы білетін Расулуллаһтың хадистерін жеткізіп жатырмыз» деді».[130]

Бұхаридің риуаятына қарағанда Мәруан ибн Хакем (ө. 65/684) былай деген:

«Мекке мен Мадинаның арасында хазірет Али мен хазірет Османды көрдім. Хазірет Осман тәмәттү қажылығын яғни қажылық пен ұмраны біріктірмеңдер деп тыйым салып жатыр еді. Мұны естіген хазірет Али тәмәттү қажылығын орындамақ болып қажылық пен ұмра үшін бірге тәлбия айта бастағанда хазірет Осман, «Мен адамдарды бұл істен тыйып жатырмын, сенің істеп жүргенің не?!» деді. Сонда хазірет Али, «Бір адамның сөзіне қарап Расулуллаһтың сүннетін тәрк ететін жағдайым жоқ» деп жауап берді.[131]

Мүслим Сүлеймен ибн Ясардан мынандай бір хадис риуаят етеді:

Әбу Һұрайра ибн Аббас пен Абдуррахман ибн Ауфтың ұлы Әбу Сәләмә, күйеуі дүниеден өтер кезінде босанған әйелдің ғиддет жағдайын тартысып жатқан еді. Ибн Аббас екі ғиддет мерзімінен ұзағырақ, яғни төрт ай 10 күн ғиддет күту керектігін, Әбу Сәләмә болса босанған күннен бастап иддеттің де бітетіндігін айтты. Әбу Һұрайра да Әбу Сәләмәмен бірдей көзқараста екендігін айтқанда, мәселенің

128. Хаким, Марифә 65 б.
129. Дарими, Мұқаддимә 48.
130. Ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 562.
131. Бұхари, Хаж, 34; Нәсай, Мәнасик 49; Бәйхақи, а.а.ә. Ү, 22, 2357; Әбу Яғла, а.а.ә. I, 342.

анық-қанығын білу үшін Расулуллаһтың ханымы Үммә Сәләмәге бір адам жіберді. Үммү Сәләмә Әслами қауымынан Сүбәя деген әйел күйеуі дүниеден өткеннен кейін көп уақыт өтпей босанады. Ол қайтадан үйлену үшін пәтуа сұрағанда Расулуллаһтың оған рұқсат бергендігін айтты.[132]

САХАБАЛАРДЫҢ ДӘУІРІНДЕ «ӨТІРІК АЙТУ» ДЕГЕН ЖОҚ ЕДІ

Бәйхақи Бәраның былай деп айтқандығын риуаят еткен:

«Барлығымыз Расулуллаһтың (с.а.у.) хадистерін естуге мүмкіндік таба бермейтінбіз. Өйткені әркімнің өзіне тиесілі мал-мүлігі мен айналысатын шаруасы болатын. Бірақ адамдар өтірік айтпайтын, хадистерді естігендер естімегендерге жеткізетін».[133]

Қатада (ө. 117/735) болса бұл жайлы былай деген:

«Әнәс бір хадис айтты. Оны естіген біреу оған «Сен бұл хадисті Расулуллаһтың өз аузынан естідің бе?» деп сұрағанда, «Иә, өз аузынан естідім» (немесе «оны маған өтірік айтпайтын біреу айтты») деп жауап берді де «Уаллаһи, біз өтірік айтпаймыз, тіпті өтірік дегеннің не екенін де білмейміз» деді».[134]

Бәйхақи Мәліктен келген бір риуаятқа қарағанда Рәжаның, «Абдуллаһ ибн Омар Расулуллаһтың әміріне, сүннетіне әрі іс-қимылдарына көңіл аударғаны соншалық, оны көргендер ақылынан адасқан ба деп айтуға дейін баратын» деп айтқанын жеткізген.[135]

---

132. Мүслим, Талақ 57; Тирмизи, Талақ 18; Нәсай, Талақ 56; Дарими, Талақ II, Ахмет ибн Ханбал YI, 314; Бәйхақи, а.а.ә. YII, 429.
133. Рамәһүрмүзи, әл-Мухаддисул-фасыл 235 б; Хаким, әл-Мүстәдрәк I, 137; Марифәтүс-Сүнән 14 б; Хатиб, әл-Жамиғ I, 117; әл-Кифая 385 б.
134. Хаким, әл-Мүстәдрәк III, 575; Хатиб, а.а.ә. I, 117; Табәрани, әл-Кәбир I, 218.
135. Зәһәби, Сияру ағлам III, 213.

Сәмура былай деген:

«Расулуллаһтың дауыстап оқыған намаздарында мына екі жерде үндемегендігі есімде қалыпты. Ифтитаһ тәкбірінде және Фатиханың соңында...

Имран ибн Хүсайын осы жайлы Убәй ибн Қағбқа бір хат жазды. Убәй оған берген жауабында Сәмураны қолдап әрі «Сәмура Расулуллаһтың хадистерін жаттап алған болатын» деген».[136]

Ибн Сириннің риуаятына қарағанда ибн Аббас, мұсылмандарға пітір садақасын беру керектігін айтқанда қарсы шықты. Сонда ибн Аббас Сәмураға хабар жібертіп Елшінің пітір садақа беру жайлы әмірін біліп-білмейтінін сұрады. «Иә, білемін» деп жауап бергеннен кейін ибн Аббас «Олай болса мұны халыққа не үшін айтпай жүрсің?» деп Расулуллаһтың пітір садақа жайлы әмірін мұсылмандарға айтпағыны үшін Сәмураны кінәлады.[137]

Бұхари Абдуллаһ ибн Амрдан Расулуллаһтың (с.а.у.) былай дегенін риуаят еткен:

«Менен бір аят естісеңдер оны адамдарға жайыңдар. Хадистерімді бір-бірлеріңе жеткізіңдер; бірақ маған өтірікті жолатпаңдар. Кімде-кім маған әдейі өтірікті телитін болса тозақтағы орнына дайындалсын!».[138]

Ибнул-Мүбарәк мына оқиғаны айтып береді:

Әбу Асамә Әбу Ханифаға, «Мен ақылға негізделген мына кітаптарды есту арқылы үйрендім. Хадистерді кімнен есту керектігі жайлы қандай ұсынысың бар?» деп сұрады.

136. Әбу Дәуіт, Салат 122; Тирмизи, Салат 186; ибн Мәжә, Икамәтус-салат 12; Дарими, Салат 37; Абдурразақ, а.а.ә. II, 134-135; Ахмет ибн Ханбал Ү, 7, 15, 20; ибн Хүзәймә, а.а.ә. III, 35; ибн Хиббан, Сахих III, 143; Хаким, әл-Мүстәдрәк I, 215; Бәйхақи, а.а.ә. II, 195; Дарәқутни, а.а.ә. I, 309, 36.

137. Қайдан алынғаны табылмады.

138. Бұхари, Илим 38; Мүслим, Зүһд 72; Әбу Дәуіт, Илм 4; Тирмизи, Илм 8, 13; ибн Мәжә, Муқаддимә 4; Дарими, Муқаддимә 46; Ахмет ибн Ханбал II, 159, 202, 214.

Әбу Ханифа «Шиғалардан басқа, әділ жүретіндерден алуыңа болады. Өйткені Шиғалардың сенім негізінде «Сахабалар адасқан» деген түсінік бар. Кімде-кім сұлтанның бұғауына кіретін болса, барша адамдар оған бас иіп тұрса да ол мұсылмандардың басшысы болуға лайық емес»[139] деп жауап береді».

Әбу Ханифаның Шиғалар жайлы айтқан осы сөздері, кітаптың алғы сөзінде айтқандарыма сай келеді.

Хармәлә ибн Яхя, имам Шафидің мына бір сөзін жеткізеді:

Әһли һәуа/бидғатшы топтардың ішінде, Рафизилерден өтірік куә болу жөнінен асып түсетін топ жоқ.[140]

ХАДИС ҮЙРЕНУ ҮШІН САПАР ШЕГУ

Жабир ибн Абдуллаһ былай деген:

«Сахабалардан біреуінің Расулуллаһтан естіген хадисін менің естімегендігім жайлы мәлімет алдым. Дереу бір түйе сатып алып қажетті дайындығымды жасадым да жолға шықтым. Бір ай бойы жол жүріп ақыры Шам қаласына бардым. Әлгі хадисті риуаят еткен сахаба Абдуллаһ ибн Үнәйс әл-Ансари екен. Қасына бардым да «Сенің Расулуллаһтан естіген, алайда мен оны естімеген зұлымдық жайлы айтылған хадисің маған жетті. Осы хадисті естімей тұрып екеуміздің біреуміз өліп қалармыз деген қорқынышпен саған келдім», дегенімде Абдуллаһ ибн Үнәйс, Расулуллаһтың былай дегенін айтты:

«Адамдар қиямет күні жалаңаш түрде, сүннетсіз әрі он екі мүшесі сау күйде/бүһм түрде қайта тіріледі».

«Біз «бүһм» деген не?» деп сұрағанда Расулуллаһ «Құр алақан. Оларды ұзақтан әрі жақын жерден шақыратын

139. Хатиб, әл-Зәһәби, 126 б.
140. Бәйхақи, а.а.ә. I, X, 208; Зәһәби, а.а.ә. 89.

мынандай дауыс шығып тұрады: «Төреші менмін, дәян[141] менмін. Жұмаққа кіретін адамға зұлымдық жасаған тозақтық осы ақысын өтемей тұрып тозаққа кірмейтіні сияқты, тозақтық бір адамға зұлымдық жасаған жұмақтық та сол ақысын өтемей тұрып жұмаққа кірмейді; бір рет ұрып зұлымдық жасаған болса да».

«Расулуллаһқа «Қиямет күні қасымызда осы ақымызды өтейтіндей ешнәрсе болмайды, жалаңаш тіріледі екенбіз. Бұл қалай болады?», дегенімізде Расулуллаһ, «Жақсылық пен жамандықтарыңызды айырбастау арқылы...» деп жауап берді.[142]

Бәйхақи Ата ибн Әбу Рабаһтың (ө. 114/732) былай дегендігін риуаят еткен:

«Әбу Әюб (әл-Ансари) естіген бір хадистің ақиқатына көз жеткізу үшін, ол хадисті Расулуллаһтан естігендердің ішінде тірі қалған жалғыз сахаба Укба ибн Амрға (ө. 60/680) бармақ болып жолға шықты. Алдымен Мысырлық әмірші Мәсләмә ибн Мұһалледтің (ө. 62/681-682) үйіне ат басын тіреп онымен біраз уақыт көріскеннен кейін, оған Укбаның үйіне алып баратын адам тауып бер деп өтініш жасады. Мәсләмә Әбу Әюбқа Укбаның үйін көрсететін адам тауып берді. Укба, Әбу Әюбты құшақтап қарсы алғаннан кейін «Жайшылық па Әбу Әюб! Не үшін келдің?» деп сұрағанда Әбу Әюб, «Мүміннің қателігін жасыруға байланысты Расулуллаһтан естіген хадисті алу үшін келдім» деді. Сонда Укба, «Иә, Расулуллаһтың, «Кімде-кім дүниеде бір мүміннің айбын жасырса, қиямет күні Аллаһ та оның айыбын жасырады» деп айтқанын естідім» деді.

Хадисті Укбаның өз ауызынан естіген Әбу Әюб, Мадинаға қайтпақ болып жолға шықты. Мысырдың әміршісі

141. «Есепке тартатын, нағыз құдірет иесі» дегенді білдіреді. (Аудармашы).
142. Бұхари, Илм 19; Ахмет ибн Ханбал III, 495; Хаким, а.а.ә. II, 437-438; Хатибул-Бағдади, әр-Рихлә 111 б; Муттақи, Кәнзул-үммал 38953.

Мәсләмәнің сыйлығын, Мысыр Аришиніне[143] дейін жеткізіп берді».[144]

Бұхари мен Мүслим, Салих ибн Хайдың мына сөзін риуаят еткен:

«Шағбидің қасында едім. Хорасандық бір кісі, Шағбиге, «Хорасанда перзент дүниеге әкелген күңді, азат етіп сосын онымен үйленген адамды; сыйға тарту еткен жануарын көлік ретінде қолданған адамға ұқсатамыз» деді. Осы сөзді естіген Шағби, мына хадисті риуаят етті:

«Мына үш адамға үш есе сауап беріледі: Біріншісі, күңіне жақсы тәлім-тәрбие беріп, оны азат еткеннен кейін онымен үйленген; екіншісі, һәм өзінің пайғамбарына һәм хазірет Мұхаммедке иман келтірген кітап иесі; үшіншісі Аллаһтың және мырзасының ақысын жемеген құл...

Шағби осы хадисті риуаят еткеннен кейін Хорасандық адамға, «Сенен ешқандай ақы алмай хадис риуаят еттім. Адамдар бұдан да азын алу үшін Мадинаға дейін баратын еді» деді».[145]

Сайд ибн әл-Мүсәйәб былай деген:

«Қажет болса бір хадисті алу үшін қаншама күн сапар шегер едім».[146]

Зүһри де мына оқиғаны айтып береді:

«Уруә (ө. 94/713) әңгімелеп берген қыссасына байланысты өтірікші деп айыпталғанда, «Жоқ. Мен өтірік айтқаным жоқ, айтпаймын да. Шын мәніндегі ең үлкен өтірікші,

143. Ақтеңіздің жағалауында Мысырдың қаласы.
144. Хұмәйди, а.а.ә. I, 189-190; Бәйхақи, әл-Мәдхал 278 б; Хаким, Марифә 7 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 102 б; Хатиб, әр-Рихлә 119-120.
145. Бұхари, Илм 31; Мүслим, Иман 241; Нәсай, Никаһ 65; ибн Мәжә, Никаһ 42; Дарими, Никаһ 46; Фәсәуи, әл-Марифә I, 440-441; Хаким, Марифә 7 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 101 б; Таһауи, Мүшкилул-асар II, 394-395.
146. Фәсәуи, а.а.ә. I, 468-469; Бәйхақи, әл-Мәдхал, 278 б; Хатиб, әр-Рихлә 127; әл-Жамиғ II, 226; Зәһәби, а.а.ә. IY, 222; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 103 б.

шындықты айтқандарды өтірікші деп айтқандар»[147] деген».

Осман ибн Нүфәйл Ахмет ибн Ханбалға «Пәлен адам, Уәки, Иса ибн Юнус пен ибнүл-Мүбарак жайлы алып-қашты әңгіме айтып жүр» дегенде Ахмет ибн Ханбал, «Шындықты айтқандарды өтірікші деген адамның өзі барып тұрған өтірікші» деп айтқан.[148]

Мүслим ибн Сириннің былай дегенін риуаят еткен:

«Сондай бір дәуір өткен, ол дәуірде адамдар, хадистердің шындығын зерттеуге қажеттілік сезінбейтін. Алайда бүлік ортаға шыққанда шындығына көңіл аударылып, сүннетті жетік білетін рауилердің хадистері ғана алынатын болды; бидағатшылардың хадистері тәрк етілді».[149]

Имам Мәліктің риуаятына қарағанда Омар ибн Абдулазиз, «Расулуллаһ (с.а.у.) әрі одан кейін келген Төрт халифалар, бірнеше сүннет ортаға қойған. Олармен амал ету Құранды растау, Аллаһқа толық мойынсұну және Оның дінін қуаттау деген сөз. Кімде-кім бұларды басшылыққа алып, одан пайдаланатын болса, тура жолды тауып, жетістікке жетеді; кімде-кім бұлардан бас тартатын болса иман жолынан адасады» дегеннен кейін «Мүміндердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!»[150] деген аятты оқыды.[151]

147. Қайдан алынғаны табылмады.
148. Ибн Хажар, Тәһзиб YIII, 238. Осы жерде ғана бұл адамның Осман ибн Нүфәйл емес, Али ибн Осман ибн Нүфәйл екендігі білдірілген. (Аудармашы).
149. Мүслим, Муқаддимә 5; ибн Рәжәб, Шәрһу илел 62 б; Дарими, Муқаддимә 38; Хатиб, әл-Кифая 122 б; Укайли, әд-Дуафа I, 11.
150. Ниса, 4/115.
151. Ибн Абдилбәрр, Жамиғ 556 б; Хатиб, әл-Фақиһ I, 435-436; Әбу Нуайым, Хилятул-әулия YI, 324.

ШАФИДІҢ КӨЗҚАРАСЫ БОЙЫНША ИЖМАНЫҢ ДӘЛЕЛ БОЛУЫ

Мүзәни (немесе Раби) Шафи мен бір қарияның арасында болған мына тартысты жеткізген:

Бір күні Шафимен бірге жүргенімде жүннен жасалған шапан, сәлде киген бір қария, қолына аса таяқ алып шыға келді. Шафи дереу орнынан тұрып, киімін ретке келтіріп қайта орнына отырды. Қария да сәлем беріп отырды. Шафи сыпайы түрде қарияға қарап ілтипат білдірді. Сосын екеуінің арасында былайша әңгіме өрбіді:

Шафи;

– Не айтарыңыз бар?

– Діндегі негізгі дәлелді айт?

– Аллаһтың кітабы.

– Сосын?..

– Расулуллаһтың сүннеті.

– Сосын?..

– Үмбеттің ижмасы.

– Үмбеттің ижмасының дәлел болатынын қандай аяттан алдың?

Шафи осы сұрақтан кейін бір сәт кідіріп, ойланып тұрып қалғанда әлгі қария;

– Саған үш күн рұқсат. Ижма жайлы Құраннан дәлел келтіре алсаң құба-құп, ал таба алмасаң тәубе етуіңе тура келеді.

Бұл сөзді естігенде түрі бұзылған Шафи, үйіне кіріп, үш күн, үш түн бойы ешқайда шықпады. Үшінші күні беті-қолы мен аяқтары ісіп сырқаттанған кейіпте жанымызға келді. Көп уақыт өтпей әлгі қария келді де сәлем беріп:

– Сұраған сұрағымның жауабын таба алдың ба? - деп сұрады. Шафи:

– Иә, таптым, - деді.

Шафи «ағузу бисмилләә»ні айтып **«Ал біреу, өзіне тура**

жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүміндердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!»[152] деген аятты оқыды да сөзін сабақтап;

– Егер мүміндердің бір ауыздан келіскен нәрсесімен яғни ижмамен жүру парыз болмағанда, Аллаһ Тағала мүміндердің жолынан басқа жол іздегенді тозаққа тастаймыз деп қорқытпайтын еді, - деді.

Қария:

– Дұрыс айтасың, деп орнынан тұрып кете барды.

Шафи оның арқасынан;

– Бұл аяттың мен үшін дәлел болатынын түсінгенге дейін Құранды күнде үш қайтара оқыдым, - деді.[153]

Муғаз ибн Жәбәл Йемен қаласына әкім болып бара жатқанда, алдыңнан шыққан мәселелерді қалай шешесің деп сұраған хазірет Расулуллаһ пен араларында мынадай әңгіме өрбиді:

Муғаз ибн Жәбәл:

– Аллаһтың кітабымен үкім беремін.

– Аллаһтың кітабында жоқ болса?..

– Расулуллаһтың үкімдерін қолданамын.

– Расулуллаһтың ол мәселеде үкімі жоқ болса ше?..

– Онда өзімнің ойыма саламын (ижтихад етемін). Осылайша мәселені шешімсіз қалдырмаймын.

Оның берген жауабына риза болған хазірет Пайғамбар, кеудесін қағып:

– Расулуллаһтың елшісін, Расулуллаһтың көңілін жай таптырған Аллаһқа хамд болсын, - деді.[154]

* * *

152. Ниса сүресі, 115-аят.
153. Субки, Табақатус-Шафия II, 243-244; Зәһәби, Сияру ағлам X, 83-84.
154. Әбу Дәуіт, Акдия 11; Тирмизи, Аһкам 3; Ахмет ибн Ханбал Ү, 242; Дарими, Мұқаддимә 20; Бәйхақи, Сүнән X, 114; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 359 б.

Бәйхақи, Дарими мен Хаким, Убайдуллаһ ибн Әби Язидтен мына риуаятты жеткізеді:

«Ибн Аббастан бір нәрсе сұралғанда, жауабы Құранда болса ондағы үкімді, Құранда болмаса хадистегі үкімді айтатын. Құран мен Сүннетте үкімін таппаған мәселені, хазірет Әбу Бәкір мен Омардың берген үкімдеріне қарай шешімін беретін, олардың ешқайсысында болмаса ижтихад ететін».[155]

Мәлік Рабияның былай дегенін риуаят еткен:

«Аллаһ Тағала Құранды түсірді. Сосын ол жерде елшісінің сүннетіне, Расулуллаһ та сүннетінде, райға/ижтихадқа мүмкіндік берді».[156]

Мәсруктың риуаятына қарағанда хазірет Омар, «Адамдар сауатсыз болғандықтан сүннеттен бет бұрғызылады» деген екен.[157]

Яғла ибн Умәя[158] Омар ибн әл-Хаттабқа, «Құранда: **«Қашан жер жүзінде сапарда болсаңдар, кәпірлердің өздеріңе бір қастандық істеуінен қорықсаңдар, сендерге намаздан қысқартуларыңда күнә жоқ. Негізінен сендерге кәпірлер ашық қаскүнем»**[159] делінген. Ал қазіргі күні адамдарда мұндай қорқыныш жоқ. Олай болса намазды қысқартудың қажеті бар ма? - деп сұрағанда хазірет Омар, «Бұл мәселе, сен сияқты мені де ойландырғанда Расулуллаһтан сұраған едім. Ол, «Намазды қысқарту Аллаһтың сендерге берген тартуы. Оның сыйын қабылдаңдар» деп жауап берген еді», деді.[160]

155. Дарими, Мұқаддимә 20; Бәйхақи, а.а.ә. X, 115; әл-Мәдхал 730 б; Хаким, а.а.ә. I, 127.
156. Қайдан алынғаны табылмады.
157. Қайдан алынғаны табылмады.
158. Негізінде «Али ибн Умәя» деп жазылған. Дұрысы Яла ибн Умәя. (Аудармашы)
159. Ниса сүресі, 101-аят.
160. Мүслим, Мүсафирун 4; Әбу Дәуіт, Сефер 1, 263; Тирмизи, Тәпсир 5; Нәсай,

Хазірет Пайғамбар аяттағы «намазды қысқарту» деген сөздің һәм қорқыныш һәм сенімді жерде Аллаһтың адамдарға берген рұқсат екенін айтқанға дейін сахабалар аятты «қорқатын ешнәрсе болмағанда намазды қысқартуға болмайды» деп түсінген болатын.

Умәя ибн Абдуллаһ, Абдуллаһ ибн Омарға «Құранда тұрғылықты жер мен қорқынышты жағдайда намаздың қалай оқылатынын білдірсе де, сапарда қалай оқылатыны жайлы ешқандай мәлімет жоқ қой; бұл қалай болады?» деп сұрағанда ибн Омар, «Жиенім, біз ештеңе білмейтін кезде Аллаһ Тағала бізге Мұхаммедті (с.а.у.) елші етіп жіберді. Сондықтан біз тек қана хазірет Мұхаммедтен көргеніміздей істейміз» деп жауап берді.[161]

СҮННЕТТІҢ СҮННЕТТІ НӘСХ ЕТУІ

Ибн Омар бұл тақырыпқа байланысты Расулуллаһтың мына хадисін жеткізген:

«Күмәнсіз, менің хадистерім де бір-бірлерін нәсх етеді; Құран аяттарының бір-бірлерін нәсх еткені сияқты...».[162]

Зүбайр ибн Аууам да мына хадисті риуаят еткен:

«Құран аяттары бір-бірін нәсх еткені сияқты, Расулуллаһ та кейде бір көзқарас айтады сосын бұл көзқарас біраз уақыт қолданыста болады; кейіннен басқа бір хадис айтып алдынғы хадисін нәсх ететін еді».[163]

Хауф 1; ибн Мәжә, Иқамәт 73; Дарими, Салат 2; I, 25, 36; Абдурраззақ, а.а.ә. II, 517; Шафи, әл-Умм I, 179; Фәсәуи, а.а.ә. II, 205; Бәйхақи, Сүнән III, 134.

161. Нәсай, Таксирус-салат 15; ибн Мәжә, Икаметус-Салат 73; Малик I, 295-296; Абдуррәззақ, а.а.ә. II, 517, 518; Фәсәуи, а.а.ә. I, 372; Хаким, а.а.ә. I, 258; Бәйхақи, а.а.ә. II, 136.
162. Дарәкутни, Сүнән IY, 145; ибн Ади, әл-Камил YI, 2188; Хатиб, әл-Фақих I, 331; Хазими, әл-Итибар 23 б; Муттақи, Кәнзул-уммал 1086.
163. Дарәқутни, а.а.ә. Сүнән IY, 145; Хазими 24 б.

ҚҰРАННЫҢ СҮННЕТКЕ МҰҚТАЖДЫҒЫ

Риуаят етілгеніне қарағанда, Мәкһул (ө. 110/728) «Құранның сүннетке мұқтаждығы, сүннеттің Құранға мұқтаждығынан артығырақ»[164] деген. Басқа бір риуаятқа қарағанда Яхя ибн Әби Кәсир (ө. 132/749) Құран сүннетке үкім ете алмаса да сүннеттің Құранға үкім ететіндігін айтқан.[165] Бәйхақи бұл сөздің мағынасын былай түсіндіріп береді:

«Сүннет Аллаһтың Құрандағы мақсатын түсіндіру қызметін атқарады. Негізінде сүннет, Құранға қайшы келетін нәрсе айтпайды. Бұл тұрғыда Аллаһ Тағала **«Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірдік»**[166] деген. Қысқаша айтқанда Құранның сүннетке мұқтаж болуы деген сөз, сүннеттің Құранды түсіндіруі әрі мүжмәл (мағынасы айқын емес) аяттардың мағынасын ашып беру дегенге келеді. Өйткені, қысқа әрі нұсқа түсіндірілгеніне байланысты Құранда бірнеше құпия білім қазыналары бар. Осы құпия сырларды түсіндіретін нәрсеге қажеттілік бар. Ал мұның жолы Құран түсірілген хазірет Пайғамбар арқылы мүмкін болмақ. Құран сүннетті түсіндіруші әрі оған үкім етуші емес, сүннеттің Құранға үкім етуші болуының мағынасы осыған саяды. Сүннеттің ашық айқын түсіндіруі жағынан Құранның дәрежесінде болмағандықтан ол өз алдына бір түсініктеме. Ендеше сүннет, Құраннан әлдеқайда түсінікті болуы керек.

Хишам ибн Яхя әл-Маһзуми мына бір жайтты айтып береді:

---

164. Ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 563 б; Хатиб, ә.л-Кифая 14 б; Хазими, а.а.ә. 25 б.
165. Дарими, Муқаддимә 49; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 564 б; Хатиб, а.а.ә. 14 б; Хазими, а.а.ә. 25 б.
166. Нахыл сүресі, 44-аят.

Сақиф қауымынан бір адам, хазірет Омарға келіп, тауаф еткеннен кейін етеккірі келген әйелдің қоштасу тауафын орындамай еліне қайтып-қайтпайтындығы жайын сұрайды. Хазірет Омар қайтуына болмайды дегенде әлгі адам, «Расулуллаһ мұндай адамға сенің айтқаныңның керісіншесіне пәтуа берген» деді. Хазірет Омар дереу орнынан атып тұрып, әлгіні қамшымен сабады. Сосын «Расулуллаһтың пәтуа берген бір мәселесінде, не үшін менен қайтадан пәтуа сұрап тұрсың?» - деп кінәлады.[167]

Ибн Һүзәймә (ө. 311/923) Расулуллаһтан (с.а.у.) келген сахих хабарларға ешкімнің қарсы сөз айтуға ақасы жоқ екенін айтқан.[168] Ал Яхя ибн Адам да «Елшінің сөзі тұрғанда басқа адамның сөзінің қажеті жоқ. «Елшінің сүннеті», «хазірет Әбу Бәкірдің сүннеті», «хазірет Омардың сүннеті» деген сөздер, Расулуллаһ дүниеден өткеннен кейінгі қолданыста жүрген сүннеттерді білдіру үшін қолданған» деген.[169] Мүжаһид те (ө. 10/719) былай деген:

«Елшіден (с.а.у.) басқа адамдардан алынатын әрі алынбайтын сөздер бар; бірақ оның әрбір сөзі алынады».[170]

Ибнул-Мүбарак (ө. 181/797) Әбу Ханифаның «Расулуллаһтан келген нәрселерге төбемде орын бар. Сахабалардан келгендердің ұнатқанымызды аламыз. Табиғундардан келгендер болса, бізді қызықтырмайды; біз де олар сияқты көзқарасымызды айтамыз» деп айтқанын риуаят еткен.[171]

Имам Мүслимнің Әбу Мәсғуд әл-Ансариден риуаят еткеніне қарағанда, Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген:

«Араларыңнан Құранды ең жақсы оқитын адам жамағатқа

---

167. Бәйхақи, әл-Мәдхал, 105 б; Хатиб, әл-Фақиһ I, 507.
168. Хаким, Марифә 84 б; Бәйхақи, а.а.ә. 106 б; Хатиб, а.а.ә. I, 536.
169. Хаким, Марифә 84-85 б; Бәйхақи, а.а.ә. 106 б; Хатиб, а.а.ә. I, 537.
170. Бәйхақи, а.а.ә. 107 б. Хатиб, а.а.ә. I, 441; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 409 б.
171. Бәйхақи, а.а.ә. 111 б.

имам болсын. Егер барлығы мұнда тең болса сүннетімді ең жақсы білетін адам имам болсын. Мұнда да тең болатын болса, біріншi һижрет еткен адам имам болсын».[172]

Әбул-Баһтери, ибн Мәсғуд жайында білгісі келген адамға хазірет Алидің, «Ол Құран мен сүннетті үйренуді жеткілікті деп санады әрі бұл оған білім ретінде жетті» деп айтқанын жеткізген.[173]

Ибн Аббас Расулуллаһтың (с.а.у.) былай дегендігін айтқан:

«Бір үкім Аллаһтың кітабында болса, онымен амал етесіңдер; мұны тәрк ету үшін ешқандай сылтау айтуға болмайды. Егер Аллаһтың кітабында болмаса, менің сүннетіме бас ұрыңдар. Сүннетімде болмаса, сахабамның сөзіне құлақ салыңдар. Өйткені менің сахабаларым жұлдыздар сияқты; қайсысының артынан ерсеңдер де сендерді тура жолға апарады. Асхабымның бір мәселеде келіспеушілікке түсуі, сендер үшін мейірім-дүр».[174]

НӘСИХ ЖАЙЛЫ БІЛУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бір күні Али ибн Әби Талиб бір шешім айтып жатқан төрешіден,[175] нәсих пен мәнсух үкімдерін біліп-білмейтіндігі жайлы сұрады. Төреші, «Білмеймін» дегенде хазірет Али,

172. Мүслим, Мәсажид 290, 291; Әбу Дәуіт, Салат 60; Тирмизи, Мәуақит 60 б; ибн Мәжә, Икамәтус-салат 46; Нәсай, Имамә 3; (Нәсай риуаятында һижрет екінші, сүннет білімі үшінші болып айтылған. (аудармашы). Ахмет ибн Ханбал IY, 118, 121; Y, 272; ибн Һузәймә, а.а.ә. III, 4; Әбу Ауанә, Мүснад II, 39-40; Дарәқутни, а.а.ә. I, 380; Бәйхақи, Сүнән III, 90; әл-Мәдхал 118 б; Фәсәуи, а.а.ә. I, 449.)
173. Бәйхақи, а.а.ә. 142-143 б; Әбу Нуайым, Хилятул-әулия, I, 129; Фәсәуи, а.а.ә. II, 540.
174. Бәйхақи, а.а.ә. 163 б; Хатиб, әл-Кифая 48 б.
175. Кейбір еңбектерде «қысса айтып жатқан адамға» деп келеді. Мәселен қараңыз, Хазими, а.а.ә. 6 б. (аудармашы).

«Сен һәм өзіңді һәм өзгелерді құрдымға түсірдің!» деді.[176] Ибн Аббастан да осыған ұқсас бір риуаят айтылған.[177]

Бәйхақи, Шафидің мына сөзін риуаят етеді:

«Құрандағы нәсих пен мәнсух аяттарын, тек қана мына жол арқылы білуге болады:

1 - Расулуллаһтың (с.а.у.) нәсихті білдіруі

2 - Нәсих пен мәнсух аяттарынан біреуінің, екіншісінен кейін келгендігін білдіретін уақыттың белгілі болуы

3 - Нәсихке байланысты хадис немесе ижманы білетін адамның сөзі

Нәсих аяттарының көпшілігі, тек қана Расулуллаһтың сүннетімен белгілі болады.[178]

ПӘТУА БЕРУ МҮМКІНДІГІ

Ибнул-Мүбарак «адам қай кезде пәтуа бере алады?» деген сұраққа; «Сүннет жайлы білімі мен одан пәтуа шығара алатын дәрежеге жеткен кезде...» деп жауап берген.[179]

Жүндүб ибн Абдуллаһ (ө. 60/680 нен кейін), Расулуллаһтың (с.а.у.) «Құранды өзінің көзқарасы бойынша жорамалдаған, көзқарасы дөп түссе де қателескен болады» дегенін риуаят еткен.[180]

---

176. Бәйхақи, Сүнән X, 118; әл-Мәдхал 178 б; Хатиб, әл-Фақиһ I, 244; Хазими, а.а.ә. 6 б.
177. Бәйхақи, әл-Мәдхал, 185 б; Табарани, әл-Кәбир X, 259-260; Хазими, а.а.ә. 7 б.
178. Шафи, әр-Рисалә 222 б.
179. Бәйхақи, әл-Мәдхал, 179 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 346 б. Хатиб әл-Фақиһ II, 332.
180. Әбу Дәуіт, Илм, 5; Тирмизи, Тәфсір 1; Ахмет ибн Ханбал I, 233; Табарани, әл-Кәбир II, 175; Әбу Яғла, Мүснад III, 90; Хатиб, а.а.ә. I, 188-200; Муттақи а.а.ә. 2957.

АЯТТАРДЫҢ ТҮСУ СЕБЕБІН БІЛУДІҢ НЕГІЗІ: СҮННЕТ

Ибраһим әт-Тәймидің (ө. 153/770) риуаятына қарағанда хазірет Омар, ибн Аббасқа бұл үмбеттің кітабы бір, пайғамбары бір, қыбыласы бір бола тұра қалайша келіспеушілікке түсетіндігін сұрады. Ибн Аббас оған «Ей, мүміндердің әміршісі! Құран біздің арамызда түсірілді; оны оқыдық, не жайлы түскендігін жақсы білдік. Бірақ бізден кейін, Құранды оқиды алайда түсу себептерін білмегендіктен әр топ оны өз бетінше жорамалдап келіспеушілікке түседі. Ал келіспеушілікке түскеннен соң бір-бірімен соғысады» деп жауап берді.[181]

Сайд ибн Мансурдың Сүненінде де риуаят етілген бұл хабар,[182] Құран тәпсірімен шұғылданған адамның, аяттардың не үшін түскендігін білу керектігін, оны тек қана хадистерден үйрене алатындығы айтылған.

ХАЗІРЕТ ОМАРДЫҢ СҮННЕТКЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ

Шағбидің риуаятына қарағанда хазірет Омар, Шурайхқа (ө. 80/-699 шамасы) жіберген хатында, «Маңызды бір мәселеге кездессең Құранға қара, соған қарап үкім бер. Құранда болмаса Расулуллаһтың (с.а.у.) үкімін қолдан. Расулуллаһтың да ол жайлы үкімі болмаса салих адамдардың әрі әділ имамдардың үкіміне қара. Егер олардан да іздегеніңді таппасаң ижтихад ет деп тәлім берген».[183]

Ибн Мәсғудтың былай деп айтқандығы риуаят етілген:

181. Хатиб, әл-Жамиғ II, 194.
182. Сайд ибн Мансур, Сүнән I, 176.
183. Нәсай, Адабул-қудат 11; Дарими, Мұқаддимә 20; Бәйхақи, Сүнән X, 110; ибн Хазм, әл-Иһкам YI, 29-30; Хатиб, әл-Фақиһ I, 492; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 360-361 б.

«Кімде-кім үкім беруге мәжбүр болса, Аллаһтың кітабындағы үкімді берсін. Аллаһтың кітабында болмаса, Расулуллаһтың берген үкімін қолдансын. Егер Аллаһтың кітабында әрі Расулуллаһтың үкімдерінде де жоқ болса, салих адамдардың берген үкімімен үкім берсін. Бұл да болмаса ақылымен ижтихад етсін».[184]

Ибн Аббас та «Аллаһтың кітабында кездеспейтін әрі сүннет құптамайтын көзқарасты ортаға тастаған адам, Аллаһтың құзырында не істерін білмей абдырып қалады» деген.[185]

Абдуллаһ ибн Амрдан риуаят етілгеніне қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.): *«Арман-тілектерін менің алып келген негіздерге сәйкестендірмеген мүмін, ешқашан иманның кемеліне жете алмайды»*, деген.[186]

Бәйхақи мен Лаләкайдың (418/1027) риуаятына қарағанда хазірет Омар бір сөзінде: «Құран мен сүннетті өзінің көзқарасына қарай жорамалдаған адамнан алшақ жүріңдер. Өйткені олар, сүннеттің дұшпаны. Расулуллаһтың хадистерін жаттауға шамалары келмегендіктен өзінің көзқарастарына жүгінеді. Осылайша һәм өздері адасты һәм өзгелерді де адастырды» деген.[187]

Бұхаридің риуаятына қарағанда Әбу Уайл (ө. 100/718 шамасы) мына бір оқиғаны айтып береді:

Сәһл ибн Хунәйф Сыффын соғысынан (37/657) оралған кезде хабар алу үшін барғанымызда бізге былай деді:

«Дін мәселесінде өз көзқарастарыңызға сенім артпаңдар.

---

184. Нәсай, Адабул-қудат 11; Дарими, Мұқаддимә 20; ибн Шәйбә, әл-Мусаннәф YII, 241; Бәйхақи, Сүнән X, 115; ибн Хазм, әл-Иһкам YI, 28; Хатиб, әл-Фақиһ I, 493; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 360-361 б.
185. Дарими, Мұқаддимә 20; ибн Хазым, а.а.ә. YI, 46; Бәйхақи, әл-Мәдхал 180 б, әл-Фақиһ I, 458.
186. Бәйхақи, а.а.ә. 188-189 б.
187. Бәйхақи, а.а.ә. 191 ; ибн Хазым, а.а.ә. YI, 42; Хатиб, а.а.ә. I, 454; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 476 б.

Өйткені, Аллаһ және Елшісі біледі, Әбу Жәндәл (Хұдайбия келісімі) күні мен, Расулуллаһтың үкімін қабылдамауға шамам жеткенде міндетті түрде қабылдамайтын едім. Бізге осы соғыс өте ауыр әрі қорқынышты болды. Бір жағымен айқасып жүргенімізде, келесі жақ бізге шабуылдады».[188]

Дәл осы оқиғаға байланысты хазірет Омардың да былай деп айтқаны риуаят етілген:

«Ей, адамдар! Дін мәселесінде көзқарастарыңа сүйенбеңдер. Өйткені мен, Әбу Жәндәл күнінде өзімнің көзқарасыма сүйеніп Расулуллаһтың үкіміне қарсы шықтым. Осылай істегенде ақиқаттан қол үзіп қалармын деп ойламадым. Расулуллаһтың алдында келісімді жазатын қағаз бен келісімге отыратын Мекке мүшріктері бар болатын. Расулуллаһ (с.а.у.); «Жазыңдар қанекей. Бисмилләһир-рахманир-рахим» дегенде мүшріктер, «Саған иман келтірді деп ойладың ба? Неге бұлай жазады екенбіз». Осыдан кейін бұрындары да жазып жүргеніміздей, «Бисмикәллаһуммә» деп жазғыз деді. Алайда мен, Расулуллаһ сол жерде бола тұра, мүшріктердің осы наразылығына қарсы шықтым. Сол кезде, Расулуллаһ маған, «Менің бұған разылық білдіріп тұрғанымды көре тұра, сен қарсы шығып тұрсың ба?» дегенде, мен де қабылдадым».[189]

ХАЗІРЕТ АЛИДІҢ «РАЙ» ХАҚЫНДАҒЫ КӨЗҚАРАСЫ

Хазірет Али былай деген:

«Егер дін райға / ақылға қарай негізделетін болса, мәсінің

188. Бұхари, Жизия 18; Иғтисам, 7; Мәғази 35; Мүслим, Жиһад 34; Ахмет ибн Ханбал III, 485; Табарани, әл-Кәбир YI, 107-110; әс-Сағир II, 5-6; ибн Хазым, а.а.ә. YI, 45; Хүмәйди, а.а.ә. I, 197; Бәйхақи, Сүнән IX, 222; әл-Мәдхал 193 б; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 322.
189. Табарани, әл-Кәбир I, 26; Ибн Хазым, а.а.ә. YI, 46; Бәйхақи, а.а.ә. 192 б.

үстіне емес, астына мәсх тартуым керек еді. Дегенмен Расулуллаһты (с.а.у.) мәсісінің үстіне мәсх тартқанын көрдім».[190]

Ибн Омардың да, «Адамдар хазірет Пайғамбардың ізінен ажырамайынша тура жолда деген сөз» деп айтқандығы риуаят етілген.[191]

Сүннетпен жүруге байланысты Уруа (ө. 93/712) «Дін сүннетке сай жүрумен кемелдене түседі», десе,[192] Амр (әш-Шағби) (ө. 103/721) «Сүннетті тәрк етсең, өзіңді құрдымға түсіретініңді біліп қой»,[193] деген. Ал ибн Сирин (ө. 110/728) «Сәләфтар, (алдынғы ғалымдар) адамдар сүннетке бекем болса тура жолдан айнымайтынын айтқан»,[194] Шұрайых «Мен Нәбидің сүннетімен жүремін»,[195] Әузағй (ө. 158/775) «Расулуллаһтың бір хадисі саған айтылғанда, басқа сөзге мән беруші болма. Өйткені ол, Аллаһтан алған әмірлерді оның атымен жеткізетін еді»,[196] Суфян әс-Сәури (ө. 161/778) болса «Білім – сүннетті қаншалықты білетініңмен өлшенеді»[197] деген.

ДҰРЫС СҮННЕТПЕН КЕЛГЕН МӘСЕЛЕДЕ «НЕ ҮШІН?» ДЕП СҰРАҚ СҰРАЛМАЙДЫ

Осман ибн Омар, Мәлікке байланысты мына оқиғаны айтып берген:

Бір адам Мәлікке келіп, бір мәселе жайлы сұрақ сұрады.

190. Әбу Дәуіт, Таһарат 62; ибн Шәйба, а.а.ә. I, 318; Дарәқутни I, 199; Бәйхақи, Сүнән I, 292; әл-Мәдхал, 193 б; ибн Хазым, а.а.ә. YI, 43.
191. Бәйхақи, әл-Мәдхал 194 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 480 б.
192. Бәйхақи, а.а.ә. 195 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 481 б.
193. Бәйхақи, а.а.ә. 198 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 479 б.
194. Дарими, Муқаддимә 19; Бәйхақи, а.а.ә. 200 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 328, 480 б.
195. Бәйхақи, а.а.ә. 198 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 327 б.
196. Бәйхақи, а.а.ә. 198 б; Хатиб, әл-Фақиһ I, 387.
197. Бәйхақи, а.а.ә. 198 б; Кади Ияд, әл-Илма 38 б.

Мәлік бұған байланысты Расулуллаһтың (с.а.у.) былай-былай дегенін айтты.

Әлгі адам Мәлікке «Сен не дейсің бұған?» деп сұрағанда Мәлік, **«оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын»**,[198] деген аятты оқыды.[199]

Ибн Уәһбтің (ө. 197/812) риуаятына қарағанда Мәлік, Сәләф ғалымдарына берген пәтуаларына байланысты «Не үшін бұлай пәтуа бердің?» деп сұралмайтын. Өйткені олар, ол мәселе жайлы айтылған хадисті жеткілікті деп санап, шыққан шешімге разы болатын» деген.[200]

Исхақ ибн Иса, Мәлік ибн Әнәстің дін мәселесінде қажетсіз тартысқа кіруді ұнатпайтынын әрі былай деп айтқанын риуаят еткен:

«Бір-бірімен асып түсетін айтып-тартысатындарды көргенде, Жәбірейілдің (а.с.) Елшіге (с.а.у.) алып келген негіздерді іштей тәрк ету сезімі бір сәт билеп алатын.[201]

Ибнул-Мүбарак та, «Сүйенерің сүннет болсын. Хадистерге түсініктеме беріп тұрған пікірлерді де ал» деген.[202]

Яхя ибн Турайс (ө. 203/818) Суфян әс-Сәуридің бір адаммен былай деп әңгімелескенін айтып береді:

Бір адам Суфянға келіп, «Әбу Ханифаны не үшін сынадың?» деді. Суфян «Жарайды, оның мына сөзі орынды ма? «Бір мәселенің үкімі үшін алдымен Аллаһтың кітабына, ол жерде болмаса Расулуллаһтың сүннетіне, екеуінде де болмаса сахабалардың ішінен қалағанымның көзқарасын аламын, қаламағанымды алмаймын; бірақ сонда да олардың

198. Нұр сүресі, 63-аят.
199. Бәйхақи, а.а.ә. 201 б; Хатиб, әл-Фаққиһ I, 379; ибн Хазм, а.а.ә. YI, 56.
200. Бәйхақи, а.а.ә. 201 б.
201. Бәйхақи, а.а.е, 201 б.
202. Бәйхақи, а.а.ә. 202 б; Хатиб, әл-Фақиһ II, 346; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 480 б; Қади Ияд, а.а.ә. 37 б.

көзқарасынан алшақтап кетпеймін. Алайда мәселе Ибраһим, Шағби, ибн Сирин, Хасан, Ата, ибнул-Мүсәйяб сияқтыларға келгенде, олардың ижтихад еткеніндей мен де ижтихад етемін» деп айтқан» деді.[203]

Рабидің риуаятына қарағанда Шафи, бір күні бір хадис риуаят етті. Қасындағылардың біреуі «Ей, Әбу Абдуллаһ! Сен осы хадисті қабыл етесің бе?» деп сұрағанда Шафи, «Расулуллаһтан сахих хадис риуаят етілгенде оны қабылдамасам, мені ақылынан адасқан деп біліңдер» деді.[204]

Тағы да Шафи, «Егер кітабымда сүннетке қайшы келетін бір нәрсе тапсаңдар менің айтқаныма емес, Расулуллаһтың сүннетіне құлақ асыңдар» деген.[205]

Мүжаһид, **«Егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа, пайғамбарға ұсыныңдар»**[206] деген аяттағы «Аллаһқа және пайғамбарға» деген сөзді, «Аллаһтың кітабына және Пайғамбардың сүннетіне» деп тәпсірлеген.[207]

Әбу Зәрр Расулуллаһтың оларға жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюды және де сүннетті үйретуден аянып қалмаңдар деп үгіттегендігін айтқан.[208] Хазірет Омар да «Құранды үйренгеніміз сияқты сүннеттерді, фарайз (мұрагерлік білімін) бен мәнерлеп оқуды да үйреніңдер» деген.[209] Ибн Мәсғуд былай деген:

«Ей, адамдар! Білім жоғалмай тұрып оны үйреніп алыңдар. Өйткені білімнің жоқ болуы деген, ғалымдардың өлуі дегенді білдіреді. Бидғатқа беріліп, бір-бірлеріңмен тартысудан сақтаныңдар. Расулуллаһты (с.а.у.) және сахабаларын үлгі тұтыңдар. Өйткені ақырзаманда бұл

203. Бәйһаки, а.а.ә. 37 б.
204. Бәйхақи, а.а.ә. 205 б; Хатиб, а.а.ә. I, 388.
205. Бәйхақи, а.а.ә. 205 б.
206. Ниса сүресі, 59-аят.
207. Бәйхақи, а.а.ә. 215 б; Хатиб, әл-Фақиһ I, 376, 469.
208. Дарими, Мұқаддимә 46; Ахмет ибн Ханбал Y, 165; Бәйхақи, а.а.ә. 258 б.
209. Бәйхақи, а.а.ә. 267 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 457 б.

үмбеттің ішінен неше түрлі топтар ортаға шығады. Олар адамдарды Аллаһтың кітабына шақырып жатырмыз деп ойлайды; бірақ өздері оны бір шетке ысырып қойып, тәрк етеді».[210]

ХАДИСПЕН АЙНАЛЫСУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сүлеймен әт-Тәйми мына оқиғаны айтып берген:

«Мен, Әбу Осман, Әбу Надра, Әбу Мижләз және Халид әл-Әшәж барлығымыз хадис пен сүннеттің мәселесін талқылап жатқан болатынбыз. Жолдастарымыздың біреуі мұның орнына Құран оқудың әлдеқайда пайдалы екендігін айтқанда Әбу Надра, Әбу Сайд әл-Хұдридің «Хадисті талқылау, Құран оқудан артық» деген сөзін еске салды».[211]

Әбу Сайдтың бұл сөзі, Шафидің «Білім алу, нәпіл намаз оқудан әлдеқайда артық»,[212] деген сөзіне ұқсайды. Өйткені Құран оқу, нәпіл құлшылыққа жатады; хадис жаттау болса парыз-кифая.

Хадис үйренудің маңыздылығы жайлы Сүфян әс-Сәури, «Шынайы ниетті адам үшін хадис үйренуден маңызды амал бар деп ойламаймын» деген.[213] Ибнул-Мүбаректың да «Аллаһ Тағала разылығы үшін хадис үйренген адам үшін одан қайырлы амал жоқ» деп айтқандығы риуаят етілген.[214] Хаммад ибн Зәйд[215] Расулуллаһтың хабарына құрмет көрсетудің Аллаһтың кітабына құрмет көрсету болып

210. Бәйхақи, а.а.ә. 272 б; Дарими, Муқаддимә 19; Абдурраззақ, а.а.ә. II, 252; Табарани, әл-Кәбир IX, 189.
211. Рамәһұрмүзи, әл-Мухаддисул-фасыл 29 б; Бәйхақи, а.а.ә. 306-307.
212. Бәйхақи, а.а.ә. 310 б; Хатиб, Шәрәфу асхабил-хадис 113 б; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 51.
213. Бәйхақи, а.а.ә. 309 б; Хатиб, а.а.ә. 81; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 52 б.
214. Бәйхақи, а.а.ә. 309 б.
215. Аудармадағы негізгі нұсқада Халид ибн Язид деп жазылса да Бәйхақидің Мәдхалында жоғарыдағыдай жазылған.

табылатынын алға тартып, Бәйхақидің сөзімен айтқанда, хадистердің маңызы мен құндылығына әрі онымен амал етудің міндетті екендігіне назар аудартқан.[216]

Шафи де «Қандайда бір хадисшіні көрген сайын Елшінің (с.а.у.) сахабасының біреуін көргендей боламын», деген.[217]

ИМАМ МӘЛІКТІҢ ХАДИСКЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ

Имам Мәліктің хадиске көрсеткен құрметін Исмайл ибн Әби Убәйс былай тілге тиек етеді:

Имам Мәлік хадис дәрісін беретін кезде алдымен дәрет алып, сақалын тарайды. Сосын өте салмақты әрі ерекше ынтамен хадис риуаят ететін. Осылай істеуінің себебін «Расулуллаһтың (с.а.у.) хадисіне құрмет көрсетіп, оны жоғары мәртебеге көтеру маған ерекше тебіреніс береді. Дәретсіз әрі немқұрайлы түрде хадис жеткізе алмаймын», деп түсіндіріп беретін. Ол жол бойында тіке тұрып әрі асығыс түрде хадис риуаят етуді ұнатпайтын. Сондай-ақ, «Расулуллаһтан риуаят еткен хадистерді түсінуден ләззат аламын» дейтін.[218]

Бұл мәселеде Имам Мәліктен алынған басқа бір риуаят былайша келеді:

Бір адам науқастанып төсегінде жатқан Сайд ибн әл-Мусайябқа келіп бір хадис жайлы сұрады. Сайд төсегінен тұрып, адамның сұраған хадисін айтып берді. Әлгі «Сені бұлай әурегe саламын деп ойламаған едім» дегенде Сайд «Жатып алып Расулулаһтың хадисін айтуды жөн

216. Бәйхақи, а.а.ә. 392 б.
217. Бәйхақи, а.а.ә. 391 б: Бағдади, Шәрәфу асхабил-хадис 46 б.
218. Бәйхақи, а.а.ә. 391 б; Рамәһурмузи, а.а.ә. 585 б; ибнус-Салаһ, Муқаддимә 121 б.

санамаймын» деп жауап қайырды.[219]

Дəретсіз күйде хадис айтуға мəжбүр болған Амəш, Дирара ибн Мұрраның (ө. 132/749) «Сахабалар дəретсіз күйде хадис айтуды ұнатпайтын» деп айтқанын риуаят еткен.[220]

Қатада, Расулуллаһтың (с.а.у.) хадистерін дəретпен оқытуды сауапты іске жатқызған; Бишр ибн əл-Харис те (ө. 229/843-844) ибнул-Мүбарактың жолда кетіп бара жатқанда хадис жайлы сұрақ сұраған адамға, «Бұл білімге құрметсіздік» деп айтқанын риуаят еткен.[221]

Басқа бір риуаятқа қарағанда ибнул-Мүбарак мына бір таңқаларлық оқиғаны айтып берген екен:

«Хадис дəрістерінің бірінде Имам Мəліктің жанында тұр едім. Бір кезде бір шаян келіп Имам Мəліктің 16 жерінен шағып алды. Бірақ Мəлік жүзі қызарып бөріткенімен сабыр етті; сонда да хадисті жарым-жарты қалдырмай тамамдады. Дəрс бітіп, оқушылар тарап кеткеннен кейін одан «Жүзің бір түрлі бұзылып тұр ғой» деп сұрағанда, «Иə, Расулуллаһтың хадисіне құрмет көрсету мақсатымен осылай сабыр еттім» деп жауап берді.[222]

ХАДИСТЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

Абдуллаһ ибн Амр (ө. 65/684), «Жаттап алу мақсатымен Расулуллаһтың (с.а.у.) аузынан естіген барлық нəрсені жазатынмын. Құрайыштықтар «Расулуллаһтан естігеніңнің барлығын жазып жүрсің. Дегенмен ол бір пенде ғой; ол сөйлегенде кейде қуанышты кейде өкпелі болуы мүмкін ғой» деп хадисті жазғаныма қарсы шықты. Мен осыдан кейін жазуды тоқтаттым. Кейіннен осы жағдайды Расулуллаһқа

219. Бəйхақи, а.а.ə. 391 б; Хатиб, Жамиғ I, 409; Фəсəуи I, 409.
220. Бəйхақи, а.а.ə. 393 б.
221. Бəйхақи, а.а.ə. 393 б.
222. Бəйхақи, а.а.ə. 394 б.

білдіргенімде, қолымен аузын көрсетіп, «Жаз, Аллаһтың атымен ант етемін! Мына жерден шындықтан басқа ештеңе шықпайды» деп айтқанын», келтіреді.[223]

Әбу Һұрайраның риуаятына қарағанда, ансарлықтардың біреуі Расулуллаһқа хадистерді есімде сақтай алмаймын деп арызданды. Расулуллаһ (с.а.у.) қолымен жазу жазуды ишара етіп, «Қолыңды пайдалан» деді.[224]

Омар ибн Абдулазиз (ө. 101/719), Әбу Бәкр Мұхаммед ибн Амр ибн Хазымға жіберген бір хатында Расулуллаһтың хадистері мен сүннеттерін іздестіріп тапқандарын жазуды әмір еткен. Бұлай істеуінің себебін, ғалымдар өліп білімнің арамыздан жоғалып кетуінен қорқамын деп түсіндірген.[225]

Зуһриден риуаят етілген; ол «Бұрынғы ғалымдарымыз, құтылудың жолын сүннетке берік болу арқылы мүмкін болатынын айтатын», деген.[226]

Осы жерге дейін Бәйхақидің әл-Мәдхал атты еңбегінен алынған әрі сүннетпен амал етудің міндетті екенін көрсететін хадис пен еңбектерге, сахаба, табиғун тағы басқалардың сөздерін келтірдік. Ал енді Бәйхақидің кітабында айтылмаған осы тақырыпқа байланысты мына хадистерді айтып өтелік:

Бұхари мен Мүслим, Әнәс пен ибн Омардан алынған Расулуллаһтың (с.а.у.) мынадай бір хадисін риуаят еткен:

«Сүннетімнен бет бұрған менен емес».[227]

Табарани ибн Аббастың былай деп айтқанын риуаят

223. Әбу Дәуіт, Илим 3; Дарими, Мұқаддимә 43; Рамәһұрмүзи, а.а.ә. 36 б; Хаким, а.а.ә. I, 105-106; Бәйхақи, а.а.ә. 415 б; Хатиб, әл-Жамиғ II, 36; Такиядул-илм 80 б; Қади Ияд, а.а.ә. 146 б.

224. Тирмизи, илм, 12; Бәйхақи, а.а.ә. 418 б; Хатиб, әл-Жамиғ I, 249; Такиядул-илм 66 б.

225. Дарими, Мұқаддимә 43; Рамәһұрмүзи, а.а.ә. 374 б; Бәйхақи, а.а.ә. 424 б; Хатиб, Такиядул-илм 105-106 б.

226. Дарими, Мұқаддимә, 16; Бәйхақи, а.а.ә. 454 б; Хатиб, әл-Фақиһ I, 289; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 237 б.

227. Бұхари, Никах 1; Мүслим, Никах 5; Нәсай, Никах 4; Дарими, Никах 3; Ахмет ибн Ханбал II, 158; Бәйхақи, Сүнән YII, 77.

еткен: «Расулуллаһ «Аллаһым! Менің халифаларыма мейірім көрсет» дұға қылғанда, «Уа Аллаһтың Елшісі! Сенің халифаларың кімдер?» дедік. Ол «Менен кейін хадистерімді риуаят етіп, адамдарға үйреткендер» деп жауап берді».[228]

Әбу Нуайымның (ө. 430/1039) Ибн Аббастан алған риуаятына қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген; «Кімде-кім менің сүннетімді жандандыратын болса яки бір бидғатты жоятын хадисімді үмбетіме жеткізетін болса, ол адам жұмақтық».[229]

РАСУЛУЛЛАҺ АЙТТЫ ДЕП ЖАЛҒАН ХАДИС АЙТУ

Хазірет Әбу Бәкірден (р.а.) риуаят етілгеніне қарағанда ардақты Пайғамбар былай бұйырған:

«Кімде-кім менің атыммен әдейі жалған хадис айтса немесе бір әмірімді қабылдамаса, тозақтағы үйіне кіруге дайын болсын».[230]

Зәйд ибн Әркам былай деген:

«Убайдуллаһ ибн Зияд маған хабар жіберді. Қасына бардым. Маған «Сен Расулуллаһ айтты деп, адамдарға жұмақта хауыз берілітіндігі уәде етілген деген хадис айтып жүр екенсің. Бұл Құранда жоқ қой. Мұны қайдан шығарып жүрсің?» деп сұрағанда, мен хауызға байланысты хадистерді Расулуллаһ бізге жеткізгендігін айттым».[231]

Салманнан[232] риуаят етілгеніне қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген:

---

228. Табарани, әл-Әусат YI, 395; Хәйсәми, Мәжмауз-зәуайд I, 126; Муттақи, Кәнзул-уммал 29167; Әлбани, әд-Даифә II, 247.
229. Әбу Нуайым, Хилятул-әулия X, 44; Хатиб, Шәрәфу асхабил-хадис 80 б.
230. Әбу Яғла, Мүснад I, 75; Табарани, әл-Әусат II, 400.
231. Ахмет ибн Ханбал IY, 367; Бәззар, Кәшфул-әстар I, 117; Табарани, әл-Кәбир Y, 204; Хаким, а.а.ә. I, 77.
232. Аудармада негізге алынған нұсқада Сүләми деп жазылған. (аудармашы).

«Кімде-кім мен айтпаған сөзді айтты деп жалған сөйлейтін болса, тозақтағы орнына дайындалсын! Кімде-кім менің хадисімді естіп тұрып қабылдамаса, қиямет күні оның дұшпаны болатынымды біліп алсын. Менікі екендігіне күмәнданатын бір хадис естісеңіз; «Ең дұрысын Аллаһ Тағала біледі», деңіз.[233]

Жабир (ө. 70/689-дан кейін) Расулуллаһтың былай деп айтқанын риуаят етеді:

«Менен алынған бір хадисті өтірік деген адам, мына үш нәрсені өтірікке шығарған болады: Аллаһты, Елшісін әрі хадисті жеткізген адамды...».[234]

Әнәстан риуаят етілгеніне қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.): *«Аллаһ Тағаладан келген қандайда бір бағалы нәрсені құптамаған адам, сол бағалы нәрсеге жете алмайды»* деген.[235]

Бұрын Әбу Рафи, Микдам, Ирбад пен Әбу Һұрайрадан келген болашақта хадистерді мойындамайтын адамдардың ортаға шығатыны жайлы хабар, әсіресе мына жолдар арқылы да келген:

Жабир ибн Абдуллаһ Расулуллаһтың былай дегенін риуаят еткен:

«Кім біледі, бәлкім араларыңнан біреу орындығына (креслосына) отырып алып, менің хадисіме «Расулуллаһ мұндай нәрсе айтпаған; оны қоя тұр да Құранға қара» деп айтатын болар».[236]

Халид ибн Уәлид айтады:

«Расулуллаһ маған адамдарды намазға шақыр деді. Түс уағында жамағатқа намаз оқытқаннан кейін, «Біз келісімге

---

233. Табарани, а.а.ә. YI, 321; Хәйсами, Мәжмауз-зәуайд I, 147.
234. Табарани, әл-Әусат III, 290-291; Хатиб, әл-Фақиһ I, 265; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 560 б; Хәйсами, а.а.ә. I, 148; Муттақи, а.а.ә. 1047.
235. Әбу Яғла, Мүснад YI, 163; Табарани, әл-Әусат YI, 60; Хәйсами, а.а.ә. I, 149.
236. Әбу Яғла, а.а.ә. III, 346; Хәйсами, а.а.ә. I, 155.

отырған ғайри-мүслимдердің (мұсылман еместер) мал-мүліктерін орынсыз тартып алуларыңа рұқсат бермеймін. Араларыңнан орындығына шалқайып отырып алып; «Аллаһтың кітабында адал деп айтылғандар адал, арам деп айтылғандарды арам деп қабылдаймыз» деп айтатындар шығады. Алайда мына жайтты естен шығармаңдар, бізбен келісім-шарт жүргізген адамдардың малдарын орынсыз жеуді арам қыламын» деді».[237]

Әбу Сайд әл-Худри де, Расулуллаһтың «Отырып алып, Расулуллаһ мұндай нәрсе айтпаған» деп менің сөзімді өтірікке шығаратын бір топ адамдар шығады», деп айтқанын риуаят еткен.[238]

Әбу Хазым, Сәһл ибн Сад әс-Сайдиге қатысты мынадай бір жайтты айтып берген:

Сәһл бір мәжілісте Расулуллаһтан алған хадистерін айтып жатқанда сол жерде отырғандардың бағзылары бір-бірлерімен өзара әңгіме дүкен құрады. Сәһл бұған қатты ашуланады да «Мыналарды қара! Мен оларға Расулуллаһтың хадистерін айтсам, олар өзара әңгімелесіп отыр. Қараңдар! Егер осылай жалғастыра берсеңдер, уаллаһи енді қайтып бұл жерге аяқ баспайтын боламын» деді. Мен «қайда кетесің?» деп сұрағанымда «Барып, Аллаһтың жолында жиһад қыламын» деп жауап берді.[239]

Ибн Аббастан риуаят етілгеніне қарағанда Расулуллаһ былай деген: *«Кімде-кім Құран жайлы білмей өзінше әңгіме айтатын болса, қиямет күні оттан бір ауыздық салынған күйде алып келінеді»*.[240]

Ендігі бір риуаятта ибн Аббас, Расулуллаһтың былай деп айтқанын жеткізген; «Аллаһтың жер бетіндегі сұлтанын

237. Табарани, әл-Кәбир IY, 131; Хәйсами, а.а.ә. I, 151.
238. Хәрәуи, Зәммул-кәлам II, 141.
239. Табарани, а.а.ә. IY, 130; Хәйсами, а.а.ә. I, 155.
240. Әбу Яғла, а.а.ә. IY, 458; Хәйсами, а.а.ә. I, 163.

масқара қылғысы келген адамды Аллаһ Тағала оның тірі кезінде басын жұлып, жойып жібереді; ақыреттегі тартатын азабы өз алдына». Мүсəддад осы хадисте айтылған «Аллаһтың кітабы мен жер бетіндегі сұлтаны» деген сөз, «Аллаһтың кітабы мен Елшінің сүннеті» деген мағынаны білдіретінін айтқан.[241]

БІЛІМНІҢ ҮШ БҰЛАҒЫ

Ибн Омар білімнің үш нəрседен тұратынын айтқан: Аллаһтың кітабы, сахих сүннет жəне білмейтін нəрсеңді «білмеймін» деп айту.[242]

Хұзайфа ибн əл-Яман Расулуллаһтың (с.а.у.) мына сөзін риуаят еткен:

«Болашақта мына үш нəрсе ең бағалы дүниеңе айналатын заман келеді:

«Адал ақша, түсініс е алатын бауыр жəне амал ете алатын бір сүннет».[243]

Имран ибн Хұсайн (р.а.) былай деген:

«Аллаһ Тағала Құранды түсірді; Расулуллаһ (с.а.у.) та бірнеше сүннеттер қойды. Бізге еріңдер; əйтпесе уаллаһи адасасыңдар!».[244]

Мүжаһид мына бір жайтты айтып береді:

Ибн Омармен бірге шыққан бір сапарда ибн Омар, бір жерге барып келді. Не үшін барып келгенін сұрағанда, «Расулуллаһтың (с.а.у.) осылай істегенін көргенім үшін мен де солай істедім», деді.[245]

Əнəс ибн Сирин айтып берген:

241. Табарани, а.а.ə. XI, 204; Хəйсами, а.а.ə. 170.
242. Табарани, əл-Əусат II, 7; Хатиб, əл-Фақиһ II, 366; ибн Абдилбəрр, Жамиғ 311 б; Хəйсами, а.а.ə. I, 172.
243. Табарани, а.а.ə. I, 96; Əбу Нуайым, Хилятул-əулия I, 370; Хəйсами, а.а.ə. 170.
244. Ахмет ибн Ханбал IY, 445; Хəйсами, а.а.ə. I, 173.
245. Хəйсами, Кəшфул-əстар I, 81; Мəжмауз-зəуайд I, 174.

«Арафатта ибн Омармен бірге едік. Ол жерден Мүздалифаға бірге түстік. Арафат пен Мүздалифаның арасында Мәғзиман деген тар өткелде ибн Омар түйесін шөктірді; біз де шөктірдік. Біз намаз оқитын шығар деп ойладық. Бірақ түйесінің ноқтасын ұстап жүрген қызметшісі, намаз оқу үшін емес, Расулуллаһ (с.а.у.) Арафаттан түскенде осы жерге дәрет сындыратындығы есіне түскендіктен сол жерге дәрет сындырмақ болғанын айтты».[246]

Тағы да ибн Омар Мекке мен Мадинаның арасындағы бір ағаштың қасына келгенде көлеңкесіне жатып түскі ұйқыны ұйықтап алатын. Ол Елшіміз осылай істейтін еді деп айтатын.[247]

Зәйд ибн Әсламның риуаятына қарағанда ибн Омар «Елшінің жағасындағы түймелердің ағытулы екенін көрдім» деп жағасындағы түймелерін ағытып жүретін.[248]

АЛЛАҺ ЛАҒНЕТТЕГЕН ЖЕТІ ТОП

Амр ибн Шағуаннан риуаят етілгеніне қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген:

«Мен мына жеті адамды лағнеттедім. Елшінің дұғасы қабыл болады».

1- Аллаһтың кітабына бір нәрсе қосқан

2- Аллаһтың тағдырын өтірікке шығарған

3- Аллаһтың арам қылғанын адал деп санағандар

4- Аллаһтың әһлі бәйтім (әулетім) жайында арам қылғанын адал деп санаған

5- Сүннетімді тәрк еткен

6- Олжалардың жақсысын таңдап өзіне бөліп алған

7- Аллаһтың құрметті қылғанын масқаралаған, масқара-

246. Хәйсами, а.а.ә. I, 174.
247. Хәйсами, а.а.ә. I, 175; Кәшфул-әстар I, 81.
248. Әбу Яғла, а.а.ә. X, 14; Хәйсами, а.а.ә. I, 80; Ибн Хүзайме, а.а.ә. I, 382; Хаким, а.а.ә. I, 250; Бәйхақи, Сүнән II, 240; Хәйсами, а.а.ә. I, 175.

лағанын құрметті қылғысы келген залым.[249]

Ибн Аббастың риуаятына қарағанда Хазірет Али, Расулуллаһтан аят пен хадисте жоқ мәселеге кез болғанда не істеу керектігін сұрады. Хазірет Пайғамбар: *«Ондай мәселені білімнің талабына қарай өмір сүретін мүміндердің арасында ақылдасыңдар. Бір ғана адамның көзқарасы бойынша үкім берменңдер»* деді.[250]

Дұрыс сәнадпен (бізге дейін жету тізбегі) риуаят етілгеніне қарағанда хазірет Али, Расулуллаһтан (с.а.у.) әмір етілмеген яки тыйым салынбаған бір мәселеге кездескенде не істеуіміз керек?» деп сұрағанда Расулуллаһ (с.а.у.): *«Ол мәселе жайында ғалымдар мен ғибадатқа берік адамдармен ақылдасыңдар. Бір ғана адамның көзқарасына қарап үкім шығармаңдар»* деп жауап берді.[251]

Хазірет Омар бір риуаятта Расулуллаһтың «Менен кейін үмбетімнің арасынан Құранға теріс мағына беріп өздерінше жорамал жасайтын адамдар шығатынына қатты алаңдаймын» дегенін айтқан.[252]

Ғудайыф ибн Харис әс-Сүмали (ө. 60/680 нен кейін) Расулуллаһтың былай деп айтқанын риуаят еткен:

«Қандайда бір топтың ортаға шығарған әрбір бидғаты, бір сүннетті жойып отырады».[253]

Ибн Аббас та былай деген:

«Адамдар жыл сайын ойдан бір бидғат шығарып бір сүннетті жойып отырады. Осылайша бидғаттар өршіп,

---

249. Фәсәуи, а.а.ә. III, 506-507; Табарани, а.а.ә. XYII, 34; Хәйсами, Мәжмауззәуайд I, 176.
250. Табарани, әл-Әусат II, 368; Хәйсами, а.а.ә. I, 178.
251. Табарани, әл-Әусат II, 368; Хәйсами, а.а.ә. I, 187.
252. Табарани, а.а.ә. II, 516; Хәйсами, а.а.ә. I, 187; Муттақи, Кәнзул-уммал 288878.
253. Ахмет ибн Ханбал IY, 105; Табарани, әл-Кәбир IXX, 99; Хәйсами, а.а.ә. I, 188; Муттақи, а.а.ә. 1098; әл-Кари, Миркатул-мәфатих I, 211. Дәл осы мағынадағы хадис үшін қараңыз. Фәсәуи, а.а.ә. III, 488.

сүннеттер жоқ болып кетеді».[254]

Муғаз ибн Жәбалдың (р.а.) риуаят еткеніне қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.); «Құрмет көрсету мақсатымен бір бидғатшының артынан кеткен адам, Исламның құлауына жәрдемдескен болады» деген.[255]

Хакәм ибн Умайр әс-Сүмали Расулуллаһтың мына хадисін риуаят еткен: «Үрей тудыратын іс, белді қайыстыратын жүк пен бірінен соң бірі келетін жамандық. Міне бұл бидғаттың белгілері!...».[256]

Әнәс ибн Мәлік те Расулуллаһтың (с.а.у.): «Үмбеттерім 73 бөлікке бөлінеді. Олардың біреуінен басқасы тозақтық» дегенде, әлгі топ жайлы сұралады. Сонда «Менің асхабымның жолынан жүргендер» деп жауап бергендігін айтқан.[257] Осы хадиске ұқсасын Хаким, ибн Омардан да риуаят еткен.

БОЛАШАҚТА ЕҢ БІРІНШІ ТӘРК ЕТІЛЕТІН НЕГІЗ: СҮННЕТ

Абдуллаһ ибн әд-Дәймәми дінде ең бірінші тәрк етілетін негіздің сүннет екендігін риуаят еткен.[258] Ибн Мәсғудтың да «Кітап пен сүннет мәселесіне байланысты сұраған сұрақтарыңыз бен біз білген нәрселерімізді жеткіздік. Бұдан былай түсетін жолдарыңызға біздің ешқандай қатысымыз жоқ» деп айтқандығы риуаят етілген.[259]

Әбу Сәләмадан мүрсәл ретінде риуаят етілгеніне

254. Табарани, әл-Кәбир X, 262; Хәйсами, а.а.ә. I, 188.
255. Табарани XX, 96; Әбу Нуайым, Хиләтул-әулия YI, 97; Хәйсами, а.а.ә. I, 188.
256. Табарани III, 247; Ибнул-Жәузи, әл-Мәузуат I, 268; Хәйсами, а.а.ә. I, 188..
257. Табарани, әс-Сағир I, 256; Хаким, әл-Мүстадрак I, 128; Осыған ұқсас хадис үшін қараңыз. Фәсәуи, а.а.ә. III, 489-490.
258. Дарими, Муқаддимә 16; Фәсәуи, а.а.ә. III, 488.
259. Дарими, Муқаддимә 17.

қарағанда, Расулуллаһтан ілгері уақытта ортаға шығатын бірақ кітап пен сүннетте шешімі жоқ бір мәселенің қалай шешілетіндігі жайлы сұралғанда, «Білімнің талабына қарай өмір сүрген мүміндер, оның шарасын табады» деп жауап берген.[260]

Хазірет Омар былай деген:

«Алдағы уақытта алуан түрлі мағынаға келетін/мүташабиһ аяттарға сүйене отырып, сендермен таласқа түсетін адамдар пайда болады. Сендер де оларға сүннет бойынша жауап беріңдер. Өйткені сүннетті жетік білетін ғалымдар, Аллаһтың кітабын жақсы біледі».[261]

Лаләкай (ө. 418/1027) әс-Сүннә атты кітабында хазірет Алиден (р.а.) алынған осыған ұқсас мына сөзді риуаят еткен:

«Сендермен тартысатын бір топ адамдар пайда болады. Оларға сүннетті қарсы қойыңдар. Өйткені сүннет ғалымдары, Аллаһтың кітабын жақсы біледі».[262]

Ибн Сад мына жайтты айтып берген:

Хазірет Али ибн Аббасты харижиттерге жіберіп, мынадай тәлім береді:

«Оларға барып, пікірлерінің қате екендігін түсіндір. Бірақ олармен тартысқанда Құрандағы емес, сүннеттегі дәлелдерден пайдалан. Өйткені Құранға түрлі жорамал жасауға болады».[263]

Бұл жайт, басқа бір жолмен былай келген:

Ибн Аббас хазірет Алиге «Ей, мүміндердің әміршісі! Мен үйлерімізде түскен Құранды олардан жақсы білемін» дегенде хазірет Али, «Дұрыс айтасың; дегенмен Құран біздің де олардың да алға тартатын көптеген мағыналарға

260. Дарими, Муқаддимә 17; Хәрәуи, Зәммул-кәлам I, 108.
261. Дарими, Муқаддимә 17; Хәрәуи, Зәммул-кәлам I, 108.
262. Лалекай, Шәрһу Усули итиқади әһлис-сүннә I, 123; Хәрәуи, а.а.ә. I, 108.
263. Лалекай, а.а.ә. I, 123.

келеді. Бірақ сүннетке негіздей отырып олармен тартысатын болсаң, қашып барып паналайтын жер іздейді. Өкінішке орай таппайды» деген. Оның сөзіне қарай жүрген ибн Аббас, Харижиттердің ұстанатын ешқандай нәрсе қалдырмайды.

Сайд ибн Мансур (ө. 227/842) Имран ибн Хұсайынға байланысты мына риуаятты келтірген: Имран (р.а.) мен бауырлары хадисті талқылап жатыр еді. Араларынан біреуі, «Мұны қоя тұрып, Аллаһтың кітабы жайлы айтыңдар» дегенде Имран, «Сен шынында да ақымақсың! Аллаһтың кітабында намаздың, оразаның егжей-тегжейілі айтылғанын таба аласың ба? Құран олардың негіздерін қояды, сүннет болса оның егжей-тегжейін түсіндіреді» деді.[264]

Мүсәйяб ибн Рафий (ө. 105/723) былай деген:

«Сахабалар Расулуллаһтың (с.а.у.) хадистерінде үкімі берілмеген мәселеге кездескенде жиналып, ортақ бір көзқарасқа келетін. Бұл ортақ көзқарас, мәселенің ең дұрыс үкімі болатын».[265]

Мәймун ибн Михран (ө. 117/735) былай айтып береді:

«Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) алдына дауласып келгендерге шешім айту үшін алдымен Аллаһтың кітабына көз салатын, ол жерде даудың үкімін тапса сонымен үкім беретін. Егер іздеген үкімін Құраннан таппаса, бұл мәселеде Расулуллаһтың сүннетіндегі үкімді беретін. Сүннеттен де таппаған жағдайда «Менен осындай бір мәселе сұралды. Бұл жайында Расулуллаһтың қандай үкім бергенін білесің бе?» деп сахабалардан сұрайтын. Көбінесе бірнеше сахаба жиналып, Расулуллаһтың сол мәселе жайында берген үкімді айтатын. Хазірет Әбу Бәкір де «Біздің арамызда дінімізді қорғайтын адамдарды бізге нәсіп еткен Аллаһ Тағалаға хамд болсын!» дейтін».[266]

264. Абдилберр, а.а.ә. XI, 255; Хазими, а.а.ә. 24-25 б.
265. Дарими, Муқаддимә 17.
266. Дарими, Муқаддимә 20.

Әбу Дарда, Әбу Сәләманың Басра қаласына барғанда Хасан әл-Басриге айтқан мына сөзін жеткізеді: «Өзіңнің көзқарасың бойынша пәтуа бергеніңді естідім. Пәтуа берген мәселеңде сүннет немесе аят болған жағдайда өзіңнің көзқарасың бойынша үкім берме».[267]

Жабир ибн Зәйдтің тауаф кезінде ибн Омармен (р.а.) кездескенде оған: «Ей, Әбуш-Шағса! Сен Басраның фақиһтарының (білгірлерінің) біреуісің. Сен тек қана мағынасы ашық аяттар мен сахих сүннеттерге қарап пәтуа бер. Егер бұлай істемесең, һәм өзіңді һәм өзгелерді құрдымға түсіресің», деп айтқанын риуаят еткен.[268]

Шурайыхтың «Сүннеттен берік ұстансаң, ешқашан адаспайсыңдар»,[269] Хасан әл-Басридің де «Сүннетпен жүретіндер, өткеніміздегі сияқты келешекте де аз болады. Олар Раббыларына қауышқанға дейін сүннетпен жүріп, одан берік ұстанады. Сондай-ақ олар шалқайып, асып-тасып өмір сүргендерге әрі сүннетке теріс әрекет істейтін бидғатшыларға мән бермейді», деп айтқанын риуаят еткен.[270]

Ибн Мәсғуд (р.а.) бұл жайында, «Байсалды түрде сүннетпен жүру, бидғадпен айналысудан әлдеқайда жақсы»[271] деген.

«АЛЛАҺҚА, ЕЛШІСІНЕ ӘРІ АРАЛАРЫҢНАН БОЛҒАН БАСШЫЛАРҒА МОЙЫНСҰНЫҢДАР»[272]

«Аллаһқа, Елшісіне әрі өздеріңнен болған басшыларға мойынсұныңдар»[273]

267. Дарими, Мұқаддимә 20.
268. Дарими, Мұқаддимә 20.
269. Дарими, Мұқаддимә 22.
270. Дарими, Мұқаддимә 23.
271. Дарими, Мұқаддимә 23.
272. Ниса сүресі, 59-аят.
273. Ниса сүресі, 59-аят.

Ата бұл аятты былай тәпсір еткен:

«...Ғалымдарға әрі фиқһшыларға да құлақ асыңдар. Расулға мойынсұну деген, Құран мен Сүннетпен жүру деген сөз».[274]

Әбу Һұрайра (р.а.) түнді үшке бөлетін. Үштен бірінде ұйықтап, үштен бірінде намаз оқып, үштен бірінде Расулуллаһтың (с.а.у.) хадистерін талқылайтын-ды.[275]

Ибн Аббастың былай деп айтқандығы риуаят етілген:

«Сен, «Расулуллаһ былай деді, пәленше былай деді» деп Расулуллаһтың сөзі тұрғанда басқа біреудің сөзіне мән бергендіктен жерге батырылып азапқа ұшыраудан еш қорықпайсың ба?»[276]

Омар ибн Абдулазиз артына жазып қалдырған өсиет сөздерінің бірінде былай деген:

«Шешімі кітап пен сүннетте айтылған бір мәселе жайлы ешкімнің де өзінің қалауына қарай көзқарас айтуға ақысы жоқ. Тек қана Құран мен сүннетте кездеспейтін мәсәлелерде көзқарас айтуға болады».[277]

Ибнул-Мүсәйяб сапарда жүрген бір адамның екі рәкағат парыз намазға қосымша рәкағат қосып оқығанын көрді. Әлгі адам ибнул-Мусәйябқа: «Ей, Әбу Мұхаммед! Артық намаз оқығаным үшін Аллаһ мені азаптай ма?» дегенде, ибнул-Мусәйяб, «Иә, Аллаһ Тағала сені сүннетке теріс әрекет істегенің үшін азаптайды» деді.[278]

Хираш ибн Жүбәйір былай дейді:

«Мешітте тас лақтырып отырған бір жас жігітті көрдім де «Ей, жігіт! Бұлай істеме; өйткені Расулуллаһтың (с.а.у.) мұндай іске тыйым салғанын естідім» дедім. Ол сонда тас

274. Дарими, Мұқаддимә 24.
275. Дарими, Мұқаддимә 27.
276. Дарими, Мұқаддимә 39.
277. Дарими, Мұқаддимә 39.
278. Дарими, Мұқаддимә 39.

лақтыра берді. Мен оған «Бері қара жігітім! Мен саған Расулуллаһтың хадисін айтып тұрсам да тас лақтыруыңды тоқтатпай жатырсың! Уаллаһи! Бұдан былай сенің жаназаңа да бармаймын, сенімен сөйлеспеймін де» дедім».[279]

Ибн Сирин бір адамға хадис риуаят еткенда оған; «Пәленше бұл жайлы былай деген» деп айтқанда, «Мен саған Расулуллаһтың хадисін айтып тұрмын. Сен маған «Пәленше былай деген» деп тұрсың! Уаллаһи! Бұдан былай сенімен сөйлеспеймін» деген.[280]

ХАДИСКЕ ҚҰРМЕТСІЗДІКТІҢ ЖАЗАСЫ

Хадиске құрметсіздік танытқан адамды жазаға тарту жайында Дарими мына бір хадисті риуаят еткен:

Әбу Һұрайраның риуаятына қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген: «Киіміне оранып, тәкәппарланып жүрген адамды Аллаһ Тағала жерге батырды. Қияметке дейін де жерге батыруын жалғастыра береді».

Осы кезде жаңа киім киген бір жас жігіт келді де «Ей, Әбу Һұрайра! Жерге батырылған жігіт былай жүретін бе еді?» деп жүріп көрсетіп, қолымен жай ғана өзін ұрды. Бірақ осы кезде аяғы сүрініп, құлап түсті. Бір жері сынуға сәл қалды. Мұны көрген Әбу Һұрайра **«Біз сені мазақтағандарға қарсы жетіп артыламыз»**[281] деген аятты оқыды.[282]

Абдуррахман ибн Хармеле (ө. 145/762) айтады:

Қажылық яки ұмраны орындауға шыққалы жатқан адам, қоштасу үшін ибнул-Мусәйябқа келді. Сайд ибн әл-Мусәйяб, ол мешітке намаз оқымай кетпе, өйткені Расулуллаһтың «Азан оқылғаннан кейін мұнафықтар ғана

279. Дарими, Мұқаддимә 40.
280. Дарими, Мұқаддимә 40.
281. Хижр сүресі, 95-аят.
282. Дарими, Мұқаддимә 40.

мешіттен шығып кетеді» деп айтқанын жеткізді. Әлгі адам, бауырларының «Харра» деген жерде күтіп тұрғандығын айтып жүріп кетті. Осы оқиғаны аузынан тастамай айтып жүрген Сайд, кейіннен әлгі адамның жолда көлігінен құлап жамбасының сынғандығы жайлы хабар алды.[283]

Бұхари, Әбу Зәрден (р.а.) былай деп риуаят еткен: «Мына мойныма қылышты тақасаңдар, мен де қылышпен басым кесілмей тұрып, Расулуллаһтан (с.а.у.) естіген бір сөзді жеткізбегендігімді есіме түсірсем, міндетті түрде сол сөзді жеткіземін».[284]

Бишр ибн Абдуллаһ былай деген:

«Бір ғана хадисті есту үшін қандайда бір өлкеге баруым керек болса, міндетті түрде барамын».[285]

Бір күні Сайд ибн Жүбәйір Расулуллаһтан бір хадис жеткізгенде бір адам; «Құранда бұған қайшы келетін аят бар» деді. Сонда Сайд «Жоқ, жоқ. Байқаймын, мен саған Расулуллаһтың хадисін айтып жатырмын, сен болсаң оны Құранға салып тұрсың. Расулуллаһ Аллаһтың кітабын сенен жақсы біледі» деді.[286]

Осы риуаяттар Даримидің Мүснадынан алынған.[287]

Лалекайдың Китабус-сүннә деген еңбегінде жазылған әрі сүннеттің маңыздылығын білдіретін хабарлардың бағзылары төмендегідей:

Убәй ибн Қағб (р.а.), «Байсалды түрде сүннеттен берік ұстану, сүннетке қайшы келетін мәселеде босқа тер төгуден әлдеқайда жақсы» деген.[288] Әбуд-Дәрдадан да осыған ұқсас

283. Дарими, Мұқаддимә 40.
284. Бұхари, Илм 10; Дарими, Мұқаддимә 46.
285. Дарими, Мұқаддимә 47.
286. Дарими, Мұқаддимә 49.
287. Даримидің Сүнәнінің ішінде мүрсәл, мұнқатиғ және муғдал хадистердің орын алуы, айрықша сахабалардың аттарына қарай реттелгендіктен «Мүснад» деп те аталған. Қараңыз. Кәттани, әр-Рисалә 74 б.
288. Фәсәуи, а.а.ә. ІІІ, 487; Лалекай, а.а.ә. І, 45; Хәйсами, а.а.ә. І, 173; ибн

бір сөз риуаят етілген.[289]

Ибн Аббас (р.а.) адамдарды бидғаттан аман сақтап, сүннетті орындауға шақырған адамға караудың өзі ғибадатқа жататындығын білдірген.[290] Тағы да ибн Аббас, «Уаллаһи, бүгін жер бетінде шайтаннан басқа құрып кетуді қалайтын адам жоқ» деген, мұның себебін сұрағандарға «Өйткені шайтан, шығыста яки батыста бір бидғат шығарады. Біреулердің себебімен осы бидғат маған жеткенде сүннет арқылы оны түп тамырымен жоқ қыламын; осылайша бидғат, оны шығарған шайтанға қайтып барады» деп жауап берген.[291]

Әбул-Алия, «Сіздерге елшілеріңіздің сүннетімен жүруді әрі сахабаларының ізімен жүруді өсиет етемін», деген.[292]

Хасан әл-Басридің былай деп айтқандығы риуаят етіледі:

«Амалсыз сөз, ниетсіз амал мен сөз, өтімді болмағаны сияқты, сүннетке сай айтылмаған сөз, амал мен ниет те қабыл болмайды».[293]

Бұған ұқсас бір сөз, Сайд ибн Жұбәйірден риуаят етілген:

«Амалсыз сөз, ниетсіз сөз бен амал, сүннетке сай емес сөз, амал мен ниет те қабыл болмайды».[294]

Тағы да Хасан әл-Басри, «Ей, сүннетке берік мұсылмандар! Адамдардың арасына тараңдар; өйткені сіздер, өте азсыздар», деген.[295]

Риуаят етілгеніне қарағанда Юнус ибн Убәйд, «Сүннеттен

Хажәр, әл-Мәталибул-алия III, 90.
289. Лалекай, а.а.ә. I, 88.
290. Лалекай, а.а.ә. I, 60-61.
291. Лалекай, а.а.ә. I, 61.
292. Лалекай, а.а.ә. I, 56.
293. Лалекай, а.а.ә. I, 57.
294. Лалекай, а.а.ә. I, 57.
295. Лалекай, а.а.ә. I, 57.

де артық жарлы нәрсе жоқ; бірақ одан да жарлысы, сүннетті білмеген адам» деген.[296]

Әюб әс-Саһтияни, сүннетке берік адамның дүниеден өткенін естігенде, ағзаларының біреуінен айырылғандай болатын.[297] Ол, «Аллаһ Тағаланың жас әрі бөгде бір адамды сүннетті білетін бір ғалыммен жолықтыруы бақыттылық» дейді[298] әрі сүннетпен жүргендердің өлуін тілейтіндерді, Аллаһтың нұрын сөндірмек болғандар деп айтқан.[299]

Ибн Шәузәбтің (ө. 156/773), «Ғибадатты енді ғана бастаған жасқа Аллаһ Тағаланың нәсіп еткен ең үлкен нығметі, оны сүннетке қарай бағыттайтын достар нәсіп етуі» дегендігі айтылады.[300]

Хаммад ибн Зәйд, «Әюб әс-Сахтиянидің хадиспен шұғылданып жүрген жас жігіттің дүниеден өткеніне қайғырғандығы бет әлпетінен белгілі болатын, алайда ғибадатқа берік адамның дүниеден өткеніне онша көңіл аудармайтын» деген.[301]

Ибн Аун[302] мына үш нәрсені һәм өзі, һәм бауырлары үшін де қалайтынын білдірген:

Құран оқу, сүннетпен шұғылдану әрі қайырлы істерден басқа жағдайларда адамдардан алшақтап өзіне келу.[303]

«Расулуллаһтың (с.а.у.) сүннетінің айналып жүрген жерінде, сен де айналып жүре бер» дегендігі риуаят еткен Әузағи, басқа бір сөзінде былай деген:

«Мына бес нәрсе, Расулуллаһтың сахабаларының әрі

---

296. Лалекай, а.а.ә. I, 58.
297. Лалекай, а.а.ә. I, 59-60.
298. Лалекай, а.а.ә. I, 60.
299. Лалекай, а.а.ә. I, 61.
300. Лалекай, а.а.ә. I, 60.
301. Лалекай, а.е.е., I, 61.
302. Аудармада негізге алынған кітаптағы нұсқада Ибн Ауф деп жазылған. (Аудармашы).
303. Лалекай, а.а.ә. I, 61; сондай-ақ Ибн Ауннан келген осыған ұқсас хадис үшін қараңыз: Бұхари, Иғтисам 2.

табиғиндардың ерекшеліктері екендігін айтқан:

«Жамағаттан күдер үзбеу, сүннетпен жүру, мешіт салу, Құран оқу және Аллаһтың жолында жиһад ету».[304]

Суфян әс-Сәури, «Сүннетке берік адамдардың жақсылығы үшін қызмет көрсетіңдер. Өйткені олар, жалғыз-жарым қалғандарға жатады» деген.[305]

Фудали ибн Иядтың (ө. 187/803); «Аллаһ Тағала өлкелерді сүннетке берік құлдарының ықпалымен жандандыра түседі» деп айтқандығы риуаят етілген.[306]

Әбу Бәкір ибн әл-Айяш (ө. 194/810) сүннеттің Ислам дініндегі мәртебсінің көтеріңкі екендігін, өзге діндер арасындағы Исламның мәртебесінен де маңызды екендігін айтқан.[307]

Ибн Аун[308] бір сөзінде, «Исламмен және сүннетпен жүріп өлгендер, барша жақсылық атаулымен сүйіншіленеді» деген.[309]

Хасан әл-Басри **«Мұхаммед (с.а.у.) оларға: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ Тағала сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды»**[310] деген аят жайлы былай дейді: «Аллаһты жақсы көрудің белгісі, Расулуллаһтың сүннетімен жүру».[311]

Риуаят етілгеніне қарағанда ибн Аббас (р.а.): **«Қиямет күні кей беттер ағарып, кей беттер қараяды...»**[312] деген аятты «ол күн сүннетпен амал еткендердің жүздері ағарып,

304. Лалекай, а.а.ә. I, 64.
305. Лалекай, а.а.ә. I, 64.
306. Лалекай, а.а.ә. I, 65.
307. Лалекай, а.а.ә. I, 66.
308. Аудармада негізге алынған кітаптағы нұсқада Ибн Ауф деп жазылған. (Аудармашы).
309. Лалекай, а.а.ә. I, 67.
310. Әли-Имран сүресі, 31-аят.
311. Лалекай, а.а.ә. I, 70.
312. Әли-Имран сүресі, 106-аят.

бидғатшылардың жүздері қараятын күн» деп тәпсірлеген.[313]

Ала ибн әл-Мусәйяб әкесінен Абдуллаһтың (ибн Мәсғуд) «Біз сүннетке қараймыз, бидғат шығармаймыз; сүннетпен жүріп, бидғатты орындамаймыз. Өткен ғалымдарымыздың ізімен жүрер болсақ, ешқашан адаспаймыз» деп айтқанын риуаят еткен.[314]

Шаз ибн Яхя жұмаққа кірудің ең төте жолы сүннетпен жүргендердің жолы екендігін білдірген,[315] Қады Ияд (ө. 544/1149) та «Исламмен әрі сүннетпен жүріп өлгендер қандай бақытты!» деген.[316]

Ахмет ибн Ханбалдың былай деп айтқандығы риуаят етіледі:

«Біздің ойымызша сүннет деген, Расулуллаһтан (с.а.у.) жеткен хадистер. Сүннет, Құранды тәпсірлейді, оның қандай мағынаға келетінін көрсетеді».[317]

Лалекай бір хадисшінің былай деген өлең шумағын келтірген:

Елшінің діні хабарлар-дүр,
Жастар үшін олар қандай тамаша көлік-дүр!
Ешқашан хадистен де хадисшіден де айрылма,
Ой түн болғанда, хадис күндіз-дүр.
Тура жолдан тайған кезде,
Жарқыраған күннің сәулелері шар-тарапқа нұрын шашады.[318]

«Сүннеттің ролі» деген тақырыпта Шәйх Насыр әл-Мақдиси, «Китабул-хужжә ала тариқил-мәһажжә» атты еңбегінде мына хадистерді келтіріп өткен:

313. Лалекай, а.а.ә. I, 72.
314. Лалекай, а.а.ә. I, 96.
315. Лалекай, а.а.ә. I, 88.
316. Лалекай, а.а.ә. I, 138.
317. Лалекай, а.а.ә. I, 156
318. Лалекай, а.а.ә. I, 149.

Әбуд-Дәрдадан риуаят етілгеніне қарағанда, Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген: *«Сүннеттің жойылып кетуіне қатты алаңдап, хадис үшін таңертең үйінен шығып үйіне қайта оралған адам, Аллаһ жолында жиһад ету үшін таңертең үйінен шығып үйіне оралған адам сияқты. Егер бұлай істемейтін болса, оларға Аллаһтың періштелердің әрі барша адамдардың қарғысы болсын!»*.[319]

Муғаз ибн Жәбәл (р.а.) Расулуллаһтың (с.а.у.): «Үмбетімнің арасынан бидғаттар шығып, асхабтарымды балағаттай бастаған кезде, ғалымдар оқыған білімдерін ортаға қойып оларға қарсы шықсын. Егер бұлай істемейтін болса, оларға Аллаһтың, періштелердің әрі барша адам баласының қарғысы болсын!»[320] деп айтқанын риуаят еткен. Уәлид ибн Мүслимнен, осы хадистегі «білімін ортаға қою деген сөздің қандай мағынаға келетіндігі?» сұралғанда: «Сүннетті түсіндіріп, ортаға қою» деп жауап берген.[321]

ҚЫРЫҚ ХАДИС ЖАТТАУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Әбу Һұрайрадан риуаят етілгеніне қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген:

«Үмбетімнің ішінен дін мәселесінде пайдаланылатын 40 хадис жаттаған адам, қиямет күнінде ғалымдармен бірге тіріледі».[322]

Осы хадис басқа бір риуаятта, Расулуллаһтың сүннетінен 40 хадис жаттағандар қияметте елшілермен бірге тірілетіндігі білдірілген. Осы мәселеде Бәра ибн Азибден (р.а.) келген басқа бір хадиске қарағанда, Расулуллаһ былай деген:

319. Қай жерден алынғаны табылмады
320. Шатиби, әл-Иғтисам, I, 58.
321. Шатиби, а.а.ә. I, 58.
322. Рамәһұрмүзи, а.а.ә. 173 б; Хатиб, Шәрәфу асхабил-хадис 19-20 б; ибн Хажәр, әл-Мәталибул-алия III, 133.

«Кімде-кім өзінің әрі өзгелердің пайдаланатын екі хадис үйренуі, алпыс жыл (нәпіл) ғибадат қылғанынан қайырлы».[323]

Кәсир ибн Абдуллаһ әкесі арқылы атасынан мына хадисті жеткізген:

«Ислам жапа-жалғыз келді, ілгеріде қайтадан сол жапа-жалғыздыққа қайтады. Сол жапа-жалғыздар нендей бақытты!» Расулуллаһтан «олар кімдер екен?» деп сұралғанда «Мен қайтыс болғаннан кейін сүннетімді жандандырып, оны Аллаһтың құлдарына үйрететіндер» деп жауап берді.[324]

Басқа бір риуаятта Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген:

«Кімде-кім менен кейін жойылып кеткен бір сүннетімді қайта жандандыратын болса, сол сүннетті орындағандарға берілген сауаптай сауап алатын болады; олардың сауабынан ешқандай нәрсе кемітілмейді».[325]

Хазірет Алиден (р.а.) риуаят етілген бір хадиске қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген:

«Үмбетімнен кімде-кім дінге байланысты 40 хадис жаттаса, Аллаһ Тағала оны қияметте фақиһ ретінде тірілтеді. Оған мен де шапағатшы болып, ол үшін куәлік етемін».[326]

Мақдиси осы хадиске ұқсас бір хадисті Әбуд-Дәрдадан (р.а.) мәрфу түрінде риуаят еткен.[327]

Ибн Аббас та осы тақырыпта Расулуллаһтың былай деп айтқанын жеткізеді:

«Үмбетімнен кімде-кім сүннетіме байланысты 40 хадис

---

323. Хатиб, а.а.ә. 80 б; Муттақи, а.а.ә. X, 163.
324. Лаликай, а.а.ә. I, 173; Қады Ияд, әл-Илма 18-19 б; Хатиб, Шәрәфу асхабил-хадис 23 б; ибн Абдилбәрр, Жамиғ 453 б.
325. Фәсәуи, а.а.ә. I, 325; ибн Мәжә, Мұқаддимә 15.
326. Ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 78 б.
327. Ибн Хиббан, әл-Мәжруһин II, 13; Хатиб, а.а.ә. 19-20 б.

жаттаса қиямет күні оған шапағат етемін».[328]

Хазірет Алиден (р.а.) риуаят етілгеніне қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген:

«Менің, асхабымның әрі менен алдынғы пайғамбарлардың халифаларын сендерге айтайым ба? Олар Аллаһтың разылығы үшін Құранды және менің хадистерімді жаттағандар».[329]

Хазірет Али (р.а.): «Құранда негізі айтылмаған ешқандай білім жоқ. Алайда адамның танымы сол білімді түсінуге шамасы жетпейді»[330] деген.

Жүнәйд былай деген:

«Расулуллаһтан алынған хадистерге сай амал етіп, оның ізімен жүргендерден басқаларға, Аллаһқа баратын жол жабық. Аллаһ Тағала **«Сендер үшін Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар»**[331] деген».[332]

Абдуррахман ибн Мәһди (ө. 198/813) сүннеттің маңызын былай білдірген:

«Адамның хадиске мұқтаждығы, ішіп-жейтін тамағынан да артық. Өйткені хадис, Құранды тәпсірлейді».[333]

Бір сахабадан риуаят етілгеніне қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.) былай деген:

«Үмбетімнің соңында бір топ келеді, оларға өздерінен бұрын өткендер сияқты сауап беріледі. Олар жамандыққа қарсы тұрып, бүлік шығарғандармен соғысады».[334]

Ибраһим ибн Мұса «ол қандай топ?» деп сұрағанда, «Расулуллаһ (с.а.у.) былай істеңдер, былай істеңдер» деген,

328. Хатиб, а.а.ә. 20 б; ибн Абдилбәрр, а.а.ә. 78 б.
329. Хатиб, а.а.ә. 32 б.
330. Қай жерден алынғаны табылмады.
331. Ахзап сүресі, 21-аят.
332. Әбу Нуайым, Хилятул-әулия X, 257; Хатиб, әл-Фақиһ I, 150.
333. Әбу Нуайым, а.а.ә. IX, 4; Хатиб, Тариху Бағдад II, 186.
334. Ахмет ибн Ханбал IY, 62; Y, 375; Фәсәуи, а.а.ә. I, 535; Бәйхақи, Дәлаил YI, 513.

деп айтатын хадисші ғалымдар», деп жауап берді.[335]

Ахмет ибн Ханбалға Аллаһтың жер бетінде «ең абзал» деген құлдардың бар-жоқтығы жайлы сұралғанда, «Иә, бар» деген. Олар кімдер деп тағы да сұрағанда, «Егер хадисші ғалымдар жер бетіндегі Аллаһтың ең абзал құлдары болмаса, оған халифа боларлық адам жоқ деп есептеймін»[336] деп жауап беріпті.

Ибнул-Мүбарак, «Үмбетімнің ішінде үнемі шындықтан айнымайтын әрі қияметке дейін де оларға дұшпандары қиянат жасай алмайтын бір топ болады»[337] деген хадистегі айтылған топтың «хадисшілер» екендігі білдірілген.[338] Ибнул-Мәдинидің көзқарасы бойынша да осы топ, хадисшілер мен Расулуллаһтың жолымен жүрген әрі білімді қорғайтындар екендігі айтылған. Егер олар болмағанда Муғтәзилә, Рафиза, Жәхмия, Мүржия мен Ақылға сүйенетін мәзхабтар мұсылмандарды жойып жіберер еді.[339]

Ибн Мәсғуд пен Әбу Зәрдің (р.а.) риуаятына қарағанда Расулуллаһ (с.а.у.): *«Алдағы уақытта өте сабырлылық таныту қажет болатын күндер келеді. Осы күндерде дәл қазіргі жағдайын жалықпай жалғастыра алған адамға 50 адамның сауабы беріледі»* деген. Сахабалар «50 адамның сауабы бізден бе әлде олардан ба?» деп сұрағанда, хазірет Пайғамбар «Сендерден 50 адамның сауабы беріледі» деді.[340] Осы хадистің ұқсасы ибн Омардан да риуаят етілген.

Әбу Жәлд былай деген:

«Адамдарға әрбір 40 жылдың басында «Құмқұм» деген бір шайтан келеді. Сосын адамдардың ұстанатын бір бидғат

---

335. Хатиб, а.а.ә. 46 б.
336. Хатиб, а.а.ә. 50 б; ибнул-Жәузи, Мәнақибул-Имам Ахмет 235 б.
337. Осыған ұқсас хадис үшін қараңыз. Бұхари, Иғтисам 9; Хатиб, а.а.ә. 26 б.
338. Хатиб, а.а.ә. 26 б.
339. Ибн Ади, әл-Камил I, 121. Осыған ұқсас мағынадағы риуаяттар үшін қараңыз. Тирмизи, Фитән 51; Хатиб, а.а.ә. 10, 27 б.
340. Табарани, әл-Кәбир X, 225; Хәйсами, Мәжмауз-зәуайд YII, 282.

шығарады».[341]

Бұхари мынадай бір оқиғаны айтып береді:

«Ибн Абдиллаһтың[342] үйінің есігінде үш немесе төрт адам күтіп тұрды. Ибн Абдиллаһ бізге «Дұшпандардың ешқандай зиян тигізе алмайтын әрі шындықтан айрылмайтын бір топ қияметке дейін болады» деген хадистегі айтылған топ, сендерсіңдер. Өйткені саудагер саудамен, өнерші өнерімен, басшы басшылығымен айналысып жүргенде, сендер Елшінің (с.а.у.) сүннетін жандандыруға ат салысып жүрсіңдер» деді.[343]

Ибн Уәһб, Мәлік ибн Әнәстің өзіне былай дегенін айтады:

«Сүннетке қарсы келмеңдер; керісінше оған тәслім болыңдар».[344]

Кәһмәс әл-Хәмаданидың былай деп айтқаны риуаят етілген:

«Сүннетпен жүріп әрі ары қарай жалғастыруды қалайтындардың «діннің қорғанышы» екенін мойындамайтындар, Аллаһтың дінін өздеріне дін ретінде ұстанбайтын бейшаралардың қатарына кіреді. Аллаһ Тағала Елшісіне **«Аллаһ, сөздің ең көркемін түсірді»**,[345] Расулуллаһ та (с.а.у.): «Жәбрейіл (а.с.) маған, Аллаһтан алған сөздерді жеткізді»[346] деген».

Сәури хадисшілер мен періштелерді мына нәрсеге ұқсатқан:

«Періштелер аспанның, хадисшілер жер бетінің күзетшілері».[347]

341. Қай жерден алынғаны табылмады.
342. Али ибн Абдиллаһ әл-Мәдини.
343. Хатиб, а.а.ә. 52 б.
344. Қай жерден алынғаны табылмады.
345. Зүмәр сүресі, 23-аят.
346. Хатиб, а.а.ә. 43-44 б.
347. Хатиб, а.а.ә. 44 б.

Уәки болса былай деген:

«Кімде-кімнің өзін нәпсілік қалаулардан алшақтатандай дәрежеде хадистерден хабардар болуы ол үшін үлкен табыс».[348]

Ахмет ибн Синан мына бір оқиғаны жеткізеді:

«Уәлид әл-Кәрабиси маған нағашы болып келетін. Ол дүние салар алдын ұлдарына, «Сендер кәлам білімін менен артық білетін адамды танисыңдар ма?» деп сұрады. Ұлдары «Жоқ, танымаймыз», деді. Кәрабиси сөзін жалғастырып, «Жарайды, мен жайлы жаман ойлайсыңдар ма?» деп сұрады. Ұлдары «жоқ» деді. Кәрабиси «Олай болса сендерге өсиет айтсам қабылдайсыңдар ма?» деді. Ұлдары «Әрине, қабылдаймыз» дегенде, Кәрабиси «Сендер хадисші ғалымдарға еріңдер. Өйткені мен, әрдайым олардың шындыққа сай жүргендерін көрдім» деді».[349]

Ахмет ибн Ханбал Қатаданың мына сөзін риуаят еткен:

«Уаллаһи, кімде-кім Елшінің сүннетінен бет бұрса міндетті түрде құрып кетеді. Сендерге сүннетпен жүріп, бидғаттардан сақтануды әрі фиқһты үйреніп, күмәнді нәрселерден алшақ жүруді өсиет етемін».[350]

Хаким Абдуррахман ибн Әбзаның мына сөзін риуаят еткен:

«Мұсылмандар хазірет Османға қарсы шыққанда Убәй ибн Қағбтан, мына бүліктен қалай құтыла алатындығымызды сұрадым. Ол былай жауап берді:

«Аллаһтың кітабы мен Елшісінің сүннеті арқылы құтыла аламыз. Кітап пен сүннеттің ашық әрі түсінікті сөздерімен амал етіңдер. Түсіне алмаған мәселелеріңді ғалымдардан сұраңдар».[351]

348. Хатиб, а.а.ә. 6 б.
349. Хатиб, а.а.ә. 56 б; Тариху Бағдад XIII, 441.
350. Ахмет ибн Ханбал, Зүһд.
351. Хаикм, әл-Мүстадрак III, 303.

Тағы да Хакимнің риуаятына қарағанда Али ибн Әбу Талиб (р.а.) былай деген:

«Кейбір адамдар ибн Мәсғудқа келіп, оны мақтай бастады. Мен де олардың сөздерін артығымен құптадым. Олардың сөзіне қосымша оның, Құранды ең жақсы оқитын, адал дегенін адал, арам дегенін арам деп қабылдайтын, фиқһ пен сүннетті білетіндігін де айттым».[352]

Әбу Һұрайра (р.а.) Расулуллаһтың (с.а.у.) былай деп айтқанын риуаят еткен:

«Аллаһ Тағала Ғифар қауымына кешірім берсін, Әслам қауымын қорғасын. Мұны мен айтып тұрған жоқпын, Аллаһтың әмірі екендігін біліп қойыңдар».[353]

СОПЫЛАРДЫҢ СҮННЕТПЕН ЖҮРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Зұннун әл-Мысри (ө. 245/859) былай деген:

«Аллаһты жақсы көрудің белгісі, Оның Елшісінің ахлақына, әрекеттеріне, әмірі мен сүннетіне сай жүру».[354]

Әбу Сүлеймен әд-Дарани (ө. 215/830) де «Сопыларға тән бір жайт, менің жүрегімді көбінесе қатты мазалайды. Алайда екі әділ куәгер болып саналатын кітап пен сүннет арқылы куәлік етпейінше оны қабылдай алмаймын» деген.[355]

Ахмет ибн Әбил-Хауари, (ө. 230/844) болса, «Кімде-кім сүннетке қарамай амал істейтін болса, ол амалы босқа кетеді» деген.[356]

Әбу Хафм Омар ибн Салим әл-Хаддадтың (ө. 270/863) былай деп айтқаны риуаят етілген:

352. Хаким, а.а.ә. III, 310.
353. Бұхари, Мәнақиб, 6; Мүслим, Фәдайлус-сахабә 46; Табарани, әл-Әусат II, 89; Хаким, а.а.ә. IY, 82.
354. Кушейри, Кушейри Рисалеси (аударған. Сүлеймен Ұлыдаг), 80 б.
355. Кушейри, а.а.ә. 94 б.
356. Кушейри, әр-Рисалә 410 б.

«Әрдайым амал-әрекетін Құран мен сүннеттің өлшеміне салмаған әрі көңілінен өткендерді тексермегендерді адам деп есептемеңдер».[357]

Жүнейд (ө. 297/909), «Расулуллаһтың (с.а.у.) ізімен жүргендерден басқаларға барша жолдар жабық. Құран жаттамаған әрі хадис жазып үйренбегендердің артынан еруге болмайды. Біздің тариқат жайлы түсінігіміз, кітап пен сүннеттің өлшеміне сай келеді. Бұл жолымыз, Расулуллаһтың сүннетімен мәртебелі» деген.[358]

Әбу Осман әл-Хири (ө. 298/910) болса былай деген:

«Аллаһ Тағаламен сұхбаттасудың жолы, Аллаһтан қорқу әрі Оның бақылауында екендігін білу арқылы» Расулуллаһпен (с.а.у.) сұхбаттасу, оның сүннетіне әрі білімнің сыртқы көрінісе қарай амал ету арқылы мүмкін болмақ. Кімде-кім сөзі мен әрекеттерін сүннеттің әміріне сай қылатын болса, аузынан хикметті сөз шығады. Кімде-кім нәпсінің айдауына ерсе, сүннетке қайшы келетін (бидғат) сөздер сөйлейді. Аллаһ Тағала Құранда: **«Ал егер Пайғамбарға бой ұсынсаңдар, тура жол табасыңдар»**,[359] деп бұйырған.[360]

Әбу Осман дүниеден өтер кезінде, ұлы Әбу Бәкір қатты қайғырып көйлегін жыртып тастады. Осы кезде әкесі көзін ашып, ұлына: «Мына әрекетің, сырттай қарағанда сүннетке қайшы келеді. Ал ішкі жағынан риякерліктің белгісі» деді.[361]

Әбул-Фәуарис Шаһ ибн Шужа әл-Кирмани (ө. 270/883) былай деген:

«Көзін арамнан сақтаған, нәпсісін шаһуаттан қорғаған, ішкі дүниесін үнемі бақылаудан өткізіп, сыртын сүннетке

357. Кушейри, Кушейри Рисалеси, 99 б.
358. Кушейри, а.а.ә. 104 б.
359. Нұр сүресі, 54-аят.
360. Кушейри, а.а.ә. 106 б.
361. Кушейри, а.а.ә. 106 б.

сай қылған адам, һәм бір жағынан адал тамақ жеуді әдетке айналдырған болса, көрегенділігі оны қателіктен қорғайды».[362]

Әбул-Аббас Ахмет ибн Сәһл ибн Ата әл-Әдәми (ө. 309/921); «Кімде-кім нәпсісін сүннеттің әдебімен жүргізсе, Аллаһ Тағала оның жүрегін мағрифат нұрымен нұрландырады. Хабибуллаһтың барша амал-әрекеттеріне сай амал етуден асқан мақам жоқ» деген.[363]

Әбу Хамза әл-Бағдадидің (ө. 289/901) былай деп айтқаны риуаят етілген:

«Кімде-кім хақ жолын білсе, оған кіруі оңай болады. Хақ жолды білу, тек қана Расулуллаһтың (с.а.у.) сөздеріне, амал-әрекеттеріне сай жүру арқылы мүмкін болмақ».[364]

Әбу Исхақ Ибраһим ибн Дәуіт әр-Рақки, (ө. ?)[365] «Аллаһ Тағаланы жақсы көрудің белгісі, Оған мойынсұнуды барша нәрседен жоғары тұту әрі Елшісінің ізімен жүру», дейді.[366]

Әбу Бәкір әт-Тамәстани (ө. 340/951), «Жол өте ашық. Кітап пен сүннет алдымызда тұр. Расулуллаһқа жолдас болып, онымен бірге һижрет еткендіктері үшін сахабаның дәрежесі де белгілі. Кімде-кім осы кітап пен сүннетке дос болып, нәпсінен әрі халықтан алшақтап, жүрегімен Аллаһқа һижрет ететін болса, сөзі мен өзі түзеліп, амалдары реттеледі»,[367] деген.

Сопылардың бірі Әбул-Қасым ән-Насрабади (ө. 367/977) болса былай деген:

«Сопылықтың негізі, кітап пен сүннетке берік болу, бос нәрселер мен бидғаттарды тәрк ету, шейхтарға құрмет

---

362. Кушейри, а.а.ә. 112 б.
363. Кушейри, а.а.ә. 116 б.
364. Кушейри, а.а.ә. 118 б.
365. Баспадағы нұсқада, «әд-Дукки» деп келген. (аудармашы).
366. Кушейри, а.а.ә. 120 б.
367. Кушейри, а.а.ә. 13 б.

көрсету, халықтың қажеттіліктерін өтеу, үнемі Аллаһты зікір ету, рұқсаттармен амал етуден алшақтап, мүмкін емес нәрселерге жорамал жасаудан сақтану».[368]

Хаууас (ө. 291/903) сабырға былай деп анықтама берген; «кітап пен сүннеттің үкімдерімен жүру».[369] Ал Сәһл ибн Абдуллаһ (ө. 273/886 немесе 283/896) игілік дегенімізді, «сүннетпен жүру»[370] деп түсіндірген.

Әбу Али әд-Дәққақ (ө. 406/1015) мынадай бір оқиғаны айтып береді:

«Әбу Язид әл-Бистами (ө. 234/848 немесе 261/874), әулие екен деп жүрген бір адамға жолығу үшін жолға шығады. Әулиенің мешітіне барғанда отырып күте бастайды. Күткен әулиесі келеді. Оның мешітте қақырып түкіргенін көргенде Әбу Язид оған сәлем де бермей, дереу орнынан тұрып кетіп қалады. «Расулуллаһтың (с.а.у.) әдебін дұрыс орындай алмай жүрген адамға, хақтың сырлары жайында қалай сенім артуға болады?» деген тоқтамға келеді.[371]

Әбу Хафсаның айтуы бойынша, тәуәссул етудің ең дұрыс жолы – құлдың үнемі Аллаһқа мұқтаждығын білуі, барша амалдарын сүннетке сай қылып, адал жолмен рызық-несібесін іздеуі арқылы мүмкін болмақ.[372]

Әбу Нуайым Сәһл ибн Абдуллаһтың былай деп айтқанын риуаят етеді: «(Тариқат жолында жүретін) біздердің алты ұстанымымыз бар: Аллаһ Тағаланың кітабынан берік ұстану, Расулуллаһтың (с.а.у.) сүннетімен жүру, адал рызық, жапа шектіруден сақтану, күнәлардан сақтану, өзгелердің ақысын жемеу. Кімде-кім Елшіге еретін болса, оның жүрегі басқа

368. Кушейри, а.а.ә. 235 б.
369. Кушейри, а.а.ә. 279 б.
370. Кушейри, а.а.ә. 326 б.
371. Кушейри, а.а.ә. 92 б.
372. Кушейри, а.а.ә. 382 б.

нәрселерді қаламайды».[373]

Әд-Динәуәри (ө. 298/910)[374] «әл-Мүжәләсә» атты кітабында, Рафизилердің пайда болуы жайында Абдуррахман ибн Абдуллаһтан (ө. 79/695) алған мына бір мәліметті берген:

«Бір топ діннен безгендер жиналып, мұсылмандардың пайғамбарларын (с.а.у.) жамандайық деген ұйғарым жасады. Алайда топтың басшысы, олар өлтіріп тастауы мүмкін деген қорқынышпен бұған қарсы шықты. Одан да пайғамбардың достарын жамандап, «көршіңе қиянат жасағың келсе итін ұр да қаш» деп сахабаларды балағаттауды жөн көрді. Мұны барлығы құптап, «Алиден басқалардың барлығы тозақтық. Негізінде шын пайғамбар Али еді; бірақ Жәбірейіл қателесіп уахиді Мұхаммедке әкелді» деп шықты».

Бұхари, әт-Тарих атты еңбегінде ибн Мәсғудтың (р.а.) мына сөзін риуаят етеді: «Аллаһ Тағала хазірет Нұхты (а.с.) пайғамбар етіп жіберді. Оның қауымын діннен безгендер жойып жіберді. Сосын пайғамбарлар бірінен кейін бірі келді. Аллаһтың атымен ант етемін! Мына үмбетті тағы да сол діннен безгендер құртады».[375]

РАФИЗИЛІКТІҢ ТАРМАҚТАРЫ

Діндер мен мәзхабтарға байланысты кітап жазған бір жазушының Рафизилікті 12 топқа бөлгендігін көрдім:[376]

1- Аләуия: Автор, бұлардың «Али пайғамбар» дейтінін

373. Әбу Нуайым, а.а.ә. X, 190.

374. Әбу Бәкір Ахмет ибн Мәруан ибн Мұхаммед (қараңыз. әл-Қаттани, әр-Рисаләтул-мустатрафә 53 б).

375. Бұхари, әт-Тарихул-Кәбир II, 235.

376. Суютидің мұнда көрсеткен еңбегін іздеп таба алмадық. Енді бір жағынан осы еңбекте айтылған Рафизи ағымдарының көзқарастары, аттары, сандары мен ерекшеліктері жағынан Мәзхабтар тарихына байланысты жазылған кітаптардағы мәліметтерге дәл келмейді. Сондықтан Суютидің берген осы мәліметтер зерттеуді талап етеді. (Аудармашы.)

әрі азандарында «Әшһәду әннә Алиян Расулуллаһ/куәлік беремін Али Аллаһтың елшісі» сөзін қолданатынын айтқан.[377]

2- Әмрия: Пайғамбарлық хазірет пайғамбар мен хазірет Алидің арасында ортақ екендігін қолдайды.[378]

3- Шайя: Хазірет Али Расулуллаһтың (с.а.у.) қамқоршысы әрі досы болғанын, сахабалар болса Расулуллаһтың (с.а.у.) өсиетіне құлақ аспай хазірет Алиге қол бермей қарсы шыққанын, осылайша Аллаһтың және Пайғамбардың әмірін тәрк еткендігін айтып, жалған сөйлейді.[379] Осылай деп айтқандарға Аллаһтың қарғысы болсын, сахабалардан Аллаһ разы болсын.

Осы кітаптың басында айтып өткен екінші ағым, осылар. Әбу Ханифа бұлар жайлы былай деген:

«Бұл ағымның сахабаларды адасқан деп есептеп, олардың риуаят еткен хадистерін қабылдамауы, Құранды да қабылдамағандыққа жатады. Өйткені бізге хадистерді жеткізгендер, Құранды да жеткізген. Егер Құранды қабылдайтын болса, хадистерді де қабыл етулері керек. Себебі екеуі де сол рауилер тобынан бізге жеткен».

---

377. Бұл ағымды қазіргі таңдағы Аләуиялықпен шатастырып алмау керек. Біздің көз жеткізгенімізше автор Суютидің айтып өткеніндей осы көзқарастарды ұстанатын әрі Аләуия деп аталатын бұл ағым Мәзхабтар тарихы еңбектерінде де жазылған. Сонымен қатар осы көзқарастармен Гурабия/Карғашылар деп аталатын әрі ИСЛАМНАН ТЫС АҒЫМДАР АРАСЫНА кіретін бір топтың көзқарастары өте сәйкес келеді. (Қараңыз: Бағдади, әл-Фарқ, 211, 230-231 б; Шәһристани, әл-Милəл уән-ниһал I, 174; Кутлуай, Тарихтен гүнумизге Ислам мәзхабтары 117 б.) (аудармашы.)

378. Бұл ағым аудармадағы негізгі нұсқада «Үмәуия» деп айтылғаны қате болуы керек. Өйткені мұндай есім тарихи тұрғыдан қарағанда ағымның жоғарыда көрсетілген көзқарастармен сәйкеспейді. Негізі Бәдр ибн Абдуллаһ әл-Бәдрдің нұсқасында айтылғаны сияқты «Әмрия» деп аталуы осы көзқарастарға сәйкес келеді. Сондықтан да «Әмрия» сөзінің, өзгеріске ұшырап «Үмәуия» деп келуі әбден мүмкін. (аудармашы)

379. Көзқарастары жағынан бұл ағымның атының «Шийя» болуы мүмкін. (аудармашы).

4- Исхақия: Пайғамбарлықтың хазірет Адамнан бастап, қияметке дейін жалғасатынын, әһлі-бәйт пен Құран білімін білетіндердің барлығы пайғамбар екендігін айтады.[380]

5- Набусия: Хазірет Әбу Бәкір мен хазірет Омарды хазірет Алиден жоғары санап, оларды кәпір дейді.[381]

6- Имамия: «Жер бетінде үнемі жасырын немесе ашық, хазірет Хұсайнның ұрпағынан келе жатқан бір имам бар. Бұл имамның ұстазы тек Жәбірейіл ғана. Өлген кезінде, орнына өзі сияқты басқа бір имам өтеді» дейді.[382]

7- Зәйдия: Намаздарда имам болу тек қана хазірет Хұсайнның балаларына/ұрпағынан келгендерге тән екендігін, олардың біреуі тұрғанда өзге біреудің арқасында тұрып намаз оқуға болмайтынын айтады.

8- Рижғия: Хазірет Али мен оның жолдастарының жер бетіне келіп дұшпандарынан кек алатынына, бұрын соңды көрінбеген кейіпте келіп дүниенің тәртібін жаңадан құратынына әрі зұлымдық жайлаған жер бетін әділдік билейтініне сенеді.

9- Лайнә: Сахабаларға қарғыс айтуды дін деп есептейді. Аллаһ Тағала оларға қарғыс етсін; сахабалардан разы болсын.

10- Сайбә: Хазірет Али тәңір дейді.[383] Аллаһ Тағала жалақорлардың жаласынан пәк. Ол аса мәртебелі, ұлық.

11- Насихия: Рухтардың көшіне, яғни адамдар өлгеннен кейін рухтардың басқа тәнге өтетіндігін айтады.

12- Мүтәраббиса: Әр дәуірде басшы деп таңдаған «мәһди» деген адамның келетінін айтып, оған ермегендер кәпір болады дейді.

Әбу Фадыл ибн Насырдың ұстазы мен осы мәліметтерді

380. Шәһристани, а.а.ә. I, 188-189.
381. Шәһристани, а.а.ә. I, 164-167.
382. Шәһристани, а.а.ә. I, 162-165.
383. «Сәбәбия» болуы керек. Қараңыз., Шәһристани, а.а.ә. I, 154-157.

алған еңбектің жазушысы, әр ағымның көзқарастарын жеке-жеке қарастырып, кітап пен сүннеттің аясында егжей-тегжейлі жауаптар беріп оларды жоққа шығарған. Сосын Әбу Сайд әл-Хұдриден (р.а.) мына сөзді риуаят еткен:

«Расулуллаһтың (с.а.у.) сахабалары көзге ұқсайды; көздің дәрісі, оған тимеу керек».

Ибн Уәһб былай деген:

«Мәлік ибн Әнәстің қасында сүннетті талқылап жатқан болатынбыз. Мәлік, «Сүннет Нұхтың (а.с.) кемесіне ұқсайды; оған мінген адам құтылады, мінбеген адам суға батып, тұншығады» деді».

Кітаптың басында Шафиден алған сөзді, Әбу Нуайым, Хумейдиден былайша келтіреді:

«Мысырда жүрген едім. Мұхаммед ибн Ыдрыс әш-Шафи, Расулуллаһтың (с.а.у.) бір хадисін риуаят етті. Бір адам: «Ей, Әбу Абдиллаһ! Сен мына хадисті қабыл етесің бе?» деп сұрағанда, Шафи: «Сен мені Христиан деп ойлап тұрмысың? Әлде сен менің шіркеуден шыққанымды яки беліме зүннар тағып жүргенімді көрдің бе? Расулуллаһтың хадисі тұрғанда, менің көзқарасымның қандай маңызы бар» деп қарсылық білдіреді.[384]

Раби ибн Сүлеймен айтады: «Бір адам Шафиден бір хадис жайлы сұрады. Шафи, хадистің сахих екендігін айтса да әлгі: «Сен қалай ойлайсың?» дегенде Шафи қатты ашуланып: «Елшіден хадис риуаят етіп, өзім оған қарсы шығатын болсам, мен қандай аспан күмбезінің астында көлеңкелеймін, қандай жерді panaлаймын?» деп жауап қатты».[385]

Тағы да Раби ибн Сүлейменнен алынған риуаятқа қарағанда Шафи, бір хадис айтады. Бір адам: «Сен мұны

384. Әбу Нуайым, а.а.ә. IX, 107.
385. Әбу Нуайым, а.а.ә. IX, 106.

қабылдайсың ба?» деп сұрады. Сонда Шафи: «Куә болыңдар! Менің сахих деп қабылдаған Расулуллаһтың хадисін алмайтын болсам, мені ақымақ деп біліңдер!» дейді.[386]

Ибнул-Уәлид ибн Әбил-Жарүд, Шафидің мына сөзін жеткізеді:

«Расулуллаһтан (с.а.у.) сахих деп риуаят етілген бір хадис бола тұра мен басқа бір көзқарас айтқан болсам, дереу көзқарасымнан бастартып, хадиске жүгінемін».[387]

Зағфәранидің риуаятына қарағанда, тағы да Шафи «Расулуллаһтың (с.а.у.) бір сүннетін көргенде дереу оған жүгініңдер, өзгелердің сөзіне мән беруші болмаңдар» деген.[388]

Кітап осы жерден бітеді. Аллаһ барлық нәрсені жақсы біледі.

386. Әбу Нуайым, а.а.ә. IX, 106.
387. Әбу Нуайым, а.а.ә. IX, 107.
388. Әбу Нуайым, а.а.ә. IX, 107.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдурраззақ, Әбу Бәкір Абдурраззақ б. Хаммам әс-Санани, әл-Мусаннаф (ншр. Хабибуррахман әл-Азами) I, XI, Бәйрут, 1390-1970.

2. Ажлуни, Исмайыл б. Мұхаммед, Кәшфул-хафа уә музилул-илбас аммештәһәра минәл-әһадис ала әлсинетин-нас (ншр, Ахмет Калаш) I-II.

3. Ахмет б. Ханбал, Әбу Абдиллаһ, әл-Мүснад I-YI, Стамбул 1982.

4. Амиди, Сәйфеддин Әбул-Хасан, Али б. Әби Али, әл-Иһкам фи усулил-ахкам I-IY, Бәйрут, 1405/1985.

5. Бәйхақи, Әбу Бәкір Ахмет б. әл-Хұсайын б. Али, әс-Сүненул-кубра I-X, Хайдарабад, 1344/1925.

6. Дәлаилун-нүбууә уә марифәти ахуали Сахибиш-шәрия (ншр. Абдулмути Калажы), I-YII, Бәйрут 1405/1985.

7. Марифәтус-сүнән уәл-асар (ншр. Абдулмути Емин Калажы), I, XY, Қаһирә, 1412/1991.

8. Әл-Мәдхал иләс-Сүнәнил-кубра (ншр. Мұхаммед Зияуррахман әл-Азами), Кувейт, тс.

9. Әл-Әсма уәс-сифат (ншр. Мұхаммед Заһид әл-Кәусари), Бәйрут тс.

10. Бағдади, Абдулқаһир ибн Таһир, әл-Фарқ бәйнәл-фирақ (трж. Етһем р. фиғлали), Стамбул 1979.

11. Әт-Тарихул-кәбир I-YIII, Бәйрут 1407/1986.

12. Дарәқутни, Әбул-Хасан Али б. Омар, әс-Сүнән (ншр. Абдуллаһ Хашим әл-Ямани), I-IY, Бәйрут, тс.

13. Дарими, Әбу Мұхаммед Абдуллаһ б. Абдиррахман, әс-Сүнән, I-II, Бәйрут, тс.

14. Әбу Ауанә, Якуб б. Исхақ әл-Исфәрани, әл-Мүснәд, I-II, Бәйрут.

15. Әбу Дәуіт, Сүлеймен б. әл-Әшас әс-Сижистани, әс-Сүнән (ншр. Мұхаммед Муһюддин Абдулхамид), I-IY, Бәйрут.

16. Әбу Нұғайым, Ахмет б. Абдиллаһ әл-Исбахани, Хиләтул-әулия уә табақатул-асфия I-X, Мысыр 1394-1974.

17. Әбу Убәйд, Қасым б. Сәллам, әл-Әмуал (тһк. Хүсейін Сәлим Әсад), I-XIY, Бәйрут, 1409/1989.

18. Әлбани, Мұхаммед Насируддин, Силсиләтул-әһадисид-дайфе уәл-мәудуа уә әсаруһас-сәйю фил-уммә, I-IY, Рияд, 1408/1987.

19. Фәсәуи, Әбу Юсуф Якуб б. Суфян, Китабул-марифа уәт-тарих (тһк. Әкрам Зия әл-Умәри), I-IY, Мәдина, 1410/-1990.

20. Хазими, Әбу Бәкір Мұхаммед б. Мұса әл-Хәмдани, әл-Итибар фин-насих уәл-мәнсух минәл-асар (ншр. Абдулмути Әмин Калажы), Каһира 1403/1982.

21. Әл-Жамилиғи ахлакир-рауи уә адабис-самиғ (ншр. Махмуд әт-Таһһан), I-II, Рияд 1404/1983.

22. Әр-Риһлә фи талабил-хадис (тһк. Нуреддин лтр), Бәйрут 1385/1975.

23. Шәрәфу асхабил-хадис (ншр. Мехмет Сайд Хатибоғлы), Анкара 1971.

24. Тақидул-илм (ншр. Юсуф әл-Аш), Бәйрут 1974.

25. Әл-Факих уәл-мутәуаққиһ (ншр. Исмайыл әл-Әнсари), I-II, Бәйрут, 1980.

26. Тариху Бағдад, I-XIY (зәйлләриле берге), Бәйрут.

27. Хаким, Әбу Абдиллаһ Мұхаммед б. Абдиллаһ ән-Нисабури, әл-Мүстадрак аләс-Сахихайн I-IY, Бәйрут.

28. Мағрифату улумил-хадис, Бәйрут 1397/1977.

29. Хамәуи, Әбу Абдиллаһ Якут б. Абдиллаһ әл-Бағдади, Муғжәмул-булдан I-Y, Бәйрут, 1399/1979.

30. Хәрәуи, Абдуллаһ б. Мұхаммед, Зәммул-кәлам уә әһлиһ I-IY, Мәдина 1998.

31. Хәйсами, Нуреддин Али б. Әби Бәкір, Мәжмауз-зәуайд уә мәнбаул-фәуайд I-X, Бәйрут, 1387/1967.

32. Кәшфул-әстар ан зәуайдил-Бәззар ала Кутубис-ситте (ншр. Хабибуррахман әл-Азами), I, II, Бәйрут, 1399/-1979.

33. Хумәйди, Әбу Бәкір Абдуллаһ б. әз-Зүбәйір, әл-Мүснад (ншр. Хабибуррахман әл-Азами), I, II, Бәйрут, 1409-1988.

34. Ибн Абдилбәрр, Жамиғу бәянул-илми уә фадлиһ уәма янбағди фир-риуаятиһи уә хамлиһ (ншр. Абдулкәрим әл-Хатиб), Қаһира, 1402/1982.

35. Ибн Ади, Әбу Ахмет Абдуллаһ б. Ади әл-Журжани, әл-Камил фид-дуафа I-YII, Бәйрут, 1409/1988.

36. Ибн Хажәр, Әбул-Фадл Шиһабәддин Ахмет б. Али б. Хәр әл-Аскалани, Тәһзибут-Тәһзиб, I-XII, Хайдарабад 1325/-1907.

37. Әл-Мәталибул-алия би зәуайдил-Мәснаидис-сәмания (ншр. Хабибуррахман әл-Азами), I, IY, яс.

38. Ибн Хазым, Әбу Мұхаммед Али б. Ахмет әл-Әндәлуси, әл-Иһкам фи усулил-ахкам, I-YIII, Қаһира, 1404/1984.

39. Ибн Хиббан, Әбу Хатим Мұхаммед б. Хиббан әл-Бусти, әс-Сахих (ншр. Кемал Юсуф әл-Хут), I-IX, Бәйрут 1407/-1987.

40. Әл-Мәжруһин минәл-Мухаддисин уәд-дуафа уәл-мәтрукин, I-III, Халеб 1396/1976.

41. Ибн Хузәйме, Әбу Бәкір Мұхаммед б. Исхақ, Сахих (ншр. Мұхаммед Мустафа әл-Азами), 1395/1975.

42. Ибн Мәжә, Әбу Абдиллаһ Мұхаммед б. Язид әл-Казвини, әс-Сүнән (ншр. Мұхаммед Фуад Абдулбаки), I-II, Стамбул.

43. Ибн Рәжәб, Зәйнеддин Абдуррахман б. Ахмет б. Рәжәб әл-Ханбели, Шәрху Иләт-Тирмизи, (ншр. Субһи әс-Самәрай), Бәйрут 1405/1985.

44. Ибн Сағд, Мұхаммед б. Сад, әт-Табақаул-кубра I-IX, Бәйрут, тс.

45. Ибн Әби Шәйбе, Абдуллаһ б. Мұхаммед, әл-Мусаннәф фил-әхадис уәл-асар (ншр. Сайд Мұхаммед әл-Ләһһам), I-IX, Бәйрут 1409/1988.

46. Ибнул-Жәузи, Әбул-Фәрәж Абдуррахман б. Али, Китабул-мәузуат I-III, Қаһира 1407/1986.

47. Ибнус-Салах, Әбу Омар Осман б. Абдиррахман әш-Шәһризури, Мұқаддимәту ибнис-Салах, Қаһира, тс.

48. Қады Ияд, ибн Муса әл-Яһсуби, әл-Илма ила марифәти усулир-Риуая уә такиядис-сәма (ншр. Сәйид Ахмет Сакр), Қаһира тс.

49. Қари, Әбул-Хасен Нуреддин Али б. Султан әл-Хәрәуи, Мирқатул-мәфәтих шәрһу Мишкатил-мәсабих, I-Y, яс., тс.

50. Қаттани, Мұхаммед б. Жағфәр, әр-Рисаләтул-мустатрафә, Стамбул 1986.

51. Кушәйри, Кушәйри Рисалеси (ауд. Сүлеймен Улудағ), Стамбул 1978.

52. Әр-Рисаләтул-Кушәйрия (ншр. Маһфуз Зурайк-Али Абдулхамид Билтажи), Бәйрут, 1412/1991.

53. Кутлуай, Яшар, Тарихте уә Гунумузде Ислам Мәзхаблери, Анкара, 1968.

54. Лалекай, Әбул-Касым Хибәтуллаһ б. әл-Хасән, Шәрһу усули итикади Әһлис-сүннә уәл-жәмаға (ншр. Ахмет б. Сад Хамдан әл-Гамиди), I-IX, Рияд 1994.

55. Малик б. Әнәс, әл-Муатта (ншр. Мұхаммед Фуад Абдулбаки), Мысыр, тс.

56. Мүслим, Әбул-Хүсайн Мүслим б. Хажжаж әл-Кушәйри, әс-Сахиз (ншр. Мұхаммед Фуад Абдулбаки), I-Y,

Бәйрут.
57. Муттақи, Али әл-Муттаки әл-Хинди, Кәнзул-уммал фи сүнәнил-ақуал уәл-әфал I-XYIII, Бәйрут, 1414/1993.
58. Нәсай, Әбу Абдиррахман Ахмет б. Шуайб б. Али, әс-Сүнән I-YIII, Бәйрут.
59. Рамәһурмизи, Хасен б. Абдиррахман, әл-Мухаддисул-фасл бәйнәр-рауи уәл-уағй (ншр. Мұхаммед Ажжаж әл-Хатиб), Бәйрут, 1404/1984.
60. Саати, Ахмет Абдуррахман әл-Бәнна, Минхатул-Мабуд фи тәртиби Муснадит-Таяалиси Әби Дәуіт I-II, Бәйрут, 1400/1985.
61. Сайд б. Мансур, ибн Шубә әл-Хорасани әл-Мекки, Сүнән (ншр. Хабибуррахман әл-Азами), I, II, Бәйрут, 1405.
62. Субки, Тажеддин Абдулуәһһаб б. Али әс-Субки, Табақатуш-Шафиятил-кубра (ншр. Маһмут Мұхаммед әт-Танахи-Абдулфәттах Мұхаммед әл-Хулв), I-X, Қаһира 1399/1979.
63. Әл-Умм, I-YII, Қаһира 1307/1987.
64. Жимаул-илм (һк. Мұхаммед Ахмет Абдулазиз), Бәйрут.
65. Шатиби, Әбу Исхақ Ибрахим б. Муса б. Мұхаммед әл-Гирнати, әл-Иғтисам (ншр. Ахмет Абдуш-Шафи), I-II, Бәйрут, 1408/1988.
66. Шәһристани, Әбул-Фәтх Мұхаммед б. Абдилкәрим б. Әби Бәкір, әл-Миләл уән-Ниһал (ншр. Мұхаммед Сәйд Кәйуани), I-II, Бәйрут, 1395/1975.
67. Табарани, Сүлеймен б. Ахмет б. Әюб, әл-Мужәмул-кәбир (ншр. Хамди Абдулмәжид әс-Силафи), I-XXY (ексик), Мусул 1984.
68. Әл-Муғжәмул-әусат (ншр. Маһмут әт-Таһһан), I-XI, Рияд, 1415/1995.
69. Әл-Муғжәмус-сағир I-II, Бәйрут 1403/1983.
70. Табари, Әбу Жағфар Мұхаммед б. Жәрир, Жамиғул-

Баян ан тәуили айил-Құран I-XXX, Мысыр 1388/1968.

71. Тахауи, Әбу Жағфар Ахмет б. Мұхаммед, Шәрһу мушкилул-асар (ншр. Мұхаммед Зүһри ән-Нәжжар), I-YI, Бәйрут 1407/1987.

72. Тирмизи, Әбу Иса Мұхаммед б. Иса, әс-Сүнән (ншр. Ахмет Мұхаммед Шакир), I-Y, Бәйрут, тс.


73. Укайли, Әбу Жағфар Мұхаммед б. Амр б. Муса, Китабуд-дуафаил-Кәбир (ншр. Абдулмути Емин Калажы), I-IY, Бәйрут 1404/11984.

74. Зәбиди, Мұхаммед Муртаза әл-Хүсайни, Итхафус-садәтил-муттәқин I-XIY ғ. Бәйрут, 1410/1989.

75. Зәһәби, Шәмсиддин Әбу Абдиллаһ Мұхаммед б. Ахмет, Сияру аламин-нубәла (ншр. Шуаяб Арнаут), I-XXXY (Мазмұнымен бірге), Бәйрут, 1405/1985.

МАЗМҰНЫ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ



ОРЫС ТІЛІНДЕГІ КІТАПТАРЫМЫЗ



Сүннеттің діндегі орны

Суюти

Бас редактор: Батыржан МАНСҰРОВ
Сарапшы редактор: Саясат КӨКЕНАЙ
Қазақ тіліне тәржімалаған: Файзулла ТАЙТЕЛИЕВ
Компьютерлік теру: Нұрбол ШАЙҚЫҰЛЫ
Көркемдеуші: Жандар РАШИТҰЛЫ

«Хикмет» баспа үйі ЖШС
Алматы қаласы, Мамыр-4, №167
Байланыс тел.: 8 (727) 255-63-57, 255-63-41

«DOSTAR media group» баспаханасында басылды